

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ
«ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ» РБҚ
ҚАЙНАР АКАДЕМИЯСЫ**

**«ҚАЗІРГІ ЭТНОПСИХОЛОГИЯНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ:
ТАРИХЫ, ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ» тақырыбындағы
ҚазҰЖҒА академигі, психология ғылымдарының докторы, профессор
Жақынов Сатыбалды Мұқатайұлының
туған күніне орай ұйымдастырылған
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
материалдары**

15 мамыр 2019 жыл

Материалы
**МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ на тему «СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ
РАЗВИТИЯ ЭТНОПСИХОЛОГИИ: ИСТОРИЯ, СОСТОЯНИЕ И
ПЕРСПЕКТИВЫ» посвященной ко дню рождения доктора
психологических наук, академика КазНАЕН, профессора
Джакупова Сатыбалды Мукатаевича**

15 мая 2019 года

Materials
**of the INTERNATIONAL SCIENTIFIC-METHODICAL
CONFERENCE on the topic “MODERN TRENDS OF
ETHNOPSYCHOLOGY DEVELOPMENT: HISTORY, STATUS AND
PERSPECTIVES” devoted to the birthday of the doctor of psychological
sciences, academician KazNAEN, professor
Dzhakupov Satybaldy Mukatayevich**

15 may, 2019

Алматы, 2019

УДК 740
ББК 6/8. 88

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Перленбетов М.Ә., *психология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ психологиялық қоғамының президенті*

Көмекбаева Л.К. – *психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қайнар академиясы, психология, педагогика және әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі*

Омарова С.Б. – *педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қайнар академиясы, Халықаралық қатынастар және серіктестіктер жөніндегі проректоры*

Уақпаева У.А. - *психология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Федорович О.В. - *психология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Жауапты редактор:

Еркинбекова М.А. - *психология ғылымдарының кандидаты, доцент*

ТОО «Издательский дом Таймас»
город Алматы
ул. Шарипова 90
офис 206
тел.: 7 7771813996
Taimas_id@mail.ru

ISSN 2226-1052

«Қазіргі этнопсихологияның даму тенденциялары: тарихы, жағдайы және болашағы» тақырыбындағы ҚазҰЖҒА академигі, психология ғылымдарының докторы, профессор Жақыпов Сатыбалды Мұқатайұлының туған күніне орай ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары//Материалы международной научно-методической конференции на тему «Современные тенденции развития этнопсихологии: история, состояние и перспективы» посвященной ко дню рождения доктора психологических наук, академика КазНАЕН, профессора Джакупова Сатыбалды Мукатаевича. – Алматы, 2019г. – 305 с.

МАЗМҰНЫ	
ТОҚСАНБАЕВА Н.Қ. - ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ - ҮЛКЕН МЕКТЕП	6
УАҚПАЕВА Ү.А. - ҒАЛЫМНЫҢ МАҒЫНАҒА ТОЛЫ СҰХБАТЫ	8
СЕЙІТНҮР Ж.С., ЖҮРШЫМАН Н.О. - «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ (1940-2014) ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ	14
КУНАНБАЕВА М.Н. - СТАНОВЛЕНИЕ НРАВСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ ЛИЧНОСТИ В СВЕТЕ СОВМЕСТНО-ДИАЛОГИЧЕСКОЙ КОНЦЕПЦИИ С.М. ДЖАКУПОВА	18
ЕРЖАН А., ДАВЛЕТОВА А.А. - ПРОФЕССОР С.М.ЖАҚЫПОВТЫҢ ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	22
TONY WHITE - A TRANSACTIONAL ANALYSIS PERSPECTIVE ON SUICIDE RISK ASSESSMENT	25
ЛЕОНОВ Н.И. - ЭТНОМЕДИАЦИЯ: ОБЩЕЕ И СПЕЦИФИЧЕСКОЕ В УРЕГУЛИРОВАНИИ КОНФЛИКТОВ	28
ИСАЕВА Н.В., СЕВАЛЬНЕВА З.В., БУЛГАКОВА Е.Г. - РАБОТА С ТЕЛЕСНЫМ СЦЕНАРИЕМ С ПОМОЩЬЮ ЛЮБИМОЙ ДЕТСКОЙ СКАЗКИ	31
АКАЖАНОВА А.Т. - ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ПСИХОТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	37
YERKINBEKOVA M.A., KOMEKBAYEVA L.K., TAIMANOVA A.K. - ETHNICITY AND NATIONAL CHARACTER	40
ЕРКИНБЕКОВА М.А., ДЕНЯКИНА А. - ЖАҢА ЭТНОСТЫҚ ОРТАДА БЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫ	47
МИРАЛИЕВА А.Ж., ЖАЛГАСБАЕВА Ж.К., БОЛАТОВА А.Б. - ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ	52
САТЫБАЕВА Б.М. - ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАСЫН ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАФОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕУ	54
АЛПЫСБАЕВА К. - ФАКТОРЫ, СПОСОБСТВУЮЩИЕ РАЗВИТИЮ ЗАВИСИМОГО ПОВЕДЕНИЯ	60
ШҰҒАЕВА Г.Қ., ТІЛЕКТЕСОВА Ә.Б. - АРТТЕРАПИЯНЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ МҰМКІНДІКТЕРІ	67
АБЕТОВА А. - ПОНЯТИЕ АДДИКТИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ	70
РОТМАНОВА Е. - АЛКОГОЛЬНАЯ ЗАВИСИМОСТЬ: ОПРЕДЕЛЕНИЕ, ЭТИОПАТОГЕНЕТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ, КЛИНИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ БОЛЬНЫХ	73
АДИЛОВА Э.Т. - ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАР МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	79
ЕРКИНБЕКОВА М.А., РОГАЧЕВА И.В., СМАИЛОВА З.О. - ИССЛЕДОВАНИЕ ПРИЧИН ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ ПЕДАГОГОВ	82
ЯРОВАЯ Т.А. - КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ АГРЕССИИ И АГРЕССИВНОСТИ В СОВРЕМЕННЫХ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ	85
АЯЗБЕКОВА Р.А. - ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ И ЛИЧНОСТНОЕ СТАНОВЛЕНИЕ УСПЕШНОГО ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ВУЗА	87
YERKINBEKOVA M.A., SAMETOVA F.T., TAIMANOVA A.K. - STUDY ON THE CAUSES OF OCCUPATIONAL BURNOUT OF TEACHERS	92
КЕРНИЧАНСКАЯ Е.Е. - ВЗАИМОСВЯЗЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ В ПРОДАЖАХ С УРОВНЕМ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА	95

СЕЙТҚАЛИ М. - ЖАРНАМАНЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ПСИХИКАЛЫҚ ӘСЕРІ	99
ОРАЛЫМБЕТОВА Г.У., АБУГАНИЕВА А.Н. - СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ СЕМЕЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ	102
САБИРОВА Ж.Н. - М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ -ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ	104
ЯРОВАЯ Т. - ИЗУЧЕНИЕ АГРЕССИВНОСТИ В ПСИХОЛОГИИ	107
КОСМАМБЕТОВА С.С. - ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ АДАПТАЦИИ ВОЕННОСЛУЖАЩЕГО В АРМИИ	113
KURMANALIYEV M.Y. - EFFECTIVE METHODS OF TEACHING BIOLOGY IN SECONDARY SCHOOLS	115
ГУМАРОВА Г.Б. - ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТБАСЫ АХУАЛЫНА ӘСЕРІ	119
КАДЫРЖАНОВА Ж.Е., ПЕРЛЕНБЕТОВ М.А. - ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНЫЙ КРИЗИС ЗРЕЛОГО ВОЗРАСТА МУЖЧИН И ЖЕНЩИН	123
ДАВЛЕТОВА А.А., КУАНДЫКОВА Б.Ж. - АНАЛИЗ СОВРЕМЕННЫХ ПРОГРАММ ПО ПРЕВЕНЦИИ СУИЦИДА, ПРОВОДИМЫХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	126
ДУАНАЕВА С.Е., БЕРДІБАЕВА С.К. - СТУДЕНТТІК КЕЗЕНДЕГІ СТРЕСТІҢ РОЛІ	129
САДУАХАСОВА А.Б. - СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	133
ХРИСТОФОРОВА В.К. - ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АРТ-ТЕРАПЕВТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ С ЭМОЦИОНАЛЬНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ	136
ХРИСТОФОРОВА В.К. - СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ТРЕНИНГ КАК СРЕДСТВО ПРЕОДОЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ДЕФОРМАЦИЙ ПЕДАГОГОВ	139
ШАЛХАРБЕКОВА Н.А., ЕРҒАШЕВА А.А., КОМОЛОВА К.Н. - РАСПОЗНАВАНИЕ ЭМОЦИЙ: ПРЕДУБЕЖДЕНИЯ И ИСКАЖЕНИЯ	141
БЕКПАУОВ Д. - Ж. АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ «ПСИХОЛОГИЯ» ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҒЫНАСЫ МЕН МАЗМҰНЫ	144
ШАЛАБАЕВА Г. - ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ МЕХАНИЗМЫ ПРЕСТУПНОГО ПОВЕДЕНИЯ И МОТИВЫ	151
ЕРДЕНОВА М.Б. - ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ВЫБОР В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ ПСИХОГЕНЕТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ	158
АЛИМБЕТОВ К.А. - ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ КӨРІНІСІ	165
САПАБЕКОВА З.К. - РАБОТА С ГРУППАМИ	167
БАРОЯН О.Л. - СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ АСПЕКТ ДЕЛОВОЙ КОММУНИКАЦИИ В МЕЖКУЛЬТУРНОЙ СРЕДЕ	171
БАЙМУХАНОВА Б.К., ПЕРЛЕНБЕТОВ М.А. - ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ	174
ШЕРИМБЕТОВА З.Ш. - СЕМЬЯ КАК ВЕДУЩИЙ ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ САМООЦЕНКИ ПОДРОСТКОВ	177
САГДИЕВА Ю.А. - БУДУЩЕЕ ЛОГОТЕРАПИИ. СВОБОДА БЫТЬ ЧЕЛОВЕКОМ	180
МУХАМЕТКАРИМОВА Ж.К. - НРАВСТВЕННОЕ СОЗНАНИЕ НАРОДА КАК СОЦИАЛЬНО – ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ФЕНОМЕН	185

ПАЗЫЛОВА М.Е. - ОСНОВНЫЕ МОТИВЫ В ХОДЕ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ	188
БЕЗРУКОВА (МУСИЕНКО) Е.А. - АНДРОГАГИЧЕСКОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ СИМБИОЗА ЛИТЕРАТУРЫ И ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА НА ВОССТАНОВЛЕНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ	191
МАТАЕВ Б.А. - «Я» КОНЦЕПЦИЯ В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ	194
БЕКПАУОВ Д. - ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ	198
БЕКПАУОВ Д. - «ЖАН ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ӨНЕР ТАҢДАУ» МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ	202
ДАВЛЕТОВА А.А., ЦАЙ Ю. - ИССЛЕДОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ВО ВЗАИМООТНОШЕНИЯХ МЕЖДУ УПРАВЛЯЮЩИМ И ПОДЧИНЕННЫМИ	207
KUREYEV A.R. - FEATURES OF COPING BEHAVIOR, STRESS TOLERANCE AND RESILIENCE IN HEMOPHILIA PATIENTS: BRIEF REVIEW OF THE SCIENTIFIC LITERATURE AND STUDY DESIGN	212
АБДУЛОВА С. - ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОРИЕНТАЦИИ ШКОЛЬНИКОВ В РК	214
ТУЛЕПОВА Г., АЛИЕВА С. - ЗАВИСИМОЕ ПОВЕДЕНИЕ ЛИЧНОСТИ КАК СЕРЬЕЗНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА	216
АБИШЕВА Д.Б. - КОРРЕКЦИОННАЯ РАБОТА НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ЗАВИСИМОСТЬ КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР	219
ДАНЕНОВА Ж.Н., ШУРАБЕКОВ К.С. - РЕЗУЛЬТАТЫ ЭМПИРИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ ПРИЧИН ВОЗНИКНОВЕНИЯ СУИЦИДАЛЬНЫХ ТЕНДЕНЦИЙ У ВЗРОСЛЫХ И ДЕТЕЙ	221
ШЕЙГЕР Е.С. - ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВЛИЯНИЯ СЕМАНТИЧЕСКОГО СОДЕРЖАНИЯ ОТ СИНТАКСИЧЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ЯЗЫКОВЫХ СРЕДСТВ	226
САБРАЛИЕВА Ж.Т., САТТЫБАЕВА А.Ж., САЙРАМБАЕВА Н., АҒАБЕК Л., НҰРМАНОВА Ж. - ТҰЛҒАНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	228
БАСАРОВА Г.И. - ПРОБЛЕМЫ АГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ В РАННЕМ ЮНОШЕСКОМ ВОЗРАСТЕ	231
САБРАЛИЕВА Ж.Т., БҮЙЕМБАЕВА Ш.Б., АЛИМБЕКОВА С., МАНИБЕКОВА Б., ПЕРНЕБАЕВА М. - УЧЕБНАЯ МОТИВАЦИЯ КАК ВАЖНЫЙ ФАКТОР ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА	235
КУРМАНГАЛИЕВА Д.К. - ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: МҰҒАЛІМ БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ОҢ ӘСЕРІ	236
ХУШКЕЛЬДИЕВА С.Б. - СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ДАМУЫДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ РӨЛІ	240
МУХАМЕТСЕЙТОВА А. - СОЦИОМЕТРИЯ - КОМПЛЕКС МЕТОДОВ ДЛЯ ИССЛЕДОВАНИЯ СТРУКТУРУ МЕЖЛИЧНОСТНЫХ ОТНОШЕНИЙ	246
ОМАРОВА С.Б. - НЕЙРОПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ КОРРЕКЦИЯ ШКОЛЬНОЙ НЕУСПЕВАЕМОСТИ	248
САҚТАҒАНОВ Б.К. - ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ПСИХО-ӨЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР	254
ГУСЕЙНОВА Н.Н., КОМЕКБАЕВА Л.К. - ИССЛЕДОВАНИЕ КОГНИТИВНЫХ НАРУШЕНИЙ В СИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЕ	259
ҒАББАСОВ С. - АДАМ ТӘРБИЕСІНІҢ ЖАҢА ІЛІМІ НЕМЕСЕ "РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ"ТЕХНОЛОГИЯСЫ	264
БАЛТАБАЕВА Г.С., ПЕРНЕБЕКОВА Н.О. - ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ	267

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ЖИНАҒЫ

АУТАЛИПОВА У.И. - РОЛЬ ЭТНИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В РАЗВИТИИ МЕЖЛИЧНОСТНОГО ОБЩЕНИЯ	271
ДУПЛЯКИН Е.Б. - ПСИХОЛОГИЯ СУИЦИДА И ПРЕДПОСЫЛКИ ДЕВИАЦИИ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ	274
ҒАББАСОВ С. - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ЖАҒАШАЛАУ	278
АСУБАЙ Ж., ЕРКІНБЕКОВА М.А. - МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ПЛАТФОРМАЛАРЫ	282
КАУАЗБЕКОВА Б.М. - ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	287
БЕКТАСОВА Ж. - ПРОЦЕСС АДАПТАЦИИ, ЕГО СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ	291
МОЛДАХМЕТОВА Г. - МОДЕЛИ И СИМПТОМЫ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ	295
КАУАЗБЕКОВА Б.М. - БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПСИХОЛОГТЫҢ ПЕДАГОГ ҰЖЫМЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	300

ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ - ҮЛКЕН МЕКТЕП

Н.Қ. Тоқсанбаева

психология ғылымдарының докторы, әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі әлемдегі азаматтық прогресс идеясы жалпы дүниежүзлік тұтастану мен интеграцияға алып келетін жаһандану ұстанымына тоғысып отыр. Сондықтан оның – ғаламдық мәселелерінің өзектілігі адамзаттың моралдық және гуманистік принциптерге орайласуы арқылы психологиялық құрылымын ашады. Адамзат қоғамның даму тарихындағы әлеуметтік тұрмысында материалдық және рухани екі негізгі жүйеге бөлінеді. Мұнда психолог мамандықтың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол өте күрделі және сан қырлы. Психология мамандық иесі адамнан ең алдымен терең және жан-жақты ғылыми білімді болуын: мықты ерік қасиеттерді, адамгершілікпен ұстамдылықты талап етеді. Сондықтан психология өзінің ерекше табиғатында жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді біріктіріп қарастырады.

«Психология» сөзімен біз психикалық құбылыстардың, адамның бойындағы қасиеттері мен күйлерін және кәсіби, жеке, шығармашылық тағы басқа жалпы қызығушылықтардың төңірегінде пайда болған қарапайым түсініктерді, яғни адамдардың бір-бірімен байланысын және қатынастарын; таныс немесе бейтаныс адамдармен кездесулерін; жеке қатынастарын түсіндіруге тырысамыз. Адам қоғамда, өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сай өз пікірі мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың өзге қатынасушыларымен бірлескен іс-әрекет ықпалымен түрлі сезімдерді бастан кешеді. Алайда бұның барлығы өзге адамдармен ақпарат және толғаныс алмасудан ғана болады, оларды жақсы тани отырып, біздің әрқайсысымыз қалай да болса қатынасқа түсеміз, бұл әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Сондықтан осындай күрделі мақсаттар психология ғылымы арқылы зерттеледі.

Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының өркениетке ұмтылып, дүниеге ел ретінде танылып, тәуелсіздіктің тұғырын берік орнатып отырған Қазақстан Республикасының болашағында білімді, білікті, саналы, азаматтарды тәрбиелеу міндеті қойылған. Міне осы арада, адам психикасының белсенділігін дамытуға қазіргі психология ғылымының әр саласындағы ақпараттық технологиялардың, ғылыми жаңалықтардың мазмұны мен көлеміне тікелей байланысты.

Дегенмен, бір қарағанда психология ұғымы баршаға танымал және қандай да мағыналы қиындықтармен байланысты емес көрінеді. Бірақ психологияны ғылыми тұрғыдан зерттеп қарағанда ол күрделі жан қуаттарының заңдылықтарын ашумен айналысатын, адамдар механизмінің қатынасын талдайтын білім саласы. Мұнай білімді анықтап ғылым ретінде дәлелдеуге және ұлттық психологияның ерекшеліктерін түсіндіруге - үлкен мектеп керек.


Кез келген ұжымның өз тарихы және оның дамуының басқа қатынастармен байланысты индивидтің орны мен қызметін анықтайтын объективті заңдылықтары бар.

Міне осы тұста біздің психологиялық мектептеріміздің маңызы зор. Менің әңгімем әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің психологиялық ғылыми мектебі өзінің бастауын 1947 жылы университет ректоры, академик Т. Тәжібаевтің бастамасымен Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеті жанындағы логика және психология бөлімінің ашылуынан алады. 1949 жылы психология бойынша аспирантура ашылды. 1952 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінің мәжілісінде психология бойынша психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуда тұңғыш диссертация қорғалды. «Қазақ мектептерінің бастауыш класс оқушыларында орыс тілінде сөйлеуді қалыптастыру психологиясы туралы» атты тақырыптағы диссертацияны Елеш Суфиев жазған болатын.

1953 жылы психология және логика бөлімі жабылғаннан кейін, психологтарды даярлау 1988 жылы қайта жанданды. 2000 жылдың басында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де психологтарды дайындауда бір жалпы профилді кафедраның орнына екі мамандандырылған психологияның кафедрасын ашу туралы мәселе көтерілді. 2000 жылдың 14 сәуірінен бастап психология ғылымдарының докторы, профессор Н.А. Логинованың жетекшілігімен жалпы психология кафедрасымен бірге психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жақыповтың жетекшілігімен этнопсихология және педагогикалық психология кафедрасы қызмет атқарды. Осы екі кафедраның негізінде 2001 жылы Қазақстан тарихында алғаш рет докторлық диссертацияны қорғау бойынша мамандандырылған диссертациялық кеңес құрылды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы С.М. Жақыпов, ғылыми хатшы Н.А. Логинова тағайындалды. 4 жыл ішінде Диссертациялық кеңесте 3 докторлық диссертация (Ким А.М., Жарықбаев Қ.Б., Бердібаева С.Қ.) және 40-қа жуық кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Психологиялық ғылыми мектептің құрылымы



эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі психологиялық ғылыми мектептің қалыптасуын анықтайтын жүйе құрылымды факторы этнопсихология және педагогикалық психология кафедрасының «Тұлғаның әлеуметтенуінің этнопсихологиялық проблемалары» атты тақырыбынан білуге болады.

Бұл айтылған тарихи дәлелдемелерге сүйене отырып эл-Фараби атындағы ҚазҰУ психологиялық ғылыми мектебінің қалыптасуының бастамасын 3 негізгі фактпен көрсетуге болады: 1) мамандандырылған психологиялық кафедраның ашылуы; 2) психология бойынша диссертациялық кеңестің құрылуы; 3) аспирантурамен қатар психология бойынша докторантура ашылуы.

Қазақстандағы психология ғылымында мектептер өте аз, ал соның ішінде негізгісі психология ғылымдарының докторы, профессор Жақыпов Сатыбалды Мұқатайұлының құрған мектебі.

Пайғамбарымыздың Хадисінде: «... Әуелі өзің, одан кейін анаң, одан соң тағы Анаң. Содан кейін Әкең. Одан кейін Ұстаз...» - деген сөзі бар. Ұстаздық- халыққа қызмет ететін ұлағатты жұмыс. Қиын да, қызықты жұмысқа жауапкершілікпен қарасаң оның нәтижесін көріп, жемісін тересің дегендей, бізде Жақыповтың шәкірттеріміз деп мақтанамыз. С.М.Жақыпов 3 монография, 18 оқу құралы, отызға жуық оқу-әдістемелік құралы және 350 – ден астам ғылыми мақалалардың авторы. «Жоғары оқу орнындарының үздік оқытушысы» номинациясының жеңімпазы. Қазақстан психологтарының Ұлттық ассоциация Хабаршысының бас редакторы болған.

Ғылыми мектеп құрылымының өзегін құрайтын зерттеудің негізгі бағыттарын былай көрсетуге болады:

- әлеуметтік-психологиялық жағдайларды және оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттердің тиімділік механизмдерін зерттеу;

- полиэтностық орта жағдайындағы этностық нанымдардың, стереотиптер мен құндылық бағдарлардың қалыптасу және даму механизмдерін кеңенді зерттеу;

- адамдардың бірлескен іс-әрекетіндегі, соның ішіндегі моноэтностық және полиэтностық өзара әрекет пен қарым-қатынастағы мағына-, мотив- және мақсатқұрылым механизмдерін зерттеу;

- ойлау іс-әрекетіндегі (эмоциялы интеллект) эмоциялы-мағыналық реттеу мәселелерін зерттеу;

Осы бағыттардың негізінде топ және тұлға іс-әрекетін мағыналы реттеу концепциясына негізделген әртүрлі өмірлік жағдайдағы адамдардың бірлескен іс-әрекетінің

жүйелілік түсінігі бар. Концепцияның негізгі жүйеқұрылымды факторына адамдардың өзара әрекеті мен қарым-қатынасының барлық формаларын көрсететін «мағыналық құрылымның жалпы қоры» анықталады. Міне осы жинақталған қордан алынған жаңа докторлық жұмыстардың өзі үлкен бір арна болып тарап тұр: С.Қ. Бердібаева адамның творчестволық іс-әрекетін жүйелілік ықпал методологиясында зерттеуі, Әмірова Бибісара Әубәкірқызы ұлттық сана-сезім, ұлттық бағыт, таптаурындар және этностық жансақ нанымдарды зерттеуі, З.Б. Мадалиеваның педагогикалық психологияда бірлескен танымдық іс-әрекетті қарауы, Н.Қ. Тоқсанбаеваның қарым-қатынасты - бірлескен іс-әрекетті жүйелендіру факторы ретінде зерттеуі және т.б. жұмыстардың негізі С.М. Жақыповтың концепциясы болды.

Мұхтар Әуезов «...Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымың мен бесігіңді түзе» - деген, сондықтан адамның жанын зерттейтін мұндай тамаша ғылымда академик С.М. Жақыповтың алар орны ерекше.

Ұстазымның ер тұлғалық қасиеті

Ақ сөйлеп, адал күлетін,

Шындықты жақтап жүретін,

Жаманға жағынбайтын,

Наданға табынбайтын,

Қайғы-мұңға жеңілмейтін,

Қайда жүрсе елім дейтін,

Өтірікке ермейтін,

Өсекке сенбейтін,

Ата-ана, досты сыйлайтын,

Ақылы аса жасты сыйлайтын,

Мұзбалақ ерді сыйлайтын,

Іргелі елді сыйлайтын

Ұлағатты ұстазсың!

Сонымен Қазақстандағы психология ғылымының дамуына өзіндік ерекше үлес қосқан ғалым-ұстаз, психология ғылымының докторы, профессор Жақыпов Сатыбалды Мұқатайұлы қалыптастырған ғылыми мектеп психологияның қарқынды өркендеуіне үлесін қоса береді деген сенімдеміз.

ҒАЛЫМНЫҢ МАҒЫНАҒА ТОЛЫ СҰХБАТЫ

Ү.А. Уақпаева

психология ғылымдарының кандидаты, Қайнар академиясының педагогика,
психология және әлеуметтік пәндер кафедрасы, Алматы қаласы

2008 жылы 7 наурызда «Қазақстанская правда» газетінде Психологтардың Қазақ ассоциациясының президенті, психология ғылымдарының докторы, профессор Сатыбалды Жақыповтың «Ноу-хау: природа феномена» деген атаумен тілшіге берілген сұхбаты жарияланды. сол сұхбаттың аудармасын жасауға өзі ұсыныс жасады. Қазақ тілінде шығатын газеттердің біріне жариялауға рұқсатын сұрағанымда, біраз кідіре тұруымды өтінді. Сонымен осы жолы сұхбаттағы ой-пікірлерді баяндаудың сәті түскен сияқты.

Еліміздің Президенті Н.А.Назарбаев өзінің жақында Қазақстан халқына жолдауында «қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудің моделін, ұлт аралық келісімді, қазақстандық тепе-теңдіктің қалыптасуын және жалпықазақстандық патриотизмді» тәуелсіздік уақыт ішінде құрылған қазақстандық «ноу-хау» деп атады.

Осы оқиғаға байланысты эксперименталдық психология саласының маманы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің этникалық және педагогикалық кафедрасының меңгерушісі, психологтардың Қазақ ассоциациясының президенті, психология ғылымдарының докторы, профессор Сатыбалды Жақыповтан түсіндіріп беруін өтінген едік.

- Мен сіздің қойған мәселені біршама кеңейтіп, сонан соң ең алдымен «Жаңа Қазақстан» түсінігін қарастырсам деп едім.

- Онда, философиялық тұрғыдағы бірінші сауал. «Жаңа» деген ұғымға Мән берудегі сіздің қосқан үлесіңіз қандай ?

- Сіздің қойған сауалыңыз, мен айтар едім, нағыз психологиялық сұрақ, қазіргі заман психологиясы мән-мағына мәселелерімен, соның ішінде өмірдің мәні жөнінде шындықта

шұғылдануда. Жауап беруге келсек, онда ол өзінен-өзі келіп тұр: «Жаңа-бұл көнерген жақсының ұмытылуы». Бірақ тап осы жағдайда, классикалық болып қалыптасып кеткен бұл сөздер, дәл келе қояр ма екен. Егер психологиялық айқындық керек болса, онда не адамзаттың тәжірибесінде, не нақтылы адамның тәжірибесінде әлдеқашан болғандар ұмытылуы мүмкін. Сондықтан, егер біз Жаңа Қазақстан туралы әңгімелеген кезде,

және де, әсіресе, Жаңа Қазақстанды қалыптастыруға және дамытуға, сол инновациялар, қазіргі қолданыстағы сәнге айналған үрдістер бағыттайтын тұста, осындай қалыптасқан сөздермен бүркемелеуге болар ма екен. Соңғы жылдарда Қазақстанда болып жатқан осындай қанатын кең жайған қайта құрылымдар, тіпті адамзат тарихында да бұрын-соңды еш уақытта болмаған.

- Сіз нені еске алғыңыз келіп отыр?

- Сіз бір сәт айналаңызға қараңызшы, бірақ көзіңізді «кеңірек ашып, жіті қарауды ұмытпаңыз! Мен жақында, әдеттегідей әр түрлі халықтар өкілдерінен жиналып, кездейсоқ бас қосқан адамдардың бір әңгімесінің куәгері болдым. Әңгіме арқауы, кез-келген қоғамның әлеуметтік-экономикалық қайта құруында қатарласа жүретін, әдеттегі тап сондай жағдайлардың күнгейі мен көлеңкелі тұстарының төңірегінде өрбіді. Үйреншікті дағдыдағыдай тақырыпты талқылаудың соңында, көлеңкелі тұсымыз күнгейліден көбірек болып шығып, әңгіме бірте-бірте жаңа арнаға, яғни кінәлілерді іздестіруге ауысты. Бір уақытта үнсіз ғана тыңдап отырған, самайына ақ кірген бір ақсақал, басын көтеріп, баршамызға көз тастап шолып өтіп, бірнеше сөздер тізбегін жәй ғана айтқан еді, сондағы айтылғандардың мәні мынаған саяды: «Ей, жігіттер, көздеріңді аша түсіндер, Сендер неге әлемге көздеріңді тарс жұмып алып қарайсыңдар?». Осы тұста таңқаларлық көрініс пайда болды. Алғашқыда мүлгіген тыныштық орнады... Сонан соң барлығы бір мезгілде үдере әлдебір жаққа асыға бастады, бір-бірінен жанарларын тайдырып, үн-түнсіз үйлеріне тарқасты. Ал мен болсам, сондай өте күшті әсерді бастан кешіріп, мұздай бассейіндегі шахтер моншасынан соң болатын, әлдебір жеңілдікті сезіндім.

- ?

- Мен Сіздің неліктен үнсіз қалғаныңызды түсіндім. Гәп мынада, тап осы жағдайды психологиялық тұрғыдан қарастырсақ, аяқ астынан пайда болған дау-дамай жағдайындағы іс және де қауіптің жақындап, шиеленісу мүмкіндігі жеткілікті жоғары болғандықтан, сол себепті мұның ақыры немен тынатындығын сәуегейлікпен алдын-ала болжап айту мүмкін емес еді. Бірақ сол көріністің немен аяқталғандығы көп нәрселер туралы сездіртеді.

Біріншіден, біздің адамдар, соның ішінде біздің жастарымыз да, қоғамдағы өзін және ондағы өзінің орнын, сондай-ақ тек басқаларды ғана емес, өзін де сыни көзбен бағалауға дайын екендіктерін саналы түрде ұғынып, айтарлықтай деңгейге көтерілген.

Екіншіден, олардың тыңдай алуды және де ең маңыздысы алдыңғы, аға ұрпақ өкілдерінің қандай мәселелер жөнінде айтқан толғаныстарын ести білуді үйрене бастауы, бұл жаңа ұрпақ үшін ерекше мақтаныш сезімін оятады. «Қазақтың қайта өркендеу дәуірінің» көрінісінің бірі осы емес пе, бұл туралы өте әдемі әрі нанымды түрде философ Ғарифолла Есім жазуда. Шынтуайтқа келгенде, тіпті жақын арада, «қолайсыз бір тоқсаныншы жылдары» осылайша күй кешу мүмкін емес еді-ау.

Үшіншіден, біздің ақсақалдарды даналар деп танып, олардың өмір бойғы астарлы, ауыспалы ой-пікірлерінің терең мағынасын біздің жастардың тез сезе қоюы, олардың бір мезгілде әрі зерек, әрі төзімді болып қалыптасып келе жатқандығын байқатады.

Сайып келгенде, Сіз бен біздің қазіргі айтып тұрғанымыз, соңғы жылдары елімізде пісіп жетілген барлық **жаңаның** айтарлықтай нәтижелерінің болуы және де осы ары қарай өрістеуін жалғастыруда. Ең бір көңіл аударарлық эмпирикалық индикатор, яғни өлшеу аспабы, психологтар айтқандай, осы жаңа **қазақстандық қол жеткен нәтиже** – дау-дамай жағдайды аяғын сандыраққа жеткізбей, әрдайым қарсы тұрып жеңудегі білгірлік немесе бұрынғыдан бетер, бақылауға дес бермейтін дүмпуді болдырмау. Жоғарыда біз талқылаған жағдайдан тап осыны көрдік.

Бұл ұжымдық субъект ретіндегі барша Қазақстанға, оның әрбір азаматына тән білгірлікті білдіріп, сол себепті біз Сізбен бірге үлкен мақтанышпен **Жаңа Қазақстан** деп айта аламыз.

Қазақстандық халықтардың бірегей қасиеті туралы айтқанда, дау-дамайсыз мінез-құлықтың тұрпаты тұрғысынан өзінің еркіндігін білдіріп, осындай адамның жаңа тұлғалық сапасының қалыптасуының негізін салған біздің арғы ата-бабаларымыз жөнінде ұмытпау. Мен қазақ этносының қашан пайда болғандығы туралы сол бір тарихи деректі, дау-дамай жағдайының қалжырап, тұйыққа тірелгенде, осындай кедергілерді жеңу мақсатымен, үздіксіз даму үрдісінде туған басты үш қазақ субэтностардың (жүздердің) сол заманғы қазақ халқының көшбасшылары қабылдаған шешімімен Ресейдің ірірек этникалық құрылуының құрамына енуін еске алып

отырмын. Мен бұл оқиғаға саяси баға беруді көздеп отырған жоқпын, өйткені бұл туралы онсыз да қазір жеткілікті мол айтылған. Бірақ психолог ретінде айтарым, психологиялық көзқарас тұрғысынан бұл мәселе кемеңгерлік шешімін тапқан. Бір таңқаларлығы, тек жүйелі тәсіл негізінде ғана адамзаттың рефлексиялануы, яғни ішкі жағдайын өзін-өзі танып бағалауы тек жиырмамыншы ғасырдың еншісіне тигендігі болып отыр.

- Психологтың көзімен қарағанда, бұрынғы Ресей құрамына Қазақстанның енуі, шын мәнінде, бұл нені білдіреді?

- Құралған жүйенің механизмдері, яғни тетіктері іске жарап, барлық кәдімгі, табиғи жүйенің пайда болуының негізінде қашанда бір болып кеткен әлдеқалай оқиға болып саналды. Қалыптастырушы ретіндегі жаңа этностың оның біріктіруші субэтностарымен бірге ірірек алпауыт этностың құрамына Қазақстанның енуі қазақ этносының біркелкі жүйеге келтіріліп, қалыптасу үрдісінің аяқталғандығын көрсетеді. Бұл соңынан жаңа системаның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, субэтностарды өзгеше тұрақтандырылған тетіктердің деңгейінде пісіп жетілуге дағдылы түрде апарып соқты. Сонымен, әлбетте, субэтностар әлеуметтік жүйенің өзінің бұрыннан болып келе жатқан мәртебесін сақтауды жалғастырып, дегенмен олардың рөлінің, нақтылы атқаратын қызметінің ең бастысы өзгерді. Егер ол бұрын қазақ халқын ыдыратуға алып келсе және әрбір субэтнос дербес этносқа қайта құрылуға ұмтылып, онда тегеурінді, алпауыт этностың құрамында субэтностар қазақ этносының мәртебесін сақтау мен нығаюы үшін өздеріне жүйені құру рөлінің факторын алған.

Сізше қалай, мүмкін, өзіңіз мәнісіне түсінген боларсыз, бұл тұста психологиялық факторсыз болып өтуі мүмкін емес, оны құрастыратын, менің пікірімше, белгілі оқиғаның себебінің өзегі, яғни Х-фактор, осы ұғымды ғылыми қолданысқа енгізген тамаша ғалым Лев Николаевич Гумилев, халықтардың шығу тегінің негізінде жатқан барлық табиғи үрдістерден жасалған белгісіз энергетикалықты белгілеу үшін алынған. Егер бұл осылай болса, онда қазақ халқының шығу тегін дәлелдеуші тарихи фактілер, қазақ этносының қалыптасуы мен дамуының негізінде болатын жүйе құратын басты қозғаушы күш, ой-пікірді растайтын, сол бір алыс уақыттарда психологиялық болған анығырақ айтқанда, ерекше түрде барынша психологияландырылған қазақ халқының мәдениеті. Менің ойымша, қазіргі уақытта «қазақстандық ноу-хаудың» негізінде психологиялық фактор жатыр, осының арқасында Жаңа Қазақстанның пайда болуына мүмкіндік туды.

- Өтінемін, түсіндіріңізші.

- Егер қысқаша айтар болсақ, онда біз қарастырған дау-дамай оқиғасының, ең дұрысы тағы да психологиялық талдауға сүйенетіндігіміз. Сіз, сөзсіз, ақсақалдың мінез-құлқына көңіл аударған боларсыз, сондағы оқиғада ол өзін кәсіби психолог ретінде ұстады. Сол сәтті көргеніңізде ғой, қалай ғана ол өзінің сықырлаған денесінің әрбір қимылымен; биязы, бірақ өзінің ақылды көздерімен қырағы көз тастауы; көлгірсуі, сөйте тұра қатқыл дауыс ырғағымен айналадағыларды мүлдем өзіне аударып әкетті. Оның айтқан сөздеріне келетін болсақ... Бұл жағдайда ол сөздер тақырыптық әрі психологиялық тұрғысынан соншалықты дәл болып тұр, сол сәтте беті ауған жаққа сенделген, әлі көзі ашылмаған жас төлдің бейнесі әрқайсымызда елестегендей. Айналадағы адамдардың содан кейінгі мінез-құлық қалыптары: еңсесі түскен бастар, ешбіріне көңіл тоқтатпай қарау және үнсіз ала ауыздық, оларға таңқаларлықтай бірдеме тап болғандығын білдіртті. Сондықтан, ең бастысы мынада, көпті көрген қарияның жұртқа шындықты естірте хабарлауы мына тұрғыда келді, қиыншылық кезенді бастан өткердік, соған қарамастан Қазақстанның өркендеуі баяу болса да, бірақ сенімді түрде алға қарай қадам басуда. Осыны көздері жабық тек соқыр адам ғана көре алмайды емес пе. Нақ осы шындық, метафоралық түрде берілсе де әркімге де түсінікті және баяғыдан қабылданған, әрі кейбір шиеленісті жағдайды ушықтырмай, оны бәсеңдетуге әйтеуір бір сыйқырлықтың ықпалы болатындығын да айтып кеткен жөн.

- Дегенмен мүмкін, сол оқиғада ертедегі үлкендерге құрмет дәстүрімен қазақ этносының негізгі өкілдері болып табылып, алдын-ала анықталып, нәтижесі осы тұрғыда болар.

- Сол бір болып өткен жағдайда төрт-бес этностардың өкілдері болды, олардың басым көпшілігі мемлекеттік тілде сөйлейтіндер де, ал қазақ тілін түсінетіндер аз шамада болды. Сіз шамалағандай, егер гәп осылай болса, онда бұл көп ретте менің топшылауымды нығайтар еді, әсіресе түйіні. Жағдайға психологиялық талдауды жасап, соған сүйене отырып, әңгіме не жөнінде болып отырғандығын пайымдай аламыз. Осыдан келіп шығады, кең мағынадағы қазақша дегеніміз, басқаларды ренжіту үшін айтылып отырған жоқ, бұл-шығыс мәдениеті, яғни ерекше тұрғыдағы барынша психологияландырылған мәдениет. Қоғамдағы адамдардың тұлға аралық

және топ аралық қарым-қатынас жүйесіндегі адам мінез-құлқының егжей-тегжейлі көріністерін заңдар жинағында айқын түрде баяндалғандығын басқа қай жерден сіз табар екенсіз.

Туғаннан дәстүрлі қазақ мәдениетінің тәрбиесінде өскен бала қилы-қилы оқиғалардағы мінез-құлық ережелерін өзінің бойына сіңіреді. Бұл оған есейген шағында тұлға аралық мінез-құлық пен қарым-қатынаста ең тиімді түрлері болып шығуына мүмкіндік туғызады. Мүмкін, дәстүрлі мәдениетке жақын жағдайларда өскен жас адамдардың мінез-құлқындағы айырмашылықты, ауылдық жерлердегі қазақ тілінде сөйлейтіндер, әсіресе оңтүстік аймақтарындағы, қала жағдайында өскендерден айырмасын байқаған боларсыз. Алдыңғылары еш уақытта жасы үлкен адамға:

«Ағай, сізбен темекі тартуға бола ма!»-деп айғайлап еркінсіп оғаш қылық жасамайды. Өзінде дәстүрлі мәдениеттің өшпестей қалдырған ізі бар мосқал қазаққа осындай тұрғыда өтініш білдіру немен тынатынын аңғару қиын емес. Европаландырылған мәдениеттегі жұрт аузына ілінген еселер мәселесі ше! Мен сізге осындай мысалдардың жүздеген түрлерін келтіре аламын.

- Сіздіңше айтқанда, басқа жағдайларда өскен балаларға қарағанда, дәстүрлі қазақ мәдениетінен тағлым алғандар аса мәдениетті тәртізді.

- Егер тәрбие беруді ескерсек, ең алдымен, адамдардың өзара қарым-қатынас жүйесіндегі адамның жоғары біліктілігін есепке алуымыз керек, осы тұрғыда Сіз мені дұрыс түсінгенсіз. Тұтас алғандағы шығыс мәдениеті, оның ішінде қазақ мәдениеті барынша психологияландырылған, мен ескертіп кеткім келеді, бұл тұста мәселе «Шығыс-нәзік іс» дегенде тұрған жоқ. Алғашқы ісімде мен бәрімізге белгілі деректерге сүйендім, шығыстың тұлғааралық өзара әрекеттесу және қарым-қатынас жүйесі шарттыланған әдет-ғұрып, дәстүрлердің және жарлықтардың орасан мөлшерімен ерекшеленеді (мемлекетаралық өзара қарым-қатынас жүйесіндегі өзіне тән үйлесімді хаттама), адамдардың бірлескен іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға бағыттайтындығы, әрқайсысының бәсекеге төтеп бере алатын қабілеттілігін көтере отырып, соңғы нәтиженің бәрінің тілегеніндей болып шығуы.

Егер Қазақстанның ерекше геосаяси мәртебесін ескере отырып, онда ешкімді ренжітіп алмай айтар болсақ, осы жөнінде бұрын Л.Н.Гумилев та жазған болатын, қазақтың дәстүрлі мәдениеті ең жоғарғы деңгейде психологияландырылып, осындай хронотопиялық, яғни уақыт өлшемін бастан кешіруге душар болған. Басқаша айтқанда, географиялық және уақыттың қозғаушы күштері ең маңызды рөлді атқарды. Бір сәт тарихқа көз жүгіртейік. Қазақстан барлық халықтарға ашық, байтақ кеңістікте қалыптасты және де сол кезеңде оның территориясы арқылы шығысты батыспен және солтүстікті оңтүстікпен байланыстыратын ең басты сауда жолы басып өтті.

Психология тілімен айтар болсақ, ұлан байтақ жерімізде болашақ Қазақстанның халықтарын орналастыру тұлғааралық қарым-қатынастың дамуына жағдай жасады, ал мәдениаралық және этносаралық қарым-қатынастың жаңа өзара пайдалы түрлерін туғызу, ол басқа мәдени және конфессиялардың өкілдерімен өзара әрекеттестікте тұлғааралық қарым-қатынастың механизмдерін молайтты. Осының бәріне маңызды алғышарттар болып, қазіргі заманғы қазақстандық мәдениет адамдардың тұлғааралық және этникааралық әрекеттестігі мен қарым-қатынасының табыстылығын қамтамасыз ету тұрғысында ең нәтижелі болмақ. Осы туралы емес педұлттық мәдениеттің бай мұрасының арқасында егемендік алу кезінде қайта қалпына келтіруге сәті түсті, мұның айқын дәлелі Қазақстандағы ұлтаралық және әр түрлі конфессиядағы дінаралық келісімнің Қазақстанда орнығуын фактілер айғақтайды. Шынтуайтқа келгенде бұл енді бөлек әңгімеге арқау болатын этнопсихологиялық мәселе.

- Сіз бірнеше рет «бәсекеге қабілеттілік» атауын біраз бір тосын контекстерде қолдандыңыз. Әдетте оны кәсіби біліктілік жөнінде сөз болғанда пайдаланады.

- Сіздікі дұрыс. Шындығында, әдеттегідей жоғары оқу орнын бітірушінің бәсекеге қабілеттілігі, мысалы, немесе кәсіби біліктілігін көрсете білуі ретіндегі бәсекеге қабілеттілік туралы сөз етеді. Тап осы жағдайда біздің бұл ісімізге, мәселеге күнделікті нәрсеге ыңғайланғандай, өзінің мәнісі бойынша сыңар жақ келу. Егер де мәселеге, қазіргі айтылуда сәнге айналған, жүйелі түрде қарасақ, онда қазіргі заман жағдайларында бәсекеге қабілеттілік кәсібилік біліктіліксіз және де әрі адами аралық (тұлғааралық және этникааралық) жүйеде өзара қарым-қатынастағы бәсекеге қабілеттілікті ойлау мүмкін емес.

Жұмыс орындарын сақтап қалу үшін қазіргі заман жағдайларындағы өте қатты бәсекелестікте, әсіресе түрліше қызмет көрсетумен байланысты салалардағы: банкілерде, білім беруде, денсаулық саласында, құқық қорғаушыларында адамның жалпы психологиялық біліктілігі алдыңғы орында тұрады. Нақ осы балалық шақтан меңгерілген мінез-құлық мәдениетіндегі

дағдылар мен таптаурындарға негізделе отырып, басқа кісілермен тез ортақ тіл табысуда адамға, соның ішінде кәсіби өзара әрекеттестікте және қарым-қатынаста көмегі тиеді. Иә, ал егер бала кезден бойға сіңген мінез-құлық паттерндерінің, психология тілімен айтқанда, психологиялық пайдасы бар екен және кәсіби мінез-құлық аясында, онда, әлбетте, адамның кәсіби бәсекеге қабілетінің көрінуінің мүмкіндігін кеңейтеді.

- Сіз айтқандай, «психологияландырылмаған» мәдениетке қарағанда, «психологияландырылған» мәдениеттің адамға тигізер пайдасы мол болса, осы нені білдіреді?

- Бұны Сіз айттыңыз. Мен оны айтқан жоқпын! Біріншіден, өйткені, психологияландырылмаған мәдениетті тауып көріңізші. Кез келген мәдениет, оның ішінде адамдардың өзара қатынас жасау мәдениеті халық психологиясының терең ізін өзінде иеленеді. Осы контексте өзара қатынастағы мәдениеттің психологияландырылу дәрежесін, сол немесе басқа бір этностың ішіндегі өзара әрекеті мен қарым-қатынасының нақтылы түрлерінің әр қилы психологиялық толыққандылығының ескерілуін айта аламыз. Әдеттегідей, этностық топтың ішіндегі ұзақ уақыт бойында, яғни адамның жеке басының ерекшелігін және сол топтың адамдарына пайдалылығы ескеріліп, мінез-құлықтың ең тиімді түрлері баянды етіледі әрі қалыптасады.

Дәл сол себепті этникалық топтың өзінің мүшелерінің мінез-құлқының таптаурындары немесе мамандар айтатындай, өзінің таптаурындары ең түсінікті, дұрыс және сондықтан ұнамды болып саналады. Сіз аңғарғандай, мінез-құлықтың осы түрлері басқа этностың өкілдерімен өзара әрекеттестік және қарым-қатынас жағдайларында тиімді болмауы мүмкін. Сол бір мезгілде үнемі, кей уақыттағы амалсыз этникааралық қарым-қатынаста екі жаққа да қолайлы қажетті, демек, әр түрлі этномәдениеттің мінез-құлқының паттерндерінен тұратын жаңа жағдайдағы мінез-құлық формаларының тиімділігі қалыптасады және дамиды. Психологияландырылған мәдениеттің ең бір артықшылығы кәсіби біліктілік пен қабілетті кеңейте отырып, іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруде этностың ішінде көрінуі мүмкін.

Маған қаншалықты түсінікті болғандай, этникааралық өзара қатынас үрдісінде мінез-құлықтың жаңа жинақталған» пішіндері туындайды, олар адамның мінез-құлқының этникалық бірегей ерекшеліктерінің құрып кетуіне әкеліп соғады. Бұл жақсы ма, әлде жаман ба?

Мен Сіздің өткір мысқылыңызды сезіп тұрмын. Дегенмен, осы жағдайда дұрысы мінез-құлықтың жинақталған түрлері туралы айту, ол жүйелі құралған, сондай бір жинақталған, онша жасанды емес, оларды әр алуан этномәдени мазмұны бар бөлшектерден құралған жиынтыққа әкеліп соқтырмайды, ол, керісінше, мінез-құлықтың сапалы жаңа формасы болып есептеледі. Мінез-құлықтың жаңа көп/поли/ мәдениеттілік және көп этникалық түрлерінің қалыптасуы мен дамуының ең басты өлшемі болып мінез-құлықтың осындай бір /моно/ мәдениеттілік немесе төл мәдениеттілік пен бір этникалық түрлерін салыстырудағы оның бәсекеге қабілеттілігі саналады. Осы салада жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, бір түрден жинақталған мінез-құлықтың көп мәдениеттілік және көп этникалық түрлерінің бәсекеге қабілеттілігі түп нұсқадағы бәсекеге қабілеттіліктен анағұрлым жоғары болып шыққан. Ал бұл жаман болып па?

Әр басқа этностардың этномәдени ерекшеліктерін өзінде иеленгендердің мінез-құлқының жаңа түрлерінің көрініс беруі, әлдебір өзіндік ерен өзгеше этномәдени ерекшеліктерді адамның жоғалтуы дегенді ешқандай білдірмейді. Керісінше, жаңа мәдениеттің көптілігі және көпэтникалық жаңа мінез-құлықтың түрлерін иелену есебінен этностың нақтылы өкілінің мүмкіндігі өте көбейіп байытылады, осылайша этникааралық өзара қарым-қатынас жүйесінде оның біліктілігі арттырылады. Бірақ әлбетте бұл әрбір этностың өкілдерінде пайда болып, мінез-құлықтың көп түрліліктің дамуына қосқан өзіндік үлесі. Бұлардың әрқайсысының бәсекеге қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік туғызуы, бұл этностардың бірімен-бірінің әрекеттестігінің өзара мәдени баюын білдіреді. Дей тұрғанмен, төл мәдениетіміз инвариант (өзгерілмейтін, көнеден қалған қалдық) қызметін атқарып, басқа этностардың мәдениетіне де негіз бола алып, бәсекеге төтеп бере алатындығын көрсете білуі міндет. Төл мәдениетіміз бастамашыл іс-әрекетте көзге түсе білуі керек, бұл өз кезегінде қосымша белсенділікті қажет етеді. Бұның несі жаман?

Осы жағдайда, өзімнің пікірлерімде, мен тек бірқатар қисынды ой қорытындыларына ғана емес, сонымен қоса соңғы он шақты жарым жыл бойы менің жетекшілігіммен жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне де сүйендім. Мәдениеттердің өзара ықпалдасу үрдісінде этностың өзіне тән өзгеше ерекшеліктерінен айрылып қалу жөніндегі қорқынышына келетін болсақ, бұл талас тудыратын мәселе.

Мен осы қауіпті растайтын немесе жалғандығын әшкерелейтін күшті сенімді зерттеулерді кездестірмедім. Жағдайды айқындау үшін, мәселені кешенді тұрғыдан зерттеуде ауыр еңбекті

өзіне жүктей алатындай, ең кемінде, тұтас бір психология институты күш салып жұмыс істеуі қажет. Айтпақшы, бұл мәселені шешуде әлемде ешбір институттың сәті түспеді, оны ғылыми міндетке айналдыруда мәселе пісіп жетілуі үшін қажетті жағдайлардың әлі болмауы, мүмкін жай ғана осы себептен болар

- Сіздің мұнымен не айтқыңыз келеді?

- Менің еске алып отырғаным мынау, Ешбір елде, Қазақстанды қоспағанда, ешкімге этномәдени жүйенің бөліктерін шығармашылықпен топтап іске асыруға мүмкіндік беретіндей этникааралық және конфессияаралық өзара қатынастың осы тәріздес жүйесін құруда жолы болмады. Осы үрдістің нәтижесі, дәл сол жаңа, біздің Сізбен әңгімеміз осыдан басталған, бұл өздігінен көзге түспейді, бізді тек ТМД елдері арасынан ғана көзге айқын түсерлік етіп тұрған жоқ, біздің аман-есендігіміз жолында әрекеттенуде және қызмет етуде. Сондықтан бұл мүлдем жаңа этнопсихологиялық феномен, яғни құбылыс болу немесе жанын салып еңбек ету, әлем дүниесінде қанатын кең жайған, бұған ұқсас бұрын болған емес, сол себепті оны бір сөзбен белгілеп, көз алдына келтіру едәуір қиын. Әдетте осындай жағдайларда ғылымда феномен, оның пайда болуы мен қалыптасуына мүмкіндік туғызуға мұрындық болған адамның есімімен аталады. Тап осы жағдайда қалай болатындығын, мен білмедім, бірақ шындығында, Қазақстан халықтарының Ассамблеясының мүлдем жаңа әлеуметтік организмін құру негізінде, Қазақстан халықтарының орасан мол көпшіліктің жігерлілігінің нығаю идеясы, біздің Елбасының тәжірибе жүзінде іске асыруының арқасында этнопсихологиялық феноменнің көрінуіне мүмкін болды.

Нұрсұлтан Әбішұлының «технологиялық камсыздандыруды» қазақстандық «ноу-хау» жүйесі деп атауы, әбден әділетті ғана емес, осыған қоса дер кезінде жаңа этнопсихологиялық феноменді қалыптастыруға алып келді. Қазір біз енді айқын айта аламыз, қазақстандық «ноу-хаусыз» Жаңа Қазақстанның болуы мүмкін емес! Нақ осы жаңа мемлекеттің саяси мақсатының қойылуы үшін ең маңызды шарттардың бірі - Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын жақсарту, жақсы тұрмыс халін көтеру.

Сіздің сұрағыңызға орала отырып айтарым, ғылыми слэнгте, «мәселенің пісіп-жетілуі» бәрінен де көбірек ол шарттардың пайда болуын, себептерін, қызмет істеуінің тетіктерін және т.с. болжап айқындайтын жаңа феноменнің табылуын көрсетеді. Дәлме-дәл айтқанда, тек бізде Қазақстанда, әлемде тұңғыш рет осындай жаңа, айрықша этнопсихологиялық феноменді зерттеу үшін бірден-бір мүмкіндер туып отыр. Егер мұндай өте сирек ұшырасатын тәжірибені жинақтап қорыту сәтті болып шығып жатса және оны бүкіл дүние жүзінің қоғамдастығының игілігі етіп орындап шықса, онда мемлекеттік саясаттың Қазақстандық моделі тиісті номинация бойынша Нобель сыйлығына үміткер ретінде ұсынуға болар еді. Осы феноменнің жұмыс істеуінің дәл жалпы түрдегі оң нәтижесі бізге енді мәлім. Бұл еліміздің Елбасының жолдауында атап көрсетілген: Сіз жанама нәтижелер туралы не айтар едіңіз?

Психологиялық ғылымда жанама нәтижелер туралы ең кемінде екі жағдайда айтылады. Біріншіден, сол кезде, нәтижесін алуда, зерттеудің мақсаты мен міндеттерінде алдын ала қарастырылмаған. Екіншіден, сол жағдайларда, қашанда, біреу табылған немесе мақсатталып қалыптасқан феноменді (психикалық құбылысты) іс-тәжірибелік міндеттерді шешуге пайдалана бастаса, әрі сонымен қатар тікелей бақылаудың ырқына көнбейтін, күтпеген нәтижелер тұтас бір шоқталған болып шыға келеді. Біздің жағдай ретінде, соңғыны, Қазақстанда шоғырланған әр түрлі этностар мен конфессиялардың өкілдерінің этнопсихологиялық феноменмен белсенділіктерінің артуын болжауға болады, ал басқа жағдайларда болжау мүмкін болмас.

Болжам ғылыми дәлелденген білімдер нақты бар болғанда ғана мүмкін. Біздің жағдайда, осындай білімдерге сүйене отырып, өз этносымен этномәдени теңдестірілуі тұлғаның жоғалтуы түріндегі Қазақстан халықтарының өзара этномәдени молаюының қосымша нәтижесінің болжамданғандығы мүмкін, айтпақшы, біз Сізбен тиісті сұрақтарды қоя отыра орындап шықтық. Дегенмен, осылайша үзілді-кесілді қорытынды жасауда, бұл жоғалту ненің салдарынан нақтылы келіп шыққандығын анықтау қажет.

Этникалық теңдестірілуді жоғалту фактісі өздігінен әзірге еш нәрсені білдірмейді. Мысал үшін, егер оның тұлғада құрылуы мәдениеттің көптілігінен және көпэтникалықтың теңдестірілуінің салдарынан туындаса, онда бұл әлдебір ұзақ уақыттық жағымсыз психологиялық зардап шегуге әкелмейді. Тап осы құбылыспен біз талдау барысында ұшырастық, жоғарыда қарастырылған дау-дамай оқиғасының сәтті шешілуі, енді тек психологиялық қана емес, сонымен қоса заңды дәлел, ол қазақстандық теңдестірілудің бар екендігін айғақтайды, себебі сол бір оқиғада барлық этностардың өкілдері қатынасқан еді. Ал бұл, егер қаласаңыз, соның тура дәлелі, «Қазақстандық ноу-хау» шындықтан құрастырылған ғана емес, тағы да, демек, әл - ауқатты,

Қазақстан азаматтарының жақсы тұрмысын дамыту ісіне қосымша дивидендтерді (пайданы) кіргізеді. Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын жақсарту, жақсы тұрмыс халін көтеру.

Әдебиет:

1. Жақыпов С.М. «Казахстанская правда» газеті. «Ноу-хау: природа феномена», 7 наурыз, 2008ж.

**«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА
С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ (1940-2014) ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ**

Сейітнұр Ж.С., Журшыман Н.О.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.,3

Қазақстанның тұңғыш президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне шолу жасап және жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа жол бастау қажеттілігін арнайы қозғады. Бұл бағдарламалық мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, еліміздің игілігіне жарату жолындағы мақсат-міндеттер туралы маңызды мәселелер көтерілді. Елбасы жаңғыру ұғымының сипатына арнайы тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Ғылымның тарихын, соның ішінде психология ғылымының даму тарихын зерттеу осы міндеттер үдесінен шығады.

Қазақстанның психология ғылымы тарихында орны айырықша байқалып тұратын тұлғаларымыз бар. Соның бірі әрі бірегейі – профессор, психология ғылымдарының докторы Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов (1950-2014). Ұлттық психология ғылымының деңгейін бір саты жоғары көтеріп кеткен, кез келген ғылыми ортада ұялмай бетке ұстанатын ғалымымыз, сирек кездесетін дарын иесі, психолог-ғалымымыз С.М. Жақыповтың ғылыми мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу өте маңызды міндет. Қазақстандағы психология ғылымының дамуына зор үлес қосқан С.М. Жақыповтың ғылыми-психологиялық мұрасын және оның ғалым ретінде тұлғалық қалыптасуы мен дамуын зерттеуге арналған іргелі зерттеулер, ізденістер қолға алынуы тиіс. Бүгінгі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де С.М. Жақыповтың ғылыми мұрасы туралы бакалавр және магистрлік деңгейде дипломдық жұмыстар жазылды.

Жалпы тарихи-психологиялық зерттеулердің әдіснамалық аспектісі жайлы сөз қозғағанда отандық ғалымдарымыз тұжырымдаған «төлтумалық», «өзіндік ерекшелік», «эндогендік даму» принциптерін де ескеру қажет [1]. Отан, туған жер, патриотизм, эндогендік даму идеяларының тарихи-психологиялық зерттеулерде көрінуі ғылым дамуының халықтың рухани мәдениетімен ажырағысыз байланысы екендігін көрсетеді. Айтпақшы, қазіргі батыс психологиясында этномәдени факторларды ескеретін «индигендік психология», яғни автохтон халықтың жергілікті психология проблемаларына үлкен ғылыми қызығушылық бар. Қазақстанда бұл мәселелерді этнопедогогика, этнопсихология және кросс-мәдени психология сияқты пәндер аясында қарастыру орын алған.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғ. басында Қазақстанда өмір сүрген көрнекті ғалым С.М. Жақыповтың психологиялық мұрасы отандық психологияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оның еңбектері еліміздің тарихи- психологиялық білімнің жалпы қорына қосылуы тиіс. Кеңестік заманда психология ғылымы Қазақстанда онша дами алмады. Оның объективті әрі субъективті себептеріне тоқталып жатпайық. Тек Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алған соң ғана психологияның дамуына жаңа мүмкіндіктер ашылды. Ана тілімізде жоғары білікті психолог кадрларды дайындауға жол ашылды. Соның бастауында профессор С.М. Жақыпов тұрды.

Біздің еліміз жоғары білікті мамандары, ғалымдарды даярлауда Батыстық жүйегі көпше де қазақстандық контент (мазмұн) назардан тыс қалмау керек. Әсіресе, отандық психологтардың мұрасын зерттеу ісі және өзіміздің ғылыми өнімдерді, әсіресе төлтума гуманитарлық интеллектуалдық өнімді өндірушілердің қызметі зерттелінуі тиіс. Психология тарихындағы

социоцентристер айтқандай локалды шындық ескерілуі керек. Өйткені, жергілікті ғалымдардың өмірбаяны, ғылыми қызметі өзімізден басқа ешкімге керек емес. Демек, өз тарихымызды өзіміз жазуға әрі насихаттауға тиіспіз. Отандық психология саласындағы ғалымдарды қалың жұртшылыққа таныту - ғылым тарихшыларының маңызды міндеті. Бұл өскелең ұрпақ бойында отансүйгіштікті, ұлттық игілікке айналған ғылыми еңбектерге деген заңды мақтаныш сезімін оятады.

С.М. Жақыпов өзінің ғылыми-педагогикалық қызметін 1977 ж. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде педагогика және психология кафедрасында оқытушылықтан бастады. Қазақстанның екінші университеті болған ҚарМУ-дің педагогика және психология кафедрасында Салкен Балаубаев, Теміртай Қамзабаев, Бахи Хамзин сияқты елімізге белгілі ғалымдар қызмет істеді. С.М. Жақыпов кафедраға жұмысқа келген кезде оның меңгерушісі Т.Қ. Қамзабаев (1929- 1984) болатын. Ол кездері аталмыш кафедра аймақтағы педагогикалық- психологиялық білім берудің ғылыми -әдістемелік орталығы еді. С.М. Жақыпов университет қабырғасында жүргенде әлеуметтік психология құбылыстардың негізінде жатқан психологиялық механизмдерді зерттеуге үлкен ден қояды.

1980 жылы С.М. Жақыпов Мәскеуге КСРО Педагогикалық ғылым академиясы жанындағы біліктілікті көтеру Институтына жіберіледі. Онда Профессор О.К. Тихомировтың ғылыми жетекшілігімен «Бірлескен іс- әрекеттегі мақсаттың құрылуы» («Целеобразование в совместной деятельности») тақырыбы бойынша жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады. 1985 жылы 18 қазанда аталмыш тақырыпта психология ғылымы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

С.М. Жақыпов 1990 жылы сәуірде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің биология факультеті құрамында ашылған «жалпы психология» кафедрасына меңгерушісі болып тағайындалады. 1990-1993 жылдар аралығында осы кафедраның меңгерушісі қызметін табысты атқарды. Ол кездері кафедраның жұмысын жолға қою барысында ғалымды үлкен қиындықтар күтіп тұрды: арнайы білімі бар психолог мамандар, психология салалары бойынша оқулықтар, ғылыми әдебиеттер жоқтың қасы еді. Сол кездегі Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің ректоры академик А.Б. Бегалиевтің қолдауымен «психология» мамандығы бірден екі тілде ашылды. Алматылық педагогтар мен психологтар психолог мамандығын қазақша даярлау мен оқыту жайлы мәселе де өзара келісе алмай айтысып-тартысып жүргенде (әсіресе, сол кездегі Киров атындағы ҚазМУ-дің жалпы психология кафедрасы 1988 - 91 жылдары орын алған жағдайлар) Қарағандыда С.М. Жақыпов бастаған ұжым тұңғыш рет қазақ тілінде психологтарды әзірлей бастайды. Мұның саяси-мәдени маңызы зор болды. Отаршылдық салдарынан ана тілінен айырыла бастаған қазақтар үшін өз тілінде сирек кездесетін мамандарды даярлау мүмкіндігінің пайда болуы ұлттың болашағына деген сенімді оятты.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі қазіргі кезеңде көптеген философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдары ғалымдарының қызығушылығын оятуда. Қарым-қатынас - әр бір политұлғаны дамыту үшін қажетті шарттардың бірі, өйткені қарым-қатынассыз адамзат қоғамының пайда болуы мен дамуы мүмкін емес. Ұлтаралық және жалпы қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде Э.Бэрнс, Д.Карнеги, С.Дерябо, А.А.Леонтьев, С.А.Арутюнов, Э.А.Баграмова, Ю.В.Бромлей, Л.Н.Гумилев, М.И.Станкин, М.С.Каган, В.А.Кан-Калик, Х.Т.Шерьязданова, Қ.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, С.М.Жақыпов және т.б. көптеген ғалымдар елеулі табыстарға, жаңалықтарға қол жеткізді. Адамдардың бір-бірін түсінуде табыстарға қол жеткізу жолдарын, тұлғаралық қарым-қатынас процесін зерттеу қажеттілігіне байланысты ХХ ғасырдың 20 жылдарының бас кезінде ғылыми әдебиеттерде «коммуникация» ұғымы қолданыла бастады. Қазақшаға аударғанда «байланыс» ұғымын білдіреді, яғни адамдар арасындағы тікелей байланыстың барлық формаларында кеңінен қолданыла береді. Коммуникацияның іскерлік, педагогикалық, тұлғааралық, этносаралық және т.б. да түрлері бар. Мәдениаралық коммуникация түрлі мәдени түйісулер және мәдениет өкілдерінің тұлғааралық қарым-қатынасына тең ұғым. Себебі, тұлғааралық қарым-қатынас барысында түрлі мәдениет өкілдерінің төл ұлттық сана-сезімі жоғарылай түседі, өзара ақпарат, тәжірибе алмасу процестері жүзеге асады. Қоғамдық-тарихи әдебиеттерде «ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті», «мәдениаралық коммуникация» ұғымдары ХХ-ғасырдың 80-ж. басынан қолданысқа енгізіле бастады.

Осы тұста отандық зерттеуші С.С.Серікжанова айқын полиэтностық және поликонфессиялық құрамы бар мемлекет ретіндегі Қазақстан үшін әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу және оны нығайту, тұлғалар, жеке әлеуметтік топтар және қоғам мүдделерін үйлестіру міндеті этностық қауымдастықтардың өзара әрекеттесуінің ұтымды түрлерін этносаралық өзара қарым-қатынасқа түсу мәдениетін жоғарылату мақсатымен тығыз байланысты [2, 14-б.] деп пайымдайды, ал ресейлік бірқатар ғалымдар қазіргі өмірлік жағдайлар көрсеткендей, дамушы полимәдени қоғамда адами өзара қатынастардың ең әлсіз тұстары этностық және этностық бірдейлік болып табылады [3, 82-б.] деген қағидаға тоқталады.

Жалпы этникалық аумақтағы қарым-қатынас, ұлтаралық қатынас мәдениетінің көрсеткіштерін анықтау тұрғысында, сонымен қатар түрлі әлеуметтік-саяси жүйелердегі ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі көптеген зерттеуші-ғалымдардың: А.В. Авксентьев, Т.Ю.Бурмистрова, Н.Н.Гасанов [4, 233-б.], Л.М.Дробичева және т.б. еңбектерінде көрініс береді.

Осы тұрғыда Л.М.Дробижева қарым-қатынас құрылымын толық қарастыра отырып, ұлтаралық қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық астарларына талдау жасайды. Ал Т.Ю.Бурмистрова және О.А. Дмитриевтің еңбектерінде қоғамдық өмірдің түрлі аумақтарындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің мәні, процестің қалыптасуы және қызметі туралы қарастырылды.

Аталмыш мәселелер аумағын терең зерттеумен ұлттық психология ғылымы айналысатыны баршаға мәлім. Яғни, ұлттық психология белгілі бір этностар, олардың шығу, қалыптасу, даму, өзгеріске ұшырау және т.б. құбылыстарын зерттей отырып, этникалық мәселердің шығу себептерін анықтау, түзету, алдын алумен айналысады. Ұлттық психология құбылыстарының қалыптасу факторларын ғалым В.Крысько өзінің «Социальная психология в схемах и комментариях» деген еңбегінде көрсетілгендей *саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың* әсерінен ұлттық психика мінездемесінің ерекшеліктері қалыптасады, себебі бұл ерекшеліктер қоғамдық және өндірістік қатынастарға тәуелді. Бұлардың ерекше көріністері әр мемлекеттегі этностық бірлік өкілдері санасының дамуына ерекше белгі қалдырады [5, 111-б.].

Этностық бірліктің тарихи дамуы – көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, ұлттық психиканың көрінісі мен қызметі, оның ерекшеліктерінің туындауы сыртқы және ішкі атрибуттарымен анықталады, оның өкілдерінің психикасының ерекшеліктері, өмір сапасының тасымалдануы заңды құбылыс болып табылады.

Этностық бірліктің жасы – адамдардың ұлттық психикасының ұзақ қалыптасу куәгері, оның даму келешегінің болашағы немесе деградациясы.

Ұлтаралық қатынастардың сипаты және ондағы тарихи дәстүрлер ұлттық санаға және өзіндік санаға, басқа ұлтқа қатынасындағы сезім көріністірінің динамикасына әсер етеді.

Этностық бірліктің мәдени дамуы – адамдардың ұлттық психикасының негізгі сапалық мінездемесі, қоршаған ортаны арнайы эстетикалық, моралдық және адамгершілік тұрғыда қабылдауы.

Этностық бірліктің тілі мен жазуы – этнос өкілдерінің ойлау ерекшеліктерін және дүниетаным деңгейлерінің, көзқарас ерекшеліктерінің көрсеткіші.

Этностық бірлік өкілдері, әдетте, мына белгілермен:

- тарихи дамуы;
- территориясы;
- тілі;
- мәдениеті;

- психикалық ділі бар адамдар жиынтығы болып түсіндіріледі. Этностық бірлік өкілдерінің өзінің тұтастығын сезінудегі оның көрінісі - «біз» деген түсінік.

Р.Г. Абдудалипов өзінің «Адам. Ұлт. Қоғам» атты еңбегінде, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті кез-келген ұлтаралық қатынастар аумағының қажетті атрибуты бола тұрып, өз табиғатына сай қоғамның рухани өмірінің феномені, яғни ұлтаралық қатынастардың адамгершіліктік, моралды-саяси мәнінің арнайы көрінісі болып табылатынын көрсетеді [6, 143-б.].

Жалпы ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі туралы тілге тиек еткенде, қарым-қатынас процесі міндетті түрде «топ», «ұжым» «политоп» деген ұғымдармен тікелей байланысып жатады. Ресейлік Ю. Данилевич өзінің ұлтаралық қатынастарды зерттеуге байланысты ғылыми жұмысында ұлтаралық қарым-қатынастардың пайда болуына байланысты өз ойын былайша білдіреді: «сауда-саттық және мемлекеттер арасындағы соғыстар нәтижесінде пайда болған ұлтаралық қатынастар, адамдардың өзіндік ұлттық психикалық ерекшеліктерінің бекуіне әсер етті. Капитализмнің дамуы, яғни ұлттың толық қалыптасуы барысында әр ұлт өкілдері психологиясы өздеріне тән спецификалық көрінісіне ие болды». [7, 6-б.]

Ал психолог-ғалым Л.К. Көмекбаеваның пікірінше, «көп ұлтты мемлекеттегі күнделікті қарым-қатынас процесінде этнопсихологиялық факторларды ескеріп, құру қажет. Бөтен халықтар мәдениетінің этнопсихологиялық тұрғысымен танысуы – олардың өзінің сол халыққа тиістілігін жете түйсінуі жақсы түсінуге алып келеді» деген ойын ортаға салады [8, 17-б.]. Осы тұрғыда, ұлтаралық қарым-қатынас мәселесін терең зерттеу үшін, алдымен «этнос» ұғымының мәнін ашу қажеттілігі туындайды.

Этнос және ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде С.А.Арутюновтың, Э.А.Баграмовтың, Ю.В.Бромлейдің, Л.Н.Гумилевтің және т.б. көптеген ғалымдардың этнологиялық теориялары этносаралық қатынас мәнін терең түсініп және аталмыш процестің ерекшеліктерін анықтауда маңызды орын алады.

Мәселен, Л.Н. Гумилев [9, 285-б.] этносты географиялық, табиғи құбылыс ретінде қарастырады. Оның пікірінше «этнос»: «қайталанбас мінез-құлық стереотипі мен ерекше ішкі құрылымы бар, басқа да сәйкес топтарға өзін қарсы қоятын динамикалық жүйе». Сонымен қатар, этностың негізгі белгілеріне ол өзіндік сана мен мінез-құлық стереотипін жатқызады және этностық ерекшеліктер индивидте туа емес, әлеуметтену процесінде қалыптасатынына тоқталады. Дегенмен кеңестік дәуірде А.Ю.Бромлейдің этностық теориясын жақтаушылар басымырақ болған. Ғалым этносты белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан, ортақ тілі, мәдени және психикалық ерекшеліктерімен айқындалатын адамдардың тұрақты бірлестігі ретінде қарастыра отырып, этносты – кең мағынада «әлеуметтік организм» терминімен байланыстырады [10, 58-б.].

Ал әлеуметтану ғылымында «этнос» ұғымына: «этнос – белгілі бір сыртқы түр-келбеттің ортақ белгілері, сондай-ақ біршама қалыпты мәдениет және тіл белгілері, мінез-құлық, қоғам және басқа ұлттар мен нәсілдерге ұқсайтын адамдар тобының тарихи қалыптасқан бірлестігі, одағы» деген анықтама беріледі [11, 107-б.]. Тарихи этнологиялық бағытта «этнос» ұғымы айрықша полиэтникалық және жалпы әлеуметтік заңдылықтарға тәуелді ерекше әлеуметтік жүйе туралы сөз қозғалғанда қолданылады. Аталмыш заңдылықтар этностың табандылығын қамтамасыз ететін ішкі механизмдері мен этнос мүшелерінің мәдени келбеті мен мінез бітістерінен көрініс береді.

Көрнекті тарихшы-этнограф Лев Гумилев: «этнос дегеніміз – жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік аймақтың бірлігінде жатқан, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, тілі мен мәдени мұрасы бір халықтар тобы» [9, 13-бет.] - деген анықтама береді.

Қазақстандық ғалым С.Қалиев өзінің «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» атты еңбегінде «этнос» ұғымы мен оның пайда болу заңдылықтарына тоқтала келіп, «әр ұлттың өзіне тән мінез-құлық құрылысы ұрпақтан-ұрпаққа көшкен сайын өзгеріп отырады. Ол – этностың үнемі әлеуметтік дамуда болатындығының айғағы» деген пікір білдіреді. [12, 13-б.]. Сонымен бірге, «этнос» гректің – *ethnos* – тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда «халық» терминінің орнына «этнос» термині орынды қолданыла бастады. Бұл термин этностың негізгі тарихи түрі – «тайпа», «ұлыс» («народность»), «ұлт» ұғымын түгел қамтиды. Сондықтан «этнос» терминін қолдану қолайлы екендігін айтады [13, 10-б.].

«Қазақстандық жалпыұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптастыру технологиясы» атты еңбектің авторлары «этнос» терминін екі мағынада түсіндіруге тырысады: біріншіден, этникос; екіншіден, этноәлеуметтік организм. Бір этникосқа өз елінің ауқымынан тысқары жерлерде тіршілік етуші сол этностың барлық топтары жатады. Ал этноәлеуметтік организм міндетті түрде ұлттық мемлекетпен үзілмес бірлікте. [13, 13-б.].

Ю.В.Бромлейдің қағидасы бойынша: «адамзат – ол халықтар». Осы қағидаға байланысты ХХ ғ. екінші жартысында басылым беттерінде «этнос» мәселесіне байланысты ғылыми жарияланымдар көптеп шыға бастады [14, 5-40-б.]. Бұл мәселе, кеңестік дәуір кезеңінде этникалық факторларға баса назар аударылмауына тікелей байланысты болды. Сондықтан, «этнос», «этникалық» терминдерін А.В.Сухарев, В.В.Тихомин, А.А.Шапорева сияқты ғалымдар жаңа ұғымдар қатарына жатқызады, ал негізінде аталмыш ұғымдар алғаш рет Оксфорд сөздігінде 1972 ж. тіркелді [15, 37-50 б.].

Жалпы алғанда, этнос – этникалық өзіндік сананың ықпалынан, алдымен, этникалық тиістіліктен, сананың констатациялау іс-әрекетінен құралады. Ұлттың пайда болуы – объективті тарихи дамудың нәтижесі емес, ұлттық, тілдік, территориялық, мәдениеттік қауымға индивидуумдардың психикалық (саналы не санасыз) іс-әрекет өнімі ретінде ұғынылады.

Аталмыш зерттеу жұмыстарында «этнос» және «этнос аралық қарым-қатынас» мәселесі жан-жақты зерттелінген. Мәселен шетелдік Краусс, Роттер, Хейдер және тағы басқа да көптеген зерттеуші-ғалымдар түрлі әлеуметтік-экономикалық және этникалық топтардағы балалардың коммуникативтік іскерліктерінің дамуын зерттей отырып, бақуатты топ тұрғындары балаларының нәтиже көрсеткіштеріне қарағанда, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары әлдеқайда басым топтарда өте төмен болатынын анықтады [16]. Ал бірқатар ресейлік ғалымдар мәдени аралық айырмашылықтарды зерттеудің әдістемелік тәсілдері ХХ ғасырдың бас кезінен жүргізіліп келетіні белгілі. Ғалымдардың мәдени аралық кеңістігіне шығу әрекеттері әдістемелерді дамытудың магистралды бағытын анықтады [17].

Ғалым С.М. Жақыпов өз еңбегінде оқу процесін ұйымдастыру жағдайында тұлғаның этникалық ерекшеліктерін ескеру өзекті болып отыр, өйткені білім алушылардың бірлескен таным әрекеттерінің дамуымен қатар және басқа да қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді. Бірлескен

таным әрекеті жағдайындағы өзара әрекеттесуші және білім алушы тұлғалардың этникалық ерекшеліктерінің көрінісі – жалпы ақпарат қорының субъективті-мағыналы мазмұнының шарты болып саналады. Яғни аталмыш болжамды нақтылау үшін, моноэтникалық және полиэтникалық оқу топтарындағы бірлескен таным әрекетінің нәтижелері әр түрлі болатындығын айта кеткен жөн. Осыған орай, таным әрекетіне жүргізілген сарамандық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша, моноэтникалық топтарға қарағанда полиэтникалық топтардың нәтижелілігін байқауға болатындығын тілге тиек етеді [18, 250-б.]

Ойымызды қорытындылай отырып, қарым-қатынас адам өмірінде ауадай қажет әрі, өз бетінше белсенді әрекет ету формасы ретінде жүзеге асырылады. Бірақ көп жағдайларда тәжірибелік әрекеттерге кіріктіріледі, себебі белсенді, жан-жақты қарым-қатынассыз ол мүмкін болмас еді. Адам дамуы, оның тіршілік етуі, оның айналамен байланыс жасауы қарым-қатынассыз мүлде мүмкін емес. Сонымен қатар, «коммуникативтік кәсіп» субъектілерінің, яғни соның ішінде полимәдениетті ұжымдарда жұмыс атқаратын педагогтардың қарым-қатынас жасай білу құзыреттіліктерін дамыту мәселесіне баса назар аудару қажет. Қазақтың ұлы ақыны, философы Абай Құнанбаев: «адам өміріндегі ең ғажайып нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деген қағидасы қарым-қатынастың адам өміріне өте қажет екендігінің дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оганджаниян Р.С. Некоторые вопросы формирования этнических стереотипов в мононациональной среде.// Психологический журнал. Том 10. №1. 1989. с. 49-55.
2. Серікжанова С.С. Этносаралық қатынастарды нығайтудағы бұқаралық ақпарат құралдарының ролі.// Вестник НАПК, 2007, №2. 14-19 б.
3. Сухарев А.В., Бухарева С.Л. Особенности этнической идентичности подростков в этнически ориентированных учебных центрах.// Вопросы психологии. 2005. №6. с. 82-90.
4. Гасанов Н.Н. О культуре межнационального общения //Социально-политический журнал. 1997. № 3. С. 233; Он же. Особенности формирования культуры межнационального общения в многонациональном регионе //Педагогика. 1994. № 5. С. 12.
5. В.Крысько. Социальная психология в схемах и комментариях, СПб.: Питер,2003ж.,-286 с.:ил.
6. Абдугалипов Р.Г. Человек. Нация. Общество. –М.: Политиздат, 1991. -224 с.
7. Данилевич Ю. И. Влияние национальной психологии на поведение казахов в конфликтных ситуациях: Дисс.к.псих.н. по спец.:19.00.05./(МГСА).–Москва, 2001г. -179 с.
8. Көмекбаева Л. К. Мұғалімдірдің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: 19.00.01 б/ша психол.ғ.к.дисс. –Алматы, 2002ж.-135 б.
9. Гумилев Л. «Как возникают и исчезают народы?». Л.,1984. 13-б.
- 10.Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. М.: Наука, 1983, с. 58.
- 11.Социология. Лекциялар курсы., жауапты ред. Басқарған Ә.Х.Тұрғынбаев., Алматы, «Білім», 2000ж., 107-б.
- 12.Қалиев С., Қазақ этнопеддагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, «Рауан», 1998ж. 13-б.
- 13.Нарматов С.З., Мұсатаев С.Ш. Қазақстандық жалпыұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптастыру технологиясы. Астана, 2002ж. -112 б.
- 14.Бромлей Ю.В., Подольный Р.Г. Человечество – это народы.М.:Мысль,1990.
15. Сухарев А.В., Тихомин В.В., Шапорева А.А. Этнофункциональный подход в детской онкологии. //Вопросы психологии. №6. 2002г. С.37-50./
- 16.М.Коул, Скрибнер С. Культура и мышление: Психологический очерк./ Под ред.А.Р. Лурия. –Москва. Изд-во: «Прогресс». 1977. -260 с.
17. Солдатова Г.У. О Методологических проблемах этнопсихологического исследования.// Психологический журнал. 1992. Том 13. №4. с. 33-43.
- 18.Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения: -Алматы: Қазақ университеті, 2004.-312 с.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Миралиева А.Ж.,

Жалғасбаева Ж.К., Болатова А.Б.

Баишев университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы,

Бұл мақалада Ж.Аймауытұлының психологиялық-педагогикалық көзқарастары қарастырылады. Зерттеуде элеуметтік-психологиялық тұжырымдамалардың негіздері және білім беру мен тәрбие процесінің теориялық концепцияларының пайда болуы туралы шешілмеген мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: педагогикалық психология, психологиялық даму, оқыту, тәрбиелеу, білім беру субъектілері.

Ж.Аймауытұлының психологиялық мұрасында ерекше орын алатын саланың бірі – тәлім-тәрбиелік психология мәселелеріне арналған еңбектері. Психология ғылымының осы саласы XIX ғасырдың екінші жартысында алдымен Европа елдерінде, кейіннен АҚШ пен Ресейде дүниеге келді. Европа континентінде бұл мәселені алғаш қолына алған ағылшын, неміс, француз психологтар болды. Ал XIX ғасырдың аяқ кезінде психологияның осынау қолданбалық маңызын көре білген АҚШ ғалымдары педагогикалық психологиямен бастады. Өйткені жас ұрпақты тәрбиелеудің оны тиімді, нәтижелі етіп оқытудың, сондай-ақ, сол қоғамды билеп, төстеушілердің сойылын соғатын азаматтарды тәрбиелеу, оның жан-дүниесін танып, білу осы салалардың еншісіне тиетін мәселер еді [1].

Бала ана құрсағынан бастап есейгенге дейін қалай өсіп жетіледі? Сондай-ақ мұны мектепте, тіпті мектепке дейін қалай сапалы оқытып, жақсылап тәрбиелеуге болады? Мұның психологиялық сыры неде? Бұл мәселелер сол кездегі психологтарды да көп толғандырып, қызықтыратын еді. Әсіресе, Америка психологтары басы Стенли Холл (1846-1924) болып кейіннен Гезель, Термен тағы басқалар да осы мәселенің ғылыми астарларын қарастырып, бұларды колледждер мен университеттерде оқып жүрген келешек мұғалімдерді қаруландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Ал Ресейде жас және педагогикалық психологияны алғаш зерттеген ғалымдардың пікірінше «жеке адамның қылығын элеуметтен тыс қарастыру мүмкін емес» деп ойды тұжырымдаған.

Тәлім-тәрбиелі туралы Аймауытұлы жасаған тұжырымдар сүбелі де сындарлы. Бұл жөнінде алда толығырақ тоқталамыз. Өйткені жеке адамның тәрбиесі - элеумет қылығының айнасы. Заман озған сайын элеуметте өзгеріп отырады. Содан бастап адамның қылығы да өзгереді. Міне, осынау тұжырым Блонский мен Аймауытұлының бұл мәселеде бір арнадан тоғысатынын көрсетеді. Осы айтылғанға орай ол жеке адам қылығының қалайша өсіп жетілуі жолының, оның тарихын зерттеу керек дейді. Мұндай түсінік Блонский айтатын психологиядағы генетикалық принципімен орайласады, өйткені қай кезде де адамның жан-дүниесінің қалыптасу жолын, шығу тегін зерттеу психологияның негізгі көздеген мақсаттарының бірегейі. Табиғаттану ғылымдарында генетикалық принцип көптен қолданылып келеді. Сондықтан психологияның да бұл әдісті тұтынуы керек. Өйткені психология тірі заттың мінез-құлқын, рефлексстерін зерттейтін пән дегенде, Блонский мен Аймауытұлы орыс психологиясының сол кезлегі алыптарының бірі Б.М.Бехтеревтің рефлексологиясына, Джон Уотсонның бихевиоризміне жақын пікірлерін қуаттайды. Бұл жерде Аймауытұлы да, Блонский де адам - табиғаттағы тірі заттардың бір бөлігі деп тұжырымдаған. Бұл ғалымдар адамның қылығы уақытқа, ортаға, нақты әрекетке қарай өзгередінін айта келіп, адамды бір жағдайда элеуметтік тұлға ретінде қарастырады. Әрине, мұндай тұжырым, қазіргі ғылыми психологияға жат, теріс түсінік. Бірақ Блонский де Аймауытұлы да Уотсон сияқты сананы жоққа шығармайды, оның жасампаздық сипатына ерекше мән береді. Орыс топырағында педагогикалық психологиядан Катерев тұңғыш рет (1877 жылы) оқу құралын жазды. Ал Ушинский өзінің «Адам – тәрбиесінің санасы» деген кітабында бұл мәселенің анық ғылыми астарларын жан-жақты қарастырды. Ушинскийдің бұл мәселедегі кредосы «біз адамды жақсы тәрбиелегіміз келсе, оны жан-жақты зерттеп, білуіміз керек» деген қағиданы ұстанды. Ушинский мен Каптеревтен кейін психологияны егіздің сыңарындай екі саласын әрмен қарай дамытушы орыстың белгілі психологы А.П.Нечаев (1870-1948) елеулі еңбек сіңірген еді. Өзінің Семейде болған жылдарында, әсіресе ондағы педагогикалық институттың педагогика және психология кафедрасын басқарған кезде А.П.Нечаев осы мәселені қазақ жерінде өркендету

жолында біраз әрекет етті. Оның қаламынан «Психология» деген кітап туындады. Ал автордың өзінің жазған өмірбаянында Семейде жүрген кезінде осындай психологиялық оқу құралын, соның ішінде жас және педагогикалық психологияға арналған мәселелердің көтерілгендігін айтады. Әрине, дүниежүзілік психологияға елеулі үлес қосқан психологтың қазақ жерінде болуы да, оның осы еңбегін тауып, көпшіліктің назарына ұсыну да – алдағы жерде қазақ психологтарының парыздарының бірі. Кейіннен бұған орыс психологтарынан үлес қосқандар - аты шулы Л.С.Выготский мен П.П.Блонский, В.Г.Добрынин мен Д.Б. Эльконин, Е.В. Мухина мен А.Д. Лисина, Л.Ф.Обуховалар.

Енді осы мәселелердің қазақ топырағындағы жағдайын сөз ететін болсақ, психологияның осы екі саласына қатысты жәйіттерді алғаш бірінші көтерген де Жүсіпбек Аймауытұлы еді. Ж.Аймауытұлынан бұрын да сонау есте жоқ ерте замандардың өзінде атақты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби трактаттарында да жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктеріне, оларды оқытып, тәрбиелеудің мәселелеріне көңіл бөлінген. Оның «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Азаматтық саясат», «Бақыт жолын сілтеу» деген еңбектерінде терең толғаныстар мен сындарлы пікір айтылған. Бұл мәселе қазақ топырағында одан кейінгі кезеңдерде Бұқар-жырау (XVIII ғ.) мен Шал-ақынның толғауларында, сондай-ақ, біздің ұлы ойшыл ақынымыз Абайдың өлеңдері мен кара сөздерінде, қазақтың тәлім-тәрбиелік психологиясының алғашқы іргетасы қалана бастады дер едік. Осы тақырыптың төңірегінде Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері мен философиялық еңбектерінде, сондай-ақ, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасында» сөз болып отырған психология ғылымының салалары Ж.Аймауытұлынан сәл бұрынырақ көтерілген болатын. Мәселен, М.Жұмабаев өзінің «Педагогикасында» тәрбие мен оқу ісін өзара байланыста, біртұтас мәселе ретінде қарастырады. Бұл жөнінде: «Тәрбие жалаң ақылға емес, адамның қайратына, сезіміне де бағытталады, білімдендіру көбінесе – ақыл жұмысын күшейтуге арналады». Яғни, тәрбие тағылымы адамның өмірге келгеннен кейінгі кезеңдерінің бәріне де орын алып отырады. Бұл туралы автор: «Тәрбие сәулесі түспейтін адамның ешбір қалтарысы жоқ. Тәрбие берілмеген жерде шын ақылды, мәдениетті адам болмақ емес»-деп түйін жасайды [2].

Ж.Аймауытұлы «Әдет заңы» атты еңбегінде тәлім-тәрбие иірімдеріне, халықтық дәстүр-өнерлерге психологиялық астарларына үңілушілік байқалады. Мәселен, ол әдептің жақсы түрлері (батылдық, қанағатшылдық, шыдамдылық т.б.), жаман түрлері (арақ ішу, насыбай ату т.б.) аталады. Сонымен бірге «оқытушының міндеті – балаларға алдыңғы өмірінде пайдалы боларлық әдеттерді сіңірту. Адам бала тәрбиелеу керек. Істің табан тірейтін дерегі не десеніз – әдет», - деп жауап беріледі. Осы еңбектерінде де адамгершілік мәселелеріне, еңбек тәжірибе тағылымдарына ден қояды. Жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты төмендегі кеңес беріледі: «...күнін босқа өткізбей, өз жемісін таза еңбекпен алған жас жігіт тәрбиесі берік болды. Ерінбей еңбек еткен адам күндердің күнінде замандастарының ішінде жетік кісі болуында сөз жоқ. Бұл шындықты жастар жасынан тоқығаны дұрыс». Бұл аталмыш мәселелер сол кезеңнің шындық сәулесі емес, бүгінгі күндегі ұлттық тәлім-тәрбиенің басты талаптарын да құрайды.

Авторы тәрбие тақырыбының мұрат-міндеттерін айқындау үшін, жануарлармен адамның өзінді артықшылықтарын сөз етеді. Нәтижесінде – автор «жануар мен адамның тұрмыс мақсаты екі басқа» деген қорытындыға келеді [3].

Бұл еңбек адам мен жаануардың жаратылысы, іс-әрекеттері туралы әртүрлі мысал-деректерін келтірген. Әсіресе, тәрбие мәселесіне өзіндік ой-пікірлерін білдірген. Тәрбие екі түрлі: дене тәрбиесі және жан (рух) тәрбиесі. Жануар көбінесе денесін тәрбиелесе, адам баласы жанын (рухын), ақлын, сезімін, жігерін, мінезін, тәрбие қылу керек. «Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленген кісі саңыр жақтау бола береді. Мінездің, ақыл-қайраттың әр түрлі болмағы тәрбиенің түрлі-түрлі болмағанынан». Расында, дене және ой тәрбиесі, оның бірлігі мен пайдалы тұстарын, бүгінгі өмір де жоққа шығармайды. Керісінше, бірін-бірі толықтыратын біртұтас әлемді құрайды [4].

Ж.Аймауытұлы тәрбиенің шын мағынасы мен мақсатын – адам табиғатымен, тұрмысымен, өмірімен байланыстырады. Бұл ретте бес түрлі сипат айрықша аталады. Олар: дене сезімдері зат; жан қайраты бар затты; адамгершілік сапа; әлеуметтік – мемлекеттік зат; шеберлік, суретшілік зат.

Ж.Аймауытұлы аталмыш сипаттар адам тәрбиесінде, қоғам, мемлекет ісінде айрықша орынға ие. Автор оттан да ыстық Отанды адамшылықтың биік белесі,-деп оған құрмет пен сезім өзгеше болу керектігін айрықша айтады. «Адам тек адамдар арасында ғана адам бола алады» (И.Бехер) деген қағидалы ойлар қоғам, заман, уақыт бедерлерімен биіктей түседі. Ең негізгісі, тәрбие тәлімі белгілі бір ортада қалыптасып, дамитыны жан-жақты баяндалады [5].

Аталмыш еңбекте тәрбие мақсаты мен қуатына зор мән беріледі. Автор адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие екеніне мол мысал келтіре отырып, ғалымдардың ой-пікірлеріне ден қояды. Жеке адамның қоғамдағы орнын, Отанға деген сүйіспеншілігін, адамгершілік, әділдік жолындағы іс-әрекеттерін кең көлемде сөз етеді. Бұл бағыттағы ғылыми тәжірибе әсерінің мәні терең түсіндіріледі. Нәтижесінде: «...адамның өмір сүруіне бір мақсат бар болса, тәрбиеде де мақсат болуға тиіс. Ол мақсат жалпыға пайдалы болуы тиіс», - деген өз ойым тұжырымдады.[6].

Ғалымның ұстаздың тәрбие шарттары жөніндегі ой-пікірлері бүгін де мән-мағынасын жоймағанын байқаймыз. Автор әрбір адамның туу, қалыптасу, жетілуінде тәрбие шарттарына ерекше мән береді.

Негізінен алғанда, бұл еңбек бірнеше маңызды қырларымен назар аудартады. Олар: тәрбие мақсатын айқындаудан; тәрбие туралы ойшылдар пікірін назарда ұстаудан; тәрбие шарттарына көңіл бөлуден; тәрбие маңызын арттырудан тұрады.

Жалпы адам өмірінде, оның қалыптасуы мен дамуында, іс-әрекеттерінде тәрбие тәлімінің сан тарау әсері мол екені белгілі.

Ж.Аймауытұлының аталмыш еңбегінің түйінінде айтылғандай: «ақылды адам көбейсе, Отанның күзетшісі, қорғаны... тәрбиешіге Отанның келешек өмірі тапсырылады». Тәрбие жұмысы үзілмей жалғаса бергені абзал. Әлемдік мәдениет пен халықтың рухани байлықтарының қоғамға, оның іс-әрекеттеріне қажетті тұстарын танып, таразылау пайдалы болмақ. Тәрбие талғамы, өнегесі ретінде бабалар (би-шешендер т.б.) сөзін отбасында, өмірде үлгі ретіне көрсете білу қажет.

Ең негізгісі, әрбір отбасы шаңырақтағы жас буынды өмірдің жалғасы, қоғам тірегі, оларды ұлт болашағы деп танып, берік сенім мен дұрыс көзқарасты жоғалтпауға, төмендетпеуге тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытұлы Ж. Психология. Жан жүйесі және өнер таңдау. - Алматы.-Рауан.-1995.-311б.
2. Аймауытұлы Ж. Тәрбиеге жетекші. – Орынбор.-1924.-183б.
3. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. –Алматы. –Қазақстан.-1996. -159б.
4. Жарықбаев К.Б. Аймауытұлы Ж – Классик казахской советской психологии. //Психол. журнал. – 1990. –т. II. – №4. -137-139б.
5. Блонский П.П. Избранные психологические произведения. М.,Изд.АИН РСФСР. -1964.
6. Каптерев П.Ф. История русской педагогики. -2-е изд. – Пг: «Земля», 1915.- 746б.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАСЫН ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАФОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕУ

Б.М. Сатыбаева

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2 курс магистранты

Графология – бұл адамның мінез-құлқын анықтау, қабілеттері мен қарымдарын зерттеу мақсатында жүзеге асырылатын ғылым саласы бола отырып, тұлғаның өзін және өзгелерді танып білудегі қызықты да, құнды әдіс ретінде дамып келеді.

Түйін сөздер: графология, жеке тұлға, диагностика, қолжазба, зерттеу.

Ғылымда графология саласының дамуына байланысты қазіргі таңда адамның қолтаңбасына қарап отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерімен байланыстылығын зерттеу өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр [1, 2]. Алайда, қолтаңба арқылы адамның мінез-құлқын зерттеу қосымша зерттеу әдістеріне жатқызылып келді. Дегенмен, қазіргі күні аталмыш зерттеу жұмыстары көптеп қолданылып жүр. Осыған байланысты біз зерттеу жұмысымызда тұлғаның мінез-құлқы мен қолтаңба сипаттамасы арасындағы өзара байланысты эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүзеге асырдық.

Зерттеу жұмыстарын жүргізудегі мақсатымыз - тұлғаның мінез-құлқы мен қолтаңба сипаттамасы арасындағы өзара байланысты анықтау.

Зерттеу болжамы: тұлғаның нақты мінез-құлқы мен қолтаңба сипаттамасы арасындағы өзара корреляциялық байланыс бар.

Зерттеу объектісі - қолтаңба ерекшеліктері; зерттеу пәні – қолтаңба мен тұлғалық ерекшеліктер арасындағы өзара байланыс.

Зерттеу жұмысына барлығы 100 сыналушы қатысты.

Тұлғаның қолжазбасын психологиялық диагностикалау әдісі тұлға мен оның жазуы арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді [3, 4]. Зерттеу жұмысы екі кезеңнен тұрады:

1) «алғашқы кезең» - тұлғаның қолжазбасы арқылы оның мінез-құлық сипаттарының кейбір ерекшеліктері туралы ақпараттарды жинақтау үшін тұлғаны диагностикалау;

2) «нақты диагностика» - тұлға ерекшеліктері туралы нақты ақпараттарды жинақтай отырып, оның психологиялық портретін жасау.

Бұл әдістің мақсаты – жазу дағдыларын анықтауды зерттеу мақсатында, тұлғаның нақты психологиялық портретін жасау. Психологиялық портрет адамның мінез –құлық белгілерін және де ішкі, психологиясын айқындайды [5]. Оның ең негізгі функциясы – тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау құралдары. Психологиялық портрет білімдер базасымен сипатталмайды, негізінде жеткілікті білімдердің белгілерімен бейнеленеді. Психологиялық портрет әдісі мынадай жағдайларға байланысты қолданылады, тұлға туралы қосымша ақпарат алу кезінде, оның эмоционалды жағдайы, психикасы, мінез–құлқы және т.б. жағдайлар.

Портрет бойынша келесі ақпараттар сипатталады:

- тұлға туралы жалпы сипаттама;
- тұлғаның индивидуалды белгілері дағдысы, әдеті;
- тұлғаның жас ерекшелігі;
- тұрғылықты жері (диалектісіне байланысты);
- оқитын, жұмыс орыны;
- білім деңгейі және кәсіби іс-әрекеті;
- өз өміріндегі жағдайлар;
- психологиялық ауытқулардың болуы;
- антропологиялық және функционалды сипаттамалары (сыртқы бейнесі, дене тұрпаты, пантомимикасы) және т.б.

Тұлғаның қолжазбасын психологиялық диагностикалау әдісінің «алғашқы кезеңінде» жалпы адамның жазуына жалпы талдау жасалады [6].

Тұлғаның келесі мінез бітістері зерттеуге алынды:

- Авторитарлық;
- Эгоистік қасиеті;
- Агрессивтілік;
- Сенімсіздік;
- Бағыныштылық;
- Тәуелділік;
- Достық;
- Альтруизм.

Зерттеу жүргізуге қажетті құрал-жабдықтар мен ережелер.

1. Жазуға қажетті құрал-жабдықтар, үстел.

Қолтаңба қалдыру үшін тап-таза ешқандай төкөз немесе жолы жоқ ақ қағаз керек (А4 форматтағы). Қағаздың астында бірнеше бет қағаз немесе дәптер қойылуы тиіс, себебі, тым қатты немесе тым жұмсақ жерде жазу қолтаңбаға кері әсер етеді. Үстелдің үсті тегіс болуы қажет. Қаламсап сиясының түсі – көк, шарикті болғаны дұрыс.

2. Отыру.

Орындыққа жайлы отыру, зерттелушінің көңіл-күйі – қалыпты болғаны дұрыс.

3. Не жаздыру және қалай жаздыру қажет?

Мәтін: көлемі және мазмұны еркін, оның еш мәні жоқ. Кез-келген еркін тақырыпты алуға болады. Қалыпты темпте жаздырған жөн. Жазбаның төмен жағына қол қойғызу қажет.

4. Қолтаңба тілі.

Өз ана тілінде, немесе қай тілді меңгерген болса сол тілде жазғаны дұрыс. Тек иероглифтерді қолдануға болмайды.

1. Қолтаңбаның үлкендігі

А) кең құлаштылық – ауқымды мәселелерді ғана ойлап, оларды талдағанды жақсы көреді;

Ә) шағын – деректі ұғымдардың аясында ғана ойлайды.

2. Қолтаңбасының ұзақтығы

А) барынша созылықы – мәселелерді тереңінен ойлайды. Жақын немесе бейтаныс адамдардың ісіне рұқсатсыз араласқанды жақсы көреді;

Ә) қысқа – мәселенің төркінін бірден анықтайды. Бір іспен ұзақ айналысқанды ұната бермейді.

3. Қолтаңбасының түрі

А) дөңгелек – жұмсақ, мінезі жібектей, аса мейірімді, салмақты;

Ә) әріптерінің бұрыштары үшкір – шыдамсыздық, қатандық, тәуелсіздік, қыңырлық.

4. Әріптерінің ара-қашықтығы

А) әріптер бір-бірінен алыс орналасса, ысырапшыл, бірақ қолда барын өзгеден аямайды;

Ә) әріптері бір-біріне тығыз орналасса – үнемшіл, сараң (әсіресе, әріптер кішкене болса).

5. Қолтаңбаны қоюдағы қосымша элементтер

А) дөңгелек – идеялар мен шешілмеген мәселелердің аясында қалып қою;

Ә) ирек сызықтар – қыңырлық пен байқағыштық;

Б) суреттер – шығармашылық қабілет.

6. Қолтаңбаның қағаз бетінде орналасуы

А) сол жаққа еңкейіңкі – өз-өзін өзгелерге таныта білетін және қоғамдағы пікірлермен келісе бермейтін адам;

Ә) оң жаққа еңкейіңкі – барлығына түсіністікпен қарау, мінездің тұрақтылығы;

Б) әріптер тік орналасса – ұстамдылық, ақыл, қайтпас қайсарлық;

В) Қолтаңбаны әр кез әр түрлі бағытта қоятындар – тұрақсыздық пен зымияндық;

Г) жатыңқы орналасқан әріптер – маңызды психологиялық ауытқуларды білдіреді.

7. Қолтаңбаның бағыты

А) жоғары – оптимизм;

Ә) төмен – пессимизм;

Б) біркелкі – тұрақты мінез.

8. Соңғы таңбаның ұзақтығы

А) соңғы таңбаның қысқалығы талғамсыздықты көрсетсе, керісінше ұзарта түсетін адамдар байқампаз, жан-жағын үнемі бақылап жүретін жандар.

9. Қолтаңбаның астын сызу

А) төменгі бөлігін – кекшілдік, өзін-өзі жақсы көру, өзгелердің пікіріне тәуелділік;

Ә) жоғарғы бөлігі – мақтаншақтық, атақ-абыройды сүю.

Б) қолтаңбаның өзін сызу – өз-өзіне көңілі толмаушылық.

10. Симметрия

А) симметриялы – адалдық;

Б) симметрияға мән бермеу – тұрақсыздық,

11. Күрделілігі мен қарапайымдылығы

А) қарапайым – бұл адам «менде қиыншылықтар жоқ» ұстанымымен өмір сүреді;

Ә) күрделі – түймедейді түйедей етуге құмар жандар;

Б) ерекше – шығармашылық белсенділігі зор.

12. Түсініктілігі


Қолтаңбасы түсініктірек болған сайын, ол адамның мінезі ашық жарқын келеді.

13. Қаламды ұстауы

А) тым қатты ұстап жазатындар – ашуланшақ;


Ә) солғын – құпиялылық;

Б) қатты батырып жазу – өзіне деген сенімділік.



Сурет – 1. Қолтаңба үлгілері

Қолтаңбаның қандай болуы адамның темпераментіне де байланысты болуы мүмкін. Ғылымда әр темперамент өкілдерінің қолтаңбаларын зерттеген жұмыстар бар. Мысалы, сангвиник темпераментті адамның жазуы төмендегідей сипатта болады:




Знает лучше поздравиться, правда, бывает переопека или
нездоровая собственная милость, но в основном горит
характера ясны самому себе.
Написав Вам меня специально любопытство: а что если
мой позер откроет мне где-то как-то мои стороны,
о которых я и не подозреваю. Уже было мастерски.
Вы выдерживаете не только натуре людей. И
этот Ваш профессионализм приверит меня в будущее
или...

Сурет -2. Сангвиник темпераментті адамның қолтаңбасы

Суретте көрсетілгендей, бұл типтегі адамдар жазбаны тез жазуға ұмтылады, өздерін іштей бақылауы күшті болғандықтан, мәтінді басып жазады.


Келесі темперамент – флегматик. Бұл типтегілер өте салмақты болғандықтан жазуды асықпай, байыппен жазады. Жазбалары жүйелі, интервалдары бірдей, әріптерінің көлемдері де бірдей келеді.



Описанные процессы
ежедневно повторяются
обработкой в кругу
дружеской.

Сурет – 3. Флегматиктің қолтаңбасы


Холерик типіндегі адамның қолтаңбасын түсініп оқу қиынға соғуы мүмкін. Себебі, ол өте асығыс жазғандықтан және іштей бақылау болмағандықтан жазбалары әртүрлі болып түседі.



Корректировка между собой
Вед. Чтобы заставить
показать откровенность
их людей и болевшего
халма, их нужно наделить
гвоздями и шпатель. Формы
того, чтобы жилаемно...

Сурет – 4. Холериктің қолтаңбасы

Меланхоликтер керісінше тапсырманы өте баяу орындайды. Асықтырған жағдайда жұмыс нәтижесіне тікелей әсер етеді.



Всё обещанное последние
годы морозов будет
на. Убедительная
Име не слышны
Больше пугает сам
лишь только если он
переломной еіан
М не слыши посту
эрек был как
Страна сегодня...
Страна завтра...

Сурет – 5. Меланхоликтің қолтаңбасы

Жазу процесі – ерікті түрде жасалған әрекет, ұзақ уақыт жаттығу нәтижесінде қалыптасады. Жазу процесі тез, автоматты түрде жазылып жатқан қозғалыстар болғандықтан,

оларды жоспарлау орындаушы тарапынан еленбей жүзеге асырылады [7, 8]. Жазуды көп жазбайтын тұлғаларда да қолтаңба қою кезінде қимыл дағдыларының тұрақтылығы сақталады.

Сараптамалық тәжірибеде жиі кездесетін зерттеулерге келетін болсақ, олар:

- адамдар өз жазуын, қолтаңбасын әдейі өзгертумен жазатын жазулар мен қолтаңбаларды орындауы. Кейін осы әрекетінен бас тарту ниеті болған адамдар өз жазуын: басқа адамнан қарызға ақша алу кезінде қолхат жазу барысында, өзін басқа адамның атынан таныстырғанда, тағы басқа жағдайларда өзгертеді. Адам өз жазуы мен қолтаңбасын әдейі өзгерткенде – жазудың жалпы белгілері (қимылдың бағыты, қалыптасу дәрежесі, жалпы құрылысы, ұзақтығы) өзгеріске ұшырайды;

- басқа адамның қолтаңбасына еліктеп орындалған қолтаңбаларда аз емес. Қолтаңбаны еліктеп орындауда – жеке тұлғаның меншігіндегі мүлікке қатысты құқықтарды растайтын құжаттарды рәсімдеу (сату-сатып алу, сыйға тарту, банктік несиелік құжаттары т.б.) кезінде орын алады. Басқа адамның қолтаңбасына еліктегенде негізінен азаматтың жеке куәлігі, төлқұжаты, автокөлікті жүргізу куәлігіндегі қолтаңбаны орындауға тырысады. Адам қартайған кезде қолжазудың қозғалысы баяулап, әріптерді қысқартып жазады. Жазу танып сараптамасы ғана қартайған жастағы адамдардың жазуындағы организмнің физиологиялық қартаюынан, ауруы салдарынан пайда болған белгілерді тауып, бағалап тиісті қорытынды бере алады [9].

Мінез-құлық сипаттарын анықтауда жазуға мұқият талдау жүргізе отырып, жауаптарды жүйелі түрде кестеге тіркеп отыру қажет. Әрбір бөлім бойынша сәйкес келген жағдайда «+», ал сәйкес болмаса «-» белгілерін қойып отырған жөн.

Сипаттамалары:

I. Жазудың сапасы

1. жоғары;
2. орташа;
3. төмен.

II. Жазудың құрылымы

1. әріптердің биіктігі;
2. әріптер мен сөздер арасындағы аралықтардың алшақтығы;
3. әріптердің биіктігі мен ені жазу барысында өзгермейді;
4. жазу жолдары интервалдары мен жолдардың биіктігі сақталған.

III. Жазу темпі

1. біркелкі жазу;
2. жазуды жазып отырғанда қаламды мүлде көтермей жазу;
3. әріптердің қарапайым құрылымы;
4. қаламды қағаздан қайта-қайта көтеруі;
5. штрихтардың үшкірлігі;
6. әріптердің қиындығы;
7. әріп штрихтарының бітеу болуы.

IV. Жазу координациясы

1. қисық, түсініксіз жазулар;
2. домалақтап, әдемілеп жазу;
3. әріп штрихтарының нақты жазылмауы.

V. Жазудың тұрақтылығы

1. формасы;
2. өлшемі;
3. жазу белгілері;
4. қағазда орналастыру ерекшеліктері.

VI. Жазудың сапасы

1. жазу қозғалысын түзеуге беталыс;
2. қысқартуға бейімділік;
3. ұсақ бөлшектерді жоқ қылып жіберуге бейімділік;
4. ұсақ және нақты жазу;
5. созылыңқы жазулар.

VII. Жазу құрылымы

1. тік жазбалар;
2. домалақтап жазу;
3. ілмекті жазу;

4. сүйір бұрышты жазу;
5. жазудың оңға қарай бағытталуы;
6. жазудың солға қарай бағытталуы;
7. әріптердің жеке осьтерінің позициясы тікелей қолды көрсетеді;
8. жазудың жеке осьтерінің позициясы оң жаққа бағытталған бейімділікті көрсетеді;
9. әріптердің жеке осьтерінің позициясы сол қолтаңбасы бар қолжазбаны көрсетеді;
10. тұрақсыз қолжазба;
11. кішігірім қолжазба байланысы;
12. орташа қолжазба жақындығы;
13. ірі қолжазба жақындығы;
14. әріптердің биіктігі төмен;
15. жазудың биіктігі орташа;
16. жазудың биіктігі үлкен;
17. сызықтар мен сөздер арасындағы аралықтардың болуы;
18. үзілістер үлкен;
19. орташа;
20. шағын;
21. жазбалардың өзгеру бағыттары мен формалары;
22. жолдың бағыты сол жақтан оң жаққа қарай жоғары;
23. жолдың бағыты сол жақтан оң жаққа қарай төмендейді;
24. қолжазба тікелей, тұрақты.

Кестені толтырғаннан кейін нәтижелерді жүйелеуіңіз керек, яғни алынған жауаптардың кодын жазыңыз. Кейін психологиялық түрлердің «үлгісін» енгізу керек және қорытынды жасайық. Тип кодын генерацияланған кодпен қаптаған кезде, көбірек сәйкестіктерді іздеу керек. Түрлер арасындағы ең көп сәйкессіздік (біреуінің және бірінің «+») санының арасындағы айырмашылық жеті бірлікті құрайды.

Жеке тұлғаның түрлерінің сипаттамалары зерттеушінің психологиялық портретінің сипаттамасына негіз болуы тиіс. Қорытынды жинақталып сараланады.

Тұлға типтерінің салыстырмалы-диагностикалық белгілері келесі кестеде берілген:

Іс-әрекет аумағы	Тұлға типі		
	I. Ішкі	II. Сыртқы	III. Практикалық
<i>Танымдық аумақ</i>			
<i>Ақпарат көзі</i>	Өзіңізді тауып, ойлар тудырады (міндетті түрде ақпараттық емес)	Басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда	Практикалық әрекеттер мен нәтижелерді табады
<i>Қиындықтар туындаған мәселелерді шешу түрі</i>	Жазбаша дереккөздерде	Басқа адамдармен қарым-қатынас жасау	Сіздің мәселенізді шешуде өз ойларыңызды және сұхбаттарыңызды ұйымдастыруда
<i>Қиын логика мен дәлелдердің болмауы</i>	Қатаң логика	Көбінесе басқалардың пікіріне сенім артуы қатаң логика	Басқалардың пікірлеріне бағдарлау
<i>Шешімдерді қабылдау ерекшеліктері</i>	Өз ой-пікірін өзгерту идеясын немесе идеясын өзгерту өте қиын	Өз ойлау тұжырымдамасы топтың әл-ауқатының пайдасына өзгереді	Қабылданған шешім дұрыс емес болса да, ақыр аяғына дейін сақталады
<i>Эмоционалдық аумақ</i>			
<i>Эмоциялық қажеттілігі; динамизм және тәжірибенің прогрессивтілігі; ішкі немесе сыртқы тәжірибе</i>	Тәжірибедегі қиындықтар: күтпегендіктің, біркелкіліктің, қиын кезеңде құпиялылықты сақтау	Адамдармен қарым-қатынасы: тепе-теңдік және болжамдылық, мәнерлілік, ашықтық, ұстамау	Қиын кезеңде іс-әрекеттер: жазықтықтың орташа деңгейі және болжамдылық
<i>Мінез-құлықтық аумақ</i>			
<i>Жүрісі</i>	Бұрыштық, ыңғайсыздық, әлсіздік	Сергектік	Күшті
<i>Қимылы</i>	Бұрыштық, ыңғайсыздық,	Сергектік	Күшті

<i>Бім-ишара</i>	Болмауы, өзін ұстай білу	өзін еркін ұстау	Бойын сенімді ұстау
<i>Мимикасы</i>	Әлсіз, жоқ болуы, өзін қатты бақылау	Ішкі әлеміне сай	Әртістік қабілет
<i>Сөйлеуі</i>	Баяу, әлсіз шудан қашу	Жеңілдік, жай	Тез, нақты
<i>Жағымды</i>	Өз өмірін алдын ала жоспарлау	Міндеттемелерден аулақтық	Жағдайға қарай әрекет ету
<i>Зейін</i>	Мұқият, жинақы	Бір нәрсе туралы ойланып, не болып жатқанын көре алмау	Бір нәрсе туралы ойланып, не болып жатқанын көре алмау
<i>Табысты іс үшін қажет</i>	Өз жұмысын нақты ұйымдастыра алу	Тәжірибе	Жақсы қарым-қатынас, эмоционалдық тонус керек
<i>Жаңа жұмысқа кіріскенде</i>	Нұсқаулықпен танысады	Бірден жұмысқа кіріседі	Көп жұмысты бастап алып, әрең үлгеруі мүмкін
<i>Өзінде бағалайтын қасиеттері</i>	Мінез, ерік, табандылық	Интеллект	Қиял, қабілеттері
<i>Сезім мен ақылдың арақатынасы</i>	Ақылды бірінші орынға қояды	Екеуі бірдей орында	Сезімді бірінші қояды
<i>Жаңа компанияға</i>	Абайлап үйренеді	Бақылайды	Бірден араласып кетеді
<i>Қателіктерді түзеудегі қиыншылықтар</i>	Адамдармен қарым-қатынаста	Жұмыста	Техника және құжаттармен

Демек, жоғарыдағы талдаулар негізінде қолтаңбаның сипаты мен адамның жеке дара ерекшеліктері яғни, темпераменті және мінез-құлқы арасында өзара байланыс бар деген болжам жасалынды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алесковский С.Ю. О возможностях психолого-почерковедческой диагностики. Алма-Ата, 1993.
2. Алесковский С.Ю. Основы графологии: учеб.-метод. пособие. - М.: Юрлитинформ, 2006. - 216 с. - (Б-ка криминалиста)
3. http://diplus.ru/statii/grafologiya_formirovanie-i-najim-pocherka
4. http://www.grafologia.perm.ru/publ/znachimye_imena_v_razviti_i_grafologii_grafologija_ehto_nauka
5. Зуев-Инсаров Д.М. Почерк и личность. М., 1993.
6. Романова Е.С. Графические методы в практической психологии. СПб., 2004.
7. Справочник по графологии: Связь почерка с характером. - Тюмень, 1992. - 136 с.
8. Сара Д. Тайны почерка. М., 1996.
9. Обозов Н.Н. О чем расскажет почерк. СПб., 1993.

ФАКТОРЫ, СПОСОБСТВУЮЩИЕ РАЗВИТИЮ ЗАВИСИМОГО ПОВЕДЕНИЯ

К. Алпысбаева

Магистрант Академии Кайнар

В последнее время проблема отклоняющегося поведения человека является весьма актуальной для общества и исследуется в широком контексте медицинского и психологического познания. Недовольство реальной жизнью и желание уйти от нее является одной из сложнейших проблем человеческой жизни. Формы и способы ухода чрезвычайно разнообразны и нередко носят патологический характер. Одной из таких форм является зависимое поведение, когда жизнь человека и его поведение начинают жестко зависеть от различных факторов.

Ключевые слова: зависимость, аддикция, аддиктивное поведение, виды зависимостей, психология зависимости.

Процессу появления и развития аддиктивного поведения могут способствовать биологические, психологические и социальные влияния. Совокупность факторов в каждой конкретной ситуации определяет степень риска формирования предрасположенности к зависимому поведению.

Под биологическими предпосылками подразумевается определенный, своеобразный для каждого способ реагирования на различные воздействия, например, на алкоголь. Замечено, что лица, изначально реагирующие на алкоголь, как на вещество, резко изменяющее психическое состояние, более предрасположены к развитию алкогольной аддикции [1]. Американские ученые также выделяют такой фактор как генетическая предрасположенность к различным формам аддиктивного поведения, передающаяся по наследству.

Под социальными факторами, влияющими на развитие аддиктивного поведения, понимаются дезинтеграция общества и нарастание изменений с невозможностью к ним своевременно адаптироваться. Большое значение в возникновении аддикций имеет такой фактор, как психологические травмы детского возраста и насилие над детьми, отсутствие заботы с предоставлением детей самим себе [2].

К психологическим факторам относятся личностные особенности, отражение в психике психологических травм в различных периодах жизни.

Ведущую роль в формировании аддиктивных расстройств играют определенные психологические особенности человека: снижение переносимости трудностей в повседневной жизни, наряду с хорошей переносимостью кризисных ситуаций; скрытый комплекс неполноценности, сочетающийся с внешне проявляемым превосходством; внешняя социальность, сочетающаяся со страхом перед стойкими эмоциональными контактами; стремление обвинять других; попытки уйти от ответственности в принятии решений; стереотипность поведения; зависимость, тревожность. Эти черты в различных сочетаниях встречаются в преморбидном периоде, что позволяет считать их фактором, предрасполагающим к развитию аддикции. Для аддиктов характерно стремление к контролю, эгоцентризм, дуализм мышления, желание произвести ложное впечатление отсутствия проблем и благополучия, ригидность, задержка духовного развития [3].

К макросоциальным факторам, влияющим на развитие аддиктивного поведения, относятся дезинтеграция общества и нарастание в нем изменений, к которым некоторые члены общества не способны адаптироваться. Среди микросоциальных факторов, способствующих возникновению аддиктивного поведения, выделяют семейные и внесемейные взаимодействия, которые определяют индивидуальные реакции, особенности общения, систему предпочтений индивида. Их влияние может быть как конструктивным (поддерживают развитие личности, способствуют продуктивному общению, взаимопониманию), так и деструктивным (способствуют фиксации на страхе, комплексе вины и неполноценности) [3, 489 с.].

Развитию аддикций способствует такой фактор, как отсутствие четких границ между членами семьи, что приводит к неопределенности круга обязанностей, уходу от ответственности и стремлению избавиться от чувства вины с помощью аддиктивного поведения. Человек в повседневной жизни в любой ситуации стремится к психологическому комфорту, а если это стремление не осуществляется, может появиться та или иная зависимость. В основе практически всех зависимостей лежит внутриличностный конфликт или противоречия, с которыми личность не может справиться, не прибегая к уходу от реальности. Поэтому зависимость представляет собой личностное нарушение.

Синдромы, относящиеся к аддиктивному поведению, еще называют компульсивным поведением [4, с.24]. Под компульсивным поведением понимается поведение или действие, совершаемое для интенсивного возбуждения или эмоциональной разрядки, трудно контролируемое личностью и в дальнейшем вызывающее дискомфорт. Такие паттерны поведения могут быть внутренними (мысли, образы, чувства) или внешними (работа, игра). Компульсивное поведение дает возможность имитации хорошего самочувствия на короткий период, не разрешая внутриличностных проблем. Такое поведение можно считать патологическим, если оно отражает единственный способ совладения со стрессом [5].

Таким образом, причин, по которым у людей возникают различные зависимости, множество. Сюда относятся личностные отклонения и психические заболевания человека, из-за которых он не может реализовать себя иным способом и ищет веселья и необычных ощущений в приеме спиртного или наркотиков [6].

Провоцирующими факторами отклоняющегося, аддиктивного поведения также считаются нервно-психическая неустойчивость, акцентуации характера, поведенческие реакции группирования, реакции эмансипации и другие особенности подросткового возраста [7].

Большинство авторов связывают предрасположенность индивида к аддиктивному поведению с определенными акцентуациями характера (гипертимный, неустойчивый, конформный, истероидный, эпилептоидный типы). Акцентуация характера, по А.Е. Личко, – это чрезмерное усиление отдельных черт характера, при котором наблюдаются не выходящие за пределы нормы отклонения в психологии и поведении человека [7, 19 с.]. Акцентуация не есть патология, «заостренные» особенности характера могут проявляться не везде и не всегда и, как правило, не оказывают существенного влияния на успешность социальной адаптации [8].

В.Шабалина разработала концепцию зависимого поведения, основные положения которой выглядят следующим образом [9]:

- Зависимое поведение можно определить как внешние действия человека, связанные с непреодолимым влечением к какому-либо объекту, т.е. оно обусловлено психологической зависимостью от него.
- Объект зависимости, с одной стороны, является средством удовлетворения потребности, лежащей в основе влечения, а, с другой стороны – ведущим мотивом деятельности.
- Источником формирования зависимого поведения является влечение к какому-либо объекту, обладающему особой привлекательностью для человека. По мере развития отношений с объектом, влечение возрастает и становится непреодолимым, что выражается в потере контроля над поведением.
- Корни зависимого поведения лежат в отношении человека к себе, другим и окружающему миру, т.е. в философии человека, которая влияет на выбор человека в определении способов удовлетворения базовых потребностей.
- Динамика формирования зависимого поведения определяется результатом разрешения конфликтов между стремлением человека к удовольствию и необходимостью учитывать интересы других людей или общества.

Анализируя особенности аддиктивной личности, В.Д. Менделевич ссылается на Э. Берна и через призму его теории раскрывает сущность аддиктивной личности. По мнению Э. Берна, у человека существует шесть видов голода: голод по сенсорной стимуляции, голод по признанию, голод по контакту и физическому поглаживанию, сексуальный голод, структурный голод, или голод по структурированию времени, голод по инициативе. У аддиктивной личности каждый вид голода обостряется. Она не находит удовлетворения чувству голода в реальной жизни и стремится снять дискомфорт и неудовлетворение реальностью стимуляцией тех или иных видов деятельности [10].

В развитие положений теории культурно-исторической детерминации психики человека сложились собственные традиции исследования проблемы самосознания личности. В такого рода исследованиях самосознание рассматривается как этап в развитии сознания, подготовленный развитием речи и ростом самостоятельности и изменениями во взаимоотношениях с окружающими. Основопологающим принципом для понимания природы самосознания (сознания) личности является принцип его социальной детерминированности. Это положение отражено в культурно-исторической концепции психического развития Л.С. Выготского, в теории деятельности А.Н. Леонтьева и работах С.Л. Рубинштейна.

Считается, что формирование личности происходит под влиянием других людей и предметной деятельности. При этом оценки других людей включаются в систему самооенок личности. Далее самосознание включает отделение субъекта от объекта, «Я» от «не-Я»; следующим элементом является обеспечение целеполагания и далее – отношение, основанное на сопоставлении, связях предметов и явлений, понимании и эмоциональных оценках, – как еще один элемент. Через деятельность человека происходит формирование сознания (самосознания), которое в дальнейшем влияет и регулирует ее. Самосознание также «выпрямляет» когнитивные компоненты образа «Я», подстраивая их к уровню высших ценностных ориентаций личности. В своем реальном поведении на человека влияют не только эти высшие соображения, но и факторы низшего порядка; особенности ситуации, спонтанные эмоциональные импульсы и т.д. Это весьма затрудняет прогнозирование поведения личности на основе ее самосознания, вызывая в некоторых случаях скептическое отношение к регулятивной функции «Я».

Категории «Я» концепции базируются, подобно любой системе категоризации, на восприятии внутригруппового сходства и межгруппового различия. Они организованы в иерархически классифицированную систему и существуют на разных уровнях абстрагирования: чем больший объем значений охватывает категория, тем выше уровень абстрагирования, и каждая категория включена в какую-то другую (высшую) категорию, если она не является самой высшей. «Я» концепция и самосознание тождественны друг другу, определяя одно явление, направляющее процесс идентификации и именуемое в психологии как личность.

Таким образом, представленные выше результаты анализа научной литературы показывают, что существует множество подходов в изучении «Я» концепции, рассматривающих проблему в тесной связи с самосознанием, самопознанием, самооценкой в процессе развития личности, с различных теоретических позиций, иногда взаимосвязанных, а иногда и противоречащих друг - другу.

Литература:

1. Матаев Б.А., Матаева А.К. «Мен» концепциясы және оның құрылымы // Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары», Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 26 сәуір 2019 жыл. Алматы, 2019 - С. 501-504
2. Психология самосознания: Хрестоматия / ред.-сост. Д.Я. Райгородский. – Самара: Издательский дом «Бахрах-М», 2003. – 303 с.
3. Кули, Ч.Х. Человеческая природа и социальный порядок / Ч.Х. Кули. – М.: Идея-Пресс: Дом интеллектуальной книги, 2000. – 312 с.
4. Мид, Дж. Г. Избранное / Дж. Г. Мид; пер. В.Г. Николаева. – М., 2009. – 290 с.
5. Фрейд, З. Введение в психоанализ: Лекции / З. Фрейд; пер. с нем. Г.В. Барышниковой;

под ред. Е.Е. Соколовой, Т.В. Родионовой. М.: Азбука-Аттикус, 2011. – 480 с

6. Хьелл, Л. Теории личности / Л. Хьелл, Д. Зиглер; пер. с англ. С. Меленевская, Д. Викторова. – СПб.: Питер Пресс, 1997. – 608 с.

7. Роджерс, К.Р. Становление личности: Взгляд на психотерапию / К.Р. Роджерс. – М.: Эксмо-Пресс, 2001. – 416 с.

8. Бернс, Р. Развитие Я-концепции и воспитание / Р. Бернс. – М.: Прогресс, 1986. – 422 с.

9. Кон, И.С. В поисках себя: личность и её самосознание / И.С. Кон. – М.: Политиздат, 1984. – 335 с.

10. Столин, В.В. Самосознание личности / В.В. Столин. – М.: Просвещение, 1983. – 288 с.

11. Ассаджоли, Р. Психосинтез / Р. Ассаджоли. – М.: Рефл-бук, 1997. – 316 с.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ

Д. Бекпауов

Қайнар академиясының магистранты, Алматы қаласы

Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығы көптеген зерттеушілердің диссертациялық еңбектерінің арқауы болған. Атап айтқанда, Р.Досжанова, Қ.Әбдікова, Д.Құсайынова, Г.Шоқымова және Ә.Мірәлиева. Академик С.Қирабаев пен Р.Сағынбекұлының монографияларында да Ж.Аймауытұлының шығармалары барлық жанр бойынша жан-жақты талданып, ол туралы мәліметтерді толықтыра түсті. Әйткенменде Ж.Аймауытұлының шығармаларын этнопсихологиялық тұрғысынан талдаудың әлі кемшін тұстары көп, этнопсихологиялық көзқарастары туралы толық зерттелмеген.

Түйін сөздер: Жүсіпбек Аймауытұлы, өмірбаяны, ғылыми еңбектері, психолог-зерттеуші, ғалым.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының халқы «Рухани жаңғыру» бағдарламаның аясында өзінің тарихына үгіліп, тоталитарлық режим кезіндегі тоқырап қалған кемшіліктерін толықтыруға жол ашты. 30-жылдардағы репрессия жағдай жас және болашақ ұрпақтың өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінен ажырап қалуына, сондай-ақ мәңгірт болып қалыптасуына күшті әсер етті. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі арқасында қазіргі кездегі өскелең ұрпақ ата – бабаларымыздан қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрып тағы басқа игі істерінен толық қол үзіп, ажырамай қалуының басты себебі болып отыр.

Халқымыздың ғасырлар бойы жинаған рухани мұрасын, атап айтқанда, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жораларының тәрбиелік мәні мен этнопсихологиялық жақтарын өз заманымыздың ғалымдары тереңінен зерттеп, оны ұрпаққа барынша түсіндіруде. Мұны осы саланы зерттеумен шұғылданып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектері дәлелдейді. Отандық зерттеушілер Қ.Б.Жарықбаев, А.Т.Ақжанова, Ж.Сейтнұр, А.Ж.Мірәлиева, В.В.Чистов, С.Қ.Қалиев, Қ.Жүкеш, Ә.Табылдиев, Ж. Түркпенұлы, Н.Жанділдин, А.Мандықаева, С.Б.Бердібаева т.б. ғылыми еңбектері осының айқын дәлелі.

Аталмыш ғалымдарымыз ұлттық тәлім-тәрбиелік мәні зор қазақ халқының ауыз әдебиетіне, шешендік сөздер, айтыс өнеріне байланысты пікірлерін ортаға салып, сонымен қатар көрнекті ғұлама ғалымдарымыздың еңбектерін (Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашғари, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы т.б.) зерттеген. Біз өзіміздің зерттеу объектімізде тоталитарлық заманның құрбаны, «ұлтшылдық» әдебиеттің өкілі саналып келген ақын, прозашы, драмашы, сыншы, публицист, аудармашы әрі ғалым – Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларындағы педагогикалық психологиялық және этнопсихологиялық мәселелерді зерттеп көрсетуді алдымызға мақсат етіп қойдық.

Туған халқымен алпыс жылдан кейін қайта көрісіп, табысқан біртуар қазақ зиялаларының ішінде тәлім-тәрбие, оқу-ағарту мәселелері саласында сындарлы, терең мағыналы ғылыми еңбектерді өндіре жазған тұлғаның бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы. Бас аяғы бес-алты жылдың ішінде оның осы салада алты кітап жазуы – бұл айтқанымыздың дәлелді айғағы.

Біздегі ұлттық психологияның терминдерінің алғаш жүйеге түсуі де Ж. Аймауытұлының есімімен байланысты. Қай кезде де термин сөздерге ауыр жүк жүктелген,

олардың жекелеген ғылымның қзіндік ерекшелігін бажайлап көрсете алу абзал. Ғалымдардың пікірінше, ғылыми ұғымдардың ана тілімізде дұрыс түйінделуі аса мұқтияттылықты қажет етеді, сондықтан да біз әрбір терминнің тұрақты орын алуына, біртіндеп ширай түсуіне қамқор болғанымыз жөн, –дейді ана тілін зерттеушілер. Осы айтылғандарға 20-шы жылдардың өзінде-ақ Ж. Аймауытұлы ерекше назар аударғаны құптарлық жәйт [1, 102-103].

Жүсіпбек Аймауытұлы –XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы құғын-сүргін, зорлық-зомбылықтың құрбаны. Ұлттық әдебиетіміздің көшбасшыларының бірі, қоғам қайраткері, аса ірі тұлғалардың бірі. Ол – ақын, прозашы, драмашы, аудармашы, зерттеуші, сыншы, публицист. Жүсіпбек Аймауытұлы 1889 жылы (кей деректер бойынша 1890) қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қызылтау болысының бірінші ауылында дүниеге келген. Өз-әкесі Аймауытта, оның әкесі Дәндебайда шағын шаруалы адамдар болған. Арғы аталары дәулетті, ауқатты болған деседі. Жүсіпбектің 15 жасқа дейінгі өмірі өз ауылында өтеді. Ол ауыл молдасынан оқып, сауатын ашады. Тиіп-қашып әр қилы молдалардың, өзінің айтуынша, Жүніс қожа, Шәймерден қожа, Қожахмет молда, Қапар қажы, Мұхамеджан алдын көріп, ескіше едәуір білім алады. Содан кейін біраз уақыт өзі молдалық құрып, бала оқытады. «Қарт-Қожа» романында Жүсіпбек Аймауытұлы бала молда ретінде өз өмірінің осы тұсын суреттеген [2, 138].

1907 жылы Жүсіпбек молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс мектебіне түседі. «Оспанның Серебрянников дейтін тілмашы мені тәуір көруші еді. Баянда соның үйінде жаттым. Онда бір қыс оқып, екі бөлімін бітіріп, келесі жылы Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебіне барып емтихан ұстадым»дейді ол. Бірақ ауыл шаруашылық мектебінде ұзақ уақыт оқи алмайды. Бір айдай ауыл шаруашылық жұмысына қатысып, одан кейін екі ай ғана оқуға мүмкіндік алған Жүсіпбек мектеп ережесі мен әділетсіздікке қарсы бой көтерген балалардың қатарында оқудан шығып қалады.

Осыдан кейін біраз уақытын ол бала оқытумен, Баяндағы мектептің үшінші класында оқуын жалғастырумен өткізеді. Содан кейін 1911 жылы Керекуге келіп, екінші класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алады. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1919 жылы бітіреді. 1920 жылы қаңтар айында Жүсіпбек партия қатарына (РКП (б) кіреді.

1921 жылы Губревком таратылып, Семей губерниялық атқару комитеті құрылғанда, Жүсіпбек Аймауытұлы Губатком мүшесі және оқу бөлімінің бастығы болып сайланады. Кейін «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып істейді. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі болып, 1924-1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол » газетінің редакциясында қызметтер атқарады. Жүсіпбекті әдейі арандату үшін, Ишанов сияқты өзімшіл, күншілдердің қасақана жапқан жаласы газетке жазған мақалаларымен тынбайды. Олар Аймауытовтың соңына жарық алып түседі. 1923 жылы басталған пәле–жала онан сайын асқындап, өрши түседі. Ақыры Жүсіпбек тұтқынға алынып, 1926 жылы сотқа тартылады. Сот тергеуі үстінде жабылған жалған жаланың беті ашылып, Аймауытұлы ақталып шығады. Жүсіпбектің өмір жолындағы басынан кешкен осы бір қиянат уақиғаның тарихы жан-жақты зерттеліп, жазылуы керек.

1926-1929 жылдары Шымкент педтехникум директоры қызметін атқарып жүрген кезінде, ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген саяси айып тағылып, 1929 жылы Аймауытұлы тағы да тұтқынға алынады. Абақтыға қамалып, тас қамал, тар қапаста ауыр азап шегіп, тарыққан аяулы азамат Аймауытұлына енді қайтып жарық дүниені көру нәсіп болмайды. [3, 138].

Ол кедейдің баласы еді, үйінен келетін көмек жоқ, қаладағы ауқатты тұрғындарды малын күтіп, қорасын тазалайтын, суын тасып, отын жағып, күлін шығарып.... күн көретін. Оған Жүсіпбек ерінбейтін де, намыстанбайтын да, сабағынан да қалмайтын. Бір тамашасы ағаштан түйін түйетін шебер еді. Қазақтың екі аяқ арбасын, киіз үйдің сүйегін жасайтын. Ер қашайтын, етік тігетін, кереге көктейтін. Домбыра жасайтын, домбыра тартып, ән салатын, өз ойынан өлең шығаратын, оны өзі шығарған әнге қосатын.

Жүсіпбектің әдебиетке деген құмарлығы ерте жастан оянған тәрізді, оған: «Ауылдағы өзім құрбы балалардан хатты ерте таныдым... Қисса, өлең кітаптарды көп оқушы едім. Қадыкеш апамның бір сандық қисса кітаптары бар еді. Қыстың ұзақ кештерінде алғашқыда Қадыкешке, соңынан Ақат екеуімізге әкем қисса оқытқызып отырушы еді », – деген сөздері дәлел. Бір сөздерінде ол алғаш өлең жазумен 13 жасынан бастап әуестенгенін тілге тиек етеді. Қалай дегенмен де Жүсіпбектің творчестволық қалыптасуына халқымыздың ауыз әдебиеті, фольклорының тигізген әсері өте зор деп айтуға болады.

Қазіргі халық әні деп жүретін «Ахау Семей», «Бір бала» соның әндері дейтін; бірақ әлі толық зерттеліп, дәлелденбеген.

Училищені бітірген жылы (1914 жылы болса керек) Керекуде тұратын бір бай ағайыны қайтыс болады. Әйелі Жүсіпбектен он жас үлкен еді, соған қарамастан жесір жеңгесіне үйленеді. – Мұны қайтесің? Ол шеше бола ма дегендерге – Сендер түк білмейсіңдер, әлі көрерсіңдер, – деп жүре жауап беретін. Сөйтсе әлгі бай әйелдің қаражатымен Павлодарда газет шығармақ ойы болған екен. Бірақ шығара алмады. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті де ойы іске аспай қалды. Содан Семейге оқуға кетеді.

1919 жылы Семинария бітірген жылы Волкова Вера атты орыс қызына үйленеді. Верадан 1919 жылы Бектұр, 1920 жылы Жанақ деген балалар туады, (олар туралы Р.Сағынбекұлының «Жүсіпбек» атты кітабында бар.) Вера кешікпей қайтыс болды. Одан кейін Евгения Қарабатырқызы Сермұхамедовамен отасады. Одан 1926 жылы Муза деген қыз туған. Евгенияның әкесі Қарабатыр Арыстанұлы Сермұхамедов (1870– 1951) Қазанда жоғары оқу орнын бітірген. Әйелі Александра Николаевна – орыс қызы, (Қарабатыр – Кирилл, Бектұр – Виктор, Жанақ – Юрий деп аталған)

Музаның айтуы бойынша, Жүсіпбек тұтқындалып кеткенен соң Евгения Крупскаяға бірнеше хат жазған, бірақ біреуіне ғана жауап алған: 1931 жылдың аяғында Крупская: «Сіз босқа әуре бола бермеңіз, жұбайыңыз жер бетінде жоқ. Мен оны әбден тексеріп білдім», – деген, жауап хат жазған деген дерек бар [4].

Жүсіпбек – көркем сөздің ерен жүйрік зергері. Ол әрі ақын, әрі жазушы, журналист, публицист, сыншы, асқан шебер аудармашы және педагог ағартушы. Ол музыка өнерінің терең сырына қанық, өзі әнші, өзі музыкант- сегіз қырлы бір сырлы өнерпаз. Адамгершілігі зор, адал жүректі, адам баласын алаламайтын, ақкөңіл, мейірімді, ар-ұжданы биік, жаны таза, шыншыл, әділеттен айнымайтын, таймайтын, рухани ер, адал азамат. Осындай қасиетін халық үшін еңбек етуге арнаған адам. Бұл айтып отырғанымыз жадағай, қыздырма қызыл сөз емес. Үлкен жазушының сан салалы, мағыналы мол еңбегі, артында қалдырған бай әдеби мұрасы еріксіз мойындатқандықтан айтылған қалтқысыз шын, адал сөзіміз, өзіміздің ой қорытындымыз, өз пікіріміз.

Жүсіпбектен қалған мұра аса бай. Оның ішінде «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі мен көптеген әңгімелер, «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Ер қорғаны», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалар, өлеңдер мен «Нұр күйі» поэмасы, «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Тәрбиеге жетекші» атты ғылыми еңбектері, балаларға арналған ертегі кітапшалар, сын мақалалар мен аударма кітаптар, оқулықтар бар. Оларды толық жинап бастыру, зерттеу – алдағы күннің міндеті.

Ж.Аймауытұлының «Қартқожа» романы 1926 жылы тұңғыш рет Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты. «Ақбілек» романы 1927–1928 жылдары «Әйел теңдігі» журналының бірнеше санында жарияланған, автор «Жанақ» деген псевдонимін қойған, «Күнікейдің жазығы» атты еңбегі 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналының бірнеше санында жарияланған. Бұл екі романмен повесть жеке кітап болып алғаш рет 1989 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. «Қызыл отау, қызыл бике» деген әңгімелері «Әйел теңдігі» журналында басылған, «Әнші», «Жол үстінде» әңгімелері «Терме» атты жинақ кітабында басылған. «Жол үстінде» әңгімесінің соңында «Қызылбас» деп қол қойған.

Халық ағарту комиссариатының алқа мүшесі болу, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болу, «Ақ жол» газетінде жұмыс істеу, Шымкенттегі педагогика техникумының директорлығы – мұның бәрі Жүсіпбек Аймауытұлының жаңа өмірді орнықтыру жолында аянбай қызмет еткен қоғам қайраткері болғанын көрсетеді.

Жүсіпбек Аймауытұлы «Алаш» партиясының құрамында болғаны үшін, сол кездегі саяси науқандарға араласқаны үшін, Торғай уезінің ашыққан халқына жәрдем ұйымдастырып, жиналған малды «өзі пайдаланып кетті» деген жаламен жауапқа алынып, артынан ақталады. Бірақ 1929 жылы «Қазақстандағы ұлтшылдық ұйымымен байланысы бар» деген сылтаулармен қайта тұтқынға алынады.

ОГПУ органдары істі тергеп, тексеруге тиісінше қылмысты іс қозғау жайында қаулы қабылданбастан–ақ айыптау мақсатына кіріскен. Тұтқындау үшін жеткілікті негіз боларлық айыптары жоқ болса да, прокурордың санксиясынсыз-ақ қамауға алынған. Тергеу бір жылдан астам жүргізілген және заңсыз тұтқында ұсталған осыншама ұзақ мерзім ішінде он төрт айыпталушының қылмысын дәлелдерлік бірде-бір факті табылмаған. Контрреволюциялық ұйымның болғандығына дәлел жоқ, ондай ұйымның бағдарламасы, ережесі, әлде бір алға қойған мақсаттары мен соларды жүзеге асыруға тырысқан іс-әрекеттері жөнінде тергеушілер ешқандай нақты дерек жинай алмаған. Соған қарамастан, айыптау қорытындысы жасалған да, ешкімнің

бекітуінсіз-ақ соттан тыс органның қарауына берілген. Айыпталушылар іс материалдарымен таныстырылмаған, ешқайсысына да өздерін қорғау үшін мүмкіндік туғызылмаған. Осындай қолдан ұйымдастырылған жасанды іс бойынша, он төрт адамға түгелдей сырттай үкім шығарылып, 4 сәуір 1930 жылы ОГПУ СНК СССР 58-7, 58-11 және 59-3 баптар РСФСР УК бойынша Жүсіпбек Аймауытұлы « халық жауы» деген атпен ату жазасына кесіледі, 42 жасында, нағыз шығармашылық толысқан кезінде қыршынынан қиылады [5, 3-4].

Қазақ қоғамы дамуының ең бір күрделі кезінде, әлеуметтік төңкерістер заманында өмір сүрген Жүсіпбек Аймауытұлы маңдайына жазылған, қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби ғылыми мұра қалдырып үлгерді. Ол В.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой шығармаларын аударды, «Интернационалдың» аудармасын жасады, ғылыми еңбектерді аударды: педагогика, психология, әдістеме, тәрбие туралы зерттеулер тудырды: әдебиет, эстетика, сын салаларына араласты. Әр жанрдағы публицистикалық мақалалар жазды: «Күнікейдің жазығы» повесі, «Ақбілек», «Қартқожа» романдары, сан алуан пьесалары – ұлтымыздың біртуар азаматының қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орнын анықтап тұр [6, 5-23].

Жазықсыз жазаға ұшыраған көптеген қазақ зиялылары сияқты. Жүсіпбек Аймауытұлы туралы да жалған деректер 1988 жылға дейін айтылып келді. Тек 1988 жылы ақталғаннан соң, ол кісінің еңбектері 1990-1995 жылдардан бастап жарық көре бастады.

1859 жылы Берлин университетінің жалпы тіл білімі кафедрасының приват доценті Г.Штейнталь неміс философы М.Лацарус пен бірге «Этникалық психология және тіл білімі» деген арнайы журнал шығара бастады. «Ұлттық психология туралы ойлар» атты мақалада олар психологияның мәнін білімнің жаңа саласы ретінде қарастырып, оның негізгі тапсырмаларын, зерттеу әдістерін қалыптастыруға тырысты. Олар этнопсихологияны «Халық рухы», яғни халықтың рухани өмірінің элементтері мен заңдылықтары туралы деп қарастырады.

Олардың пікірінше, (қоғамдық құбылыстары бір тайпаның рухы ретінде), «этнопсихология адамның рухани табиғатын зерттеумен қатар адам рухының заңдылықтарын да ашуы керек».

Олар түрлі қоғамдық құбылысты бір тайпаның рухы ретінде қарастыруға көп көңіл бөлді. Олар халықтардың тарихын, материалдық өндірістің күйі мен деңгейін, тілін, әдет-ғұрпын тайпа рухының әрекеті деп түсінеді.

Жүсіпбек Аймауытұлы оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектер де жазды. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде жас ұрпақтың тәрбиесі үшін ерекше рөл атқарған еңбектер болды.

Бұлардан басқа бірқатар саяси, тарихи еңбектерді, оқулықтарды қазақшаға аударуға қатысқан. Оның аударуымен Н.И.Бухарин мен Е.В.Покровскийдің «Коммунизм әліппесі», тарихшы, академик М.И.Покровскийдің «Ресейдің XIX-XX ғасырларындағы төңкеріс қозғалыстары тарихынан», «Орыс тарихы», Богдановтың «Саяси экономияның қысқаша курсы», П.И.Стучкидің «РСФСР конституциясы» атты кітаптары, С.Сабонов пен В.Верховскийдің «Химияның бірінші тәжірибе сабақтары» атты оқулығы басылған. Бұл Жүсіпбекті өз заманының жан-жақты білімді, ағартушы, педагог, ғалымы ретінде тұлғаландыра түседі.

«Тәрбиеге жетекші» (бала оқытушыларға) деп аталатын кітап 1924 жылы Орынборда басылған. Осы кітабы туралы «Еңбекші қазақ» газетінде басылған мақалада: « Жүсіпбектің тәрбиеге жетекші» кітабы – жыл құсы. Бұл кітаптың тілі өте жеңіл. Баспасы анық... Кітап аяғында пән сөздерінің қазақшасы тізілген...

...Жүсіпбек кітабы ескі сарынмен емес, жаңа сарынмен жазылған. Осы күнге шейін ғылымның оқыту, тәрбие туралы, шығарған қорытудың Жүсіпбек қазақ оқытушыларына ең керегін алып жазған. Кітапта «Қисын» (теория) аз, іс жүргізу жағы көп, бізге керегі де осы. Жүсіпбек оқытушыларымыздың тамырын жақсы айырған. Бұл кітапты оқып шыққан кісі мектептің мақсатымен танысады, қалай іс жүргізу екендігін де біледі. Қалай істі ұйымдастыруын да түсінеді. Баланы қалай оқытуын да үйренеді. Кітап оқытушыларға жақсы жетекші. Бұл кітапта оқытушылардың оқып шығуы аз, зерттеп жаттап алуы керек. Оқытудың тәртібі жайынан тәрбие алмаған мұғалімдер түгіл, оқу жолына маман оқытушылар да бұл кітапты дұрыстап оқуы керек», – деген әдемі пікір жазылған [7,133-134].

Драмашы ретінде Жүсіпбек Аймауытұлы ерте танылды. Семейде оқып жүргенде жастардың ойын-сауық кештеріне қатысып, өнер көрсеткен, басты рөлдерде ойнаған. 1917 жылдың аяғында оның «Ескі тәртіппен бала оқыту», «Рәбиға» атты тұңғыш пьесалары жазылып,

сахнада қойылды. Кейінірек 1925 жылы «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», 1926 жылы «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз» атты драмалық шығармалар жазады. Жүсіпбектің драмалық шығармаларына қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар негіз етіп алынады. Олардың негізгі тақырыбы — азаттық, бостандық идеясы. Халықты оқу-өнерге шақырады. Ел азаматтарын белсенді қимылға үндейді. Әйелдердің теңдігін қорғайды.

Жүсіпбек Аймауытұлы – өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтерген көптеген мәнді мақалалардың авторы. Кезінде «Абай» журналында, басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларында ол аласапыран өзгерістер заманының шындығын насихаттауға ұмтылды. Сонымен бірге, әдебиет төңірегіндегі мәселелерді қозғап, бірқатар әдеби-сын мақалалар жазды. 1918 жылы М. Әуезовпен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар», 1923 жылы жазған «Мағжанның ақындығы туралы», 1925 жылы жазылған «Сұңқар жыры», «Аударма туралы» атты мақалалары арқылы ол әдебиет сыншысы ретінде танылды. Оларда Жүсіпбектің әдеби шығарманы жазушы өмір сүрген дәуірмен, тарихи кезең ерекшеліктерімен байланыстыра отырып талдау шеберлігі айқын байқалады [8, 3-4].

Жүсіпбек Аймауытұлы кезінде аудармашы ретінде де танылды. Ол аударған А.С.Пушкиннің «Тас мейман», Н.В.Гогольдің «Бақылаушы» (Ревизор), А.Дюманың (Дәмелі), Дж.Лондонның «Телегей теңіз», К.Берковичтің «Өрбике», С.Чуйковтың «Тау еліндегі оқиға» атты шығармалары жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ аударма өнерінің өрісін қаншалықты кеңейтсе, жазушының әлем әдебиетінің көрнекті туындыларын қазақ тіліне аударудағы тамаша аудармашылық талантын да соншалықты айқын танытты.

Одан басқа Жүсіпбектің В.Шекспирден, Г.Мопассаннан, Р.Тагордан, М.Горькийден аударған шығармалары болғаны жайлы мәліметтер бар. Солардың бәрін жинақтап, ғылыми айналымға қосу бүгінгі күні өзекті мәселе.

Жазушы Жүсіпбек Аймауытұлының қай шығармасы болсын өзінің формалық ізденістері, тақырыптық алуандығы, идеялық тереңдігі, эстетикалық талғампаздығы жағынан ерекшеленеді. Өзі байқаған өмір көріністерін бейнелі тіл, жүйрік стильмен аса көркем етіп жеткізудің өзі оның аса дарындылығының кепілі. Оның қай шығармасын алсаңызда да қазақ ауылының келешекке деген үмітпен жаңарудың көрінісін көресіз. Сонымен қатар осынау шығармаларда адам болмысының сан-салалы, адамгершілік бастаулары хақында да философиялық ойлар бар. Өзінің реалистік бейнелеу мәнерімен, ізгілікті ұлан асыр ойымен Жүсіпбек Аймауытұлы қазақ кенес әдебиетіне үлкен үлес қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Қазақтың психологиялық ой-пікірлері. – 10 том. – Алматы: Таймас, 2006. – 480.
2. Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия/ Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1998. – 720 б.
3. Рахымжан Тұрысбеков. Жүсіпбек Аймауытов Оңтүстікте. // «Алматы ақшамы». – Қыркүйек, 13 жұлдыз 1991 жыл,
4. Сағынбекұлы Р. «Жүсіпбек». – Алматы: Санат, 1997. – 222 б.
5. Утебаев М. Жүсіпбек Аймауытов /Казахстанская правда, Сайт: <http://www.kazpravda.kz/news/kultura/zhelaya-schasty-a-narodu>.
6. Нурғалиев Р. Алғы сөз /Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. Алматы, 1995. – 5-20.
7. Жарықбаев К.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. – Алматы: Эверо, 2006. – 429.
8. Heritage, Kazakhstan` (n.d.). Сайт: <http://www.heritagenet.unesco.kz/kz/content/historu/portret/aymauitov.htm>.

«ЖАН ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ӨНЕР ТАҢДАУ» МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Д. Бекпауов

Қайнар академиясының магистранты, Алматы қаласы

Психологиялық тұрғыда маңызы жойылмайтын, көкейтесті мәселеге бағытталған Жүсіпбек Аймауытұлының «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты еңбегі бүгінгі күні өзекті мәселенің бірі. Бұл еңбек 1926 жылы Мәскеуден арап әрпімен жеке кітап болып, 3000 данамен

басылып шыққан. Автор кітабын тікелей мектеп мұғалімдеріне, халық ағарту саласының қызметкерлеріне арнайды. Бұл еңбекте бұрыңғы одақтық және шетелдік зерттеушілер жүргізген тәжірибе қорытындылары мол пайдаланылады.

Түйін сөздер: Жүсіпбек Аймауытұлы, өмірбаяны, ғылыми еңбектері, психолог-зерттеуші, ғалым.

Жүсіпбек Аймауытұлының негізгі идеясы – әр адам кәсіптің белгілі бір түрін таңдап алар кезде өз мүмкіндігін, өзінің қай кәсіпке бейім екенін білуі қажет, сонда ғана ол қоғамға көп пайда келтіреді деген өзекті ой кітаптың өн бойына арқау болған. Мұнда, ең алдымен, адам қабілетінің табиғаты зерттеледі. Автор: «Ол (адам) туыла белгілі бір өнерге бейім болып келеді, басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғайлы қабілет зеректігі болады, мәселен, біреу әскерлікке, не жазушылыққа, болмаса дәрігерлікке. Яки саудаға, біреу даулы сөзге ыңғайланып жаралады», – деген ойын көптеген мысалдармен, деректермен, тұжырымдармен дәлелдеп береді. Барлық мамандықтың қажеттігін айта келіп, табиғи икемділікке, қабілетке, оның биологиялық табиғи негізіне ерекше көңіл бөледі.

Автор қазақ жастарының психологиялық ерекшеліктері жайында біршама сөз ете келіп, былай дейді: «Адам қалай болса, солай сүйреуге көне беретін тулақ та емес, қалай қақса, солай домалайтын Алланың добы да емес. Адам өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат. Іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икемді болып туады. Басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсе – ыңғай, талап, қабілет, яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреуі етік тігуге, біреуі мал бағуға, біреуі әкім болуға, біреуі әскерлікке, біреуі жазушылыққа, біреуі дәрігерлікке, біреуі саудаға, біреуі сөзге, біреуі дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады. Тіпті болмайды да. Ең болмаса, өтірік айтуға зерек болып жаралатындар да кездеседі. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де көп пайда келтірмек». Сонымен қоса мамандықты таңдау – оның психологиялық жекелеген ерекшеліктеріне сәйкестену керек. Жүсіпбек өз ойын әрмен қарай төмендегіше жалғастырған: «...Бас мақсатын біржола ұмытып, әлеумет қызметіне біржола берілетін адам болуы мүмкін емес, ондай адам кемде кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды, біреу бойын тежеп, бас мақсатын көбірек бағалайды. Айырма жалғыз осында... Қайткенде әрі жеке адамның, әрі әлеуметтің пайдасы бірге табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады? Әр адам табиғатына біткен қабілетіне, ыңғайына, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда ғана қоғам дамиды» [1, 251-252 бб.].

Жүсіпбек Аймауытұлы психология саласында тәжірибе жасап, табиғи эксперимент жасаудан біраз хабары бар алғашқы қазақ болды. Мәселен ол, 1909 жылы медресе шәкірттерінің арасында анкета таратып, зерттеу жүргізгенде шәкірттердің біраз бөлігі өздері таңдаған кәсіпке немқұрайлы қарайтынын байқатқан. «Жан жүйесі және өнер таңдау» дейтін кітапты жазу идеясы авторда сол кезде осындай тәжірибе жүргізудің нәтижесінде пайда болған.

«Жан жүйесі және өнер таңдау» атты кітаптың тәжірибелік жағынан маңыздылығы – мұнда «Европалық психолог ғалымдардың осы тақырып төңірегінде жүргізген зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, солармен салыстыра, сабақтастыра баяндалатындығында. Мәселен, автор өз тұжырымдарын сол кездегі әлемге әйгілі неміс, американдық, ресейлік психологтардың еңбектеріне (Джемс, Мюнстенберг, Штерн, А.Ф. Лазурский т.б.) сүйеніп сілтеме жасап, зерттеулеріне өзіндік пікір білдіріп, осы мәселенің ұнғыл-шұңғылына ой жүгіртіп, кешегі көшпелілердің өзіндік психологиясын көрсетуге тырысқан» [2].

Ж.Аймауытұлы бұл мәселе жөніндегі ойларын қазақ өміріне байланысты былайша түйіндейді: «Біздің қазақта не көп – сөз көп, іс аз». Жастардың мамандықты дұрыс таңдауы мемлекеттің дамуына, өркендеуіне байласты екендігін ғалым 20-шы жылдары білген. Ерекше көңіл жастардың кемшіліктеріне аударылған: таяз білім, тұрақсыздық, іштарлық, електігіштік, мансапқорлық, т.с.с. жеке бастың қасиеттері. «Сондықтан, – дейді автор біз келешек істің адамы болу жағын ойластырумыз керек, әр адам әлеуметке пайдалы болу үшін өз орнында істеп жүрме, жоқ па? Қазақ пен қырғыз оқығандары мәселеге ерекше мән беруі керек. Біздің бұл жөнінде ұлтымызға тән біраз кемшіліктеріміз де бар. Осы кемшіліктерді көре біліп, өзіміздің келешек қоғамда алатын орнымызды белгілеуіміз аса мәнді нәрсе. Біздің оқыған азаматтарымыз көбіне қызметке тұрлаусыз, тез қызып, тез суынғыш, білімді шалалау алатындығы және алған білімін біреулерге іштарлық, қызғаныш, көре алмау секілді қасиеттерге апаратындығы, яғни болмаса еліктегіш, кеңесшілдік, пайдақорлық, өз әлін шамалай алмаушылық, мақсат қуатының белгісіздігі, еркін жолды тұтына алмайтындығы – осының бәрі біздің қазақ елінде мамандық таңдау мәселесіне

кесел болып отырған нәрселер. Біз қазақтың кең даласында ой тудырған жаман қасиеттерге де бой алдырып алдық. Тұрмыс шаруасын түзету, егін салуды үйрену, отырықшылыққа төселу, денсаулығын сақтау, кеңес, сот, әкімшілік қызметтеріне төселу, бала оқыту, сауатсыздықты жою, әдебиетін, мәдениетін ел болуына қанша жабдық керек болса, сонша алуан өнерді білетін жүздеген, мыңдаған қызметкер мамандар қажет дейді. Біздің қазақ пен қырғызға ең аяғы балташы мен пеш салушы, нан салушы, тері илеуші, сабын қайнатушылар да керек. Оған да оқу керек. Ғалым мамандық таңдау мәселесін ұлт психологиясына байланысты ойлармен түйіндей келе, қазақ жастарына төмендегіше кеңес береді: «Жұрттың бәрі әкім, комииссар болғанда, осынша қызметтерді кім істейді. ...Ендеше, әлеумет жұмысы мұндайда орнынан қозғалмайды деп ұғынуымыз керек. ...Әлеумет тұрмысын оңалту үшін, онымен бірге әр адамның да тұрмысы түзелу үшін әр адам қолынан келерлік, пайда берерлік іс істеуі керек. Әр адам қабілетіне, ыңғайына қарай өз орнында қызмет етпесе, әлеуметке пайда орнына зиян келтіреді», – дейді Жүсіпбек Аймауытұлы [2, 155-160 бб.]. Мұнымен автор мамандықты таңдау барысында адамның тума қасиеттерін де ескеру керек екенін баяндайды. Әр ұлттың әр нәрсеге өз қабілеті бар екенін паш етіп отыр. Мінеки осының өзі ұлттардың этнопсихологиялық ерекшеліктерін байқатып тұр.

Үшінші тарауда автор жастардың әлеуметке (қоғамға) деген қатынасын былай деп сипаттайды бастайды: «Әр адам әлеуметкемүше болғандықтан, әлеумет ісіне көмектесуі тиісті». Ол үшін мамандықты дұрыс таңдаған жөн. Мысалы, артист, саудагер, әскери адам, оқытушы, дүкенші т.б. Әрмен қарай ерекше көңіл туа біткен қасиеттерге аударылады: «Өнерге ыңғайлы болу үйренумен, машықтанумен, жүре табылмайды. Адам іштен туа өнерге бейім бола туады. Менің табиғатым нені қалайды? Ішімдегі дауысым нені қалайды? Менің «менмендігімді» сыртқа шығаратын ең басым, күшті ыңғайым, талабым қайсы? Соның айтқанына жүруім керек». Бұл қазіргі психологиялық тілмен айтқанда: «Менің ішкі дүнием нені қалып тұр, соны тыңдағаным жөн» [1, 254 б.].

«Жан жүйесі және өнер таңдау» атты зерттеуінде автор ғылыми психологияда кең тараған анкета, байқау әдістері арқылы совет өкіметінің алғашқы жылдарында қыр жастарының ұлт, әлеумет ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мамандық таңдау жолындағы талпыныстарын анықтағысы келген. Зерттеудің басты мақсаты- жаңа дүниенің есігін айқара ашқан жастарға мамандықты дұрыс таңдай білуге жәрдемдесу. Кітап мысалдарынан сол кездегі жастарды қолөнері, заң, сот тағы басқа осы секілді әкімшілік қызметтер: мұғалімдік, журналистік, сауда, медицина тағы басқа мамандықтар ерекше қызықтырғанын аңғарасыз. Автор «мамандықтың жаманы жоқ, мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл жай күнелтудің жолы ғана емес, үлкен өнерді, шеберлікті қажет етеді» дейді. Сірә, Ж. Аймауытұлы бұл жерде К.Маркстің мамандық жөніндегі белгілі тұжырымын ескерген-ау деп ойлаймыз. «Егер, – деп жазды Маркс, – адам тек өзі үшін еңбек ететін болса, бәлкім ол атақты ғалым, дарынды ақын да бола алар, бірақ ешқашан да ол шын мәнінде толық жетілген зиялы ұлы адам бола алмайды». Енді осы айтылғанға орай Ж.Аймауытов түйіндеріне тыңдап көрейік: «Әлеумет тұрмысындағы зор кемшіліктің бірі әлеуметтің мүшесі – әр адам өз ортасына қызмет етпеу... Кімде кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді берекелі болмақ... Әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке керек. Әлеумет те, мемлекетте әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді: неғұрлым әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрғысы да тез оңалмақ» [3, 5 т. 229-231 бб.].

Автордың осы түйіндеріне арнайы түсінік (комментарий) беріп жатудың қажеті бола да қоймас? Қандай өміршең, қазіргі заман талап – тілегімен қоян-қолтық үндесіп жатқан ойлы да, зерделі тұжырымдар десеңізші.

Қазіргі қайта құру, жаңаша бетбұрыс кезеңінің тыныс-тіршілігіне орай автордың мына төмендегі ой-түйіндерінің аса маңыздылығын айтсаңызшы: «Оқыған азаматтың қызметке тұрлаусыздығы, тез қызып, тез суығыштығы, білімі аз, шалалығы құр даурықпа (демагогтік) боямалылығы, еліктегіші, мансапқорлығы, кеңесшілдігі, пайдакүнемділігі негізгі мақсат-мұраты, жоқтығы, берік жол тұтына алмайтындығы осының бәрі шын әлеумет қызметкерлерінің піспеген, шынықпағандығын көрсетеді».

Қазір де мұндайлар жоқ деп айта аламыз ба? Жүсіпбек аға жанымызда тұрып, осындайлардың сойқан ісіне жаны күйіп бар ашу - ызасымен, ашыған жерін тұзбен күйдіріп, ірмей сойып жатқандай әсерде қаласыз. Аймауытұлы сол кездегі кейбір қазақ жігіттері әкімшілік, комиссарлық қызметке шектен тыс әуес болғандығын, бұлардың осы салаға қызығуы өнері қосқандықтан туып отырмағанын айтып, бұл бір жұқпалы дерт сияқты деп ажуалайды. Автор осы

жерде халқымыздың: «Бәрің қойшы болсаң, құл - боларсың, бәрің бірдей тойшы болсаң - жың боларсың» деген тамаша мақалын өте орынды келтірген.

Жүсіпбек жаңа өмірді бастауға белсене кіріскен қазақ жастарына: «егін салуды үйрен, отырықшы бол, денсаулығыңды күт, шаруа тұрмысыңды түзет, газет, кітап оқуға әдеттен, қысқасы, мәдениетті адам болуға, алуан өнерді білетін кісі болуға тырыс», – дейді.

Автор бұл жерде К.Маркстің «Адамға лайықтының бәрі де маған жат емес» деген ұлағатты сөзін жастарымызға қайталап айтып тұрғдай?! Ол мамандық таңдау жайлы өз пікірлерін жалғастыра келіп: «Жұрттың бәрі кім, комиссар болғанда осынша қызметтерді істеуші кім болмақ?», – дейді. Осы сұрақтың жауабын да өзі былайша түйіндейді: «Әлеумет тұрмысы ондалу үшін, онымен бірге әр адамның тұрмысы түзелу үшін әр адам қолынан келерлік, пайда берерлік іс істеуі керек. Әр адам қабілетіне, ыңғайына қарай өз орнында қызмет етпесе, әлеуметке пайда орнына зиян келтіреді. Екінші, әр адам өз жолымен жүрмей бөтен жолға түсе, оның бар таланты (озаттығы) жарыққа шыға алмай жерде көміледі. Ондай адам өмірге разы да болмайды» [1, 253 б.].

Мамандық таңдауда адамның жеке қасиеттері мен кейбір туыстан берілетін ерекшеліктерді (темперамент, нышан т.б) ескеру қажеттігін, бұл жерде кісі өзін-өзі басқарып, жеке басын жетілдіруге, кісілікке ұмтылуға ерекше мән берудің маңыздылығын жалықпай қайталап айтып отыр. Өзінде қандай талант, қандай зеректік, қандай қабілет, бір сөзбен айтқанда, қандай қасиет барлығын білуің қажет. Дәлірек айтқанда, әр адам өзін-өзі тануы қажет. Өзін-өзі танымаған өзгені тануға шорқақ болады дейді автор. Жүсіпбектің осында алпыс ғасырға жуық бұрын түйген ғылыми тұжырымдары әлі де қоғамнан өз орнын дұрыстап таба алмай жүрген кейбір жастарымызға, ғылым-білімнен, таңдаған мамандығынан жеріп, тыныс-тіршілікке салғырт қарайтындарға (тек біздің республикада ғана кезінде мұғалімдік диплом алып, кейін басқа кәсіпке ауысқандардың саны отыз мыңнан асып жығылады екен [4, 36-42 бб.].

Бұл еңбекте этнопсихологиялық мәселелер біршама қозғалған. Ерекше сөз болған – XX-шы ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ жастары, олардың келешегі. Жүсіпбек Аймауытұлы әр адам белгілі бір кәсіптің түрін таңдап алатынын, мұнда ол өзінің туылғанынан берілетін ерекшеліктерін, іс-әрекеттің қандай түріне бейім екенін аңғара алуы керек дейді. Сонда ғана ол өзіне қажетті мамандықты дұрыс таңдай алады. Мұндағы негізгі мәселе – мамандықтың әлеуметке, қоғамға қалайша пайда келтіретіні. Бұл жерде, біз назар аударатынымыз – мамандық таңдауда адамның тегіне, геніне байланысты жайтқа да ерекше мән берілетіні. Мәселен, XVIII ғасырдағы ғалым Джон Локктың айтуынша, адам дүниеге тазатақта («чистая доска») сияқты келеді де, жақсы-жаман қасиеттің бәрін тіршілік барысында жинайды. Осы қағида кеңес психологиясында да көпке дейін орын алып, адамның генетикалық жағы жеткілікті дәрежеде есепке алынбай келген болатын.

Адам бойындағы ерекше қабілет, кәсіптің белгілі бір саласына бейімділік іштен туа бітпе, текке (генге) байланысты қасиет пе, әлде бұл тәрбиенің жемісі ме? Міне, бұл сұрақ психологтардың және әр саладағы ғалымдардың арасында тартыс туғызып келеді. Ал Ж. Аймауытұлы болса, бұқара іс-әрекеттері дәріптеліп, дара талант ұғымы көмескіленген сол кез үшін батыл да қатерлі көзқарасқа ден қояды. Автор жеке адамға табиғат сыйлаған қасиеттер мен қабілет бастаулары бар индивид ретінде қарап, іштен туа біткен қабілетке көп мән береді. Бұған автор өзінің тікелей көзқарасын білдіріп, адамға табиғат сыйлаған қасиеттермен санаспаса болмайды деп, іштен туа біткен қабілетке үлкен мән береді. Бұл жөнінде ол былай дейді «Жазушылық, ақындық сүйекке бітетін өнер, – деп жазады автор, қанша машықтанса да, кім болса сол, жазушы бола алмайды, кемелдікке жете алмайды [5].

Талданып отырған еңбектегі назар аударатын құнды пікірлерінің бірі: басшының адамдармен жұмыс істей білуге қажетті қасиеттерін саралаған тұстарында жатыр (оныншы тарау). Автор әскери командирдің кәсіби қызметіне терең де еңжей-теңжейлі тоқтала отырып, оның жеке басына қажетті қасиеттерді санамалап айту арқылы жалпы ұжымның немесе топтың басшысы болуға тиісті адамдардың мінез-құлқына қойылатын психологиялық талаптар мәселелерін қосқан. Егер басшы мен ұжым арасындағы психологиялық қарым-қатынас проблемасын біздің психологтарымыз соңғы жылдары ғана қолға алып, зерделеп зерттей бастағанын ескерсек, Жүсіпбек Аймауытұлының ғылыми ойының ұшқырлығына таңқалмауға мүмкін емес [1, 269-271 бб.].

Мысалға, кітаптың он сегізінші тарауында неміс психологы, Сондай-ақ кітапта американдық психологы, Жүсіпбек әр адамның өз табиғатына тән жұмысты жанын сала жақсы орындайтынын айтады.

Жүсіпбек Аймауытұлы психология және этнопсихология ғылымының жеке адам үшін де, тұтас қоғам үшін де тигізетін пайдасын ол терең түсінген және қазақ жастарына тәлім берерлік, әлемдік ғылыми тәжірибелік деректерді мол қамтуға тырысқан.

Американдық психологы, әлеуметтік психологияның негізін салушылардың бірі Джеймс Марк Болдуин (1861-1934) жүргізген тәжірибе жұмыстарынан нақтылы мысалдар келтіріледі. Ғалым бақылауға алған балалардың бірі – қозғалғыш, ұшқалақ, екіншісі – ұстамды, салмақты. Бұл арада Жүсіпбек Аймауытұлы оқушылардың жеке қасиеттеріне, темпераментіне, олардың тума қабілеттеріне ерекше мән беріп, әр адам өз табиғатына тән кәсіп таңдауы тиіс деген тұжырым жасайды. Олардың әртүрлі жағдайдағы іс-әрекеттерін бақылау, талдау арқылы дәлелдеген американдық ғылымының ойларын мысалға ала отырып, Жүсіпбек әр адамның өз табиғатына тән жұмысты жанын сала жақсы орындайтынын айтады [6, 7].

Ғылыми еңбектің он алтыншы тарауында автор Бастон қаласында американдық ғылыми профессор Ф. Парсонстың жетекшілігімен кәсіби бағдар беру ұйымы құрылғанын (1908) баяндайды. Бұл ұйымның кеңесіне мектеп басшылары, мұғалімдер, зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне мүдделі әртүрлі қоғамдардың өкілдері енген. Балалардың және олардың ата-аналарының қатысуымен жүргізілген тәжірибе жұмыстарын (бір үлгідегі сұраққа жауап алу немесе тест, анкета тарату, әңгімелесу) оларды жақсы білетін, жақын араласатын мұғалімдердің көмегімен жүзеге асырылады. Алынған мағлұматтарды салыстырып, математикалық талдаудан өткізген соң, зерттеушілер әр баланың жеке қасиеттері қай кәсіпке сай екенін көрсетіп береді. Бұл жағдай ол баланың өзінің де, оның ата-анасының да міндетін жеңілдетіп, болашақта өз қабілетіне лайық қандай мамандықты таңдап алуға болатынын анықтауға көмектесті [1, 288-290 бб.]. Сондай-ақ, профессор Лазурскийдің ортақолды адамдар үшін келесі мінездемелерді айырып сұреттейді: ғалым, суретші, шаруашыл, әлеуметшіл, діншіл, болжаушы, көпшіл.

Кітапқа материал жинау барысында психология ғылымының жеке адам үшін де, тұтас қоғам үшін де тигізетін пайдасын терең түсінген автор қазақ жастарына тәлім берерлік ғылыми-тәжірибелік мағлұматтарды мол қамтуға ұмтылады. Мысалға, еңбектің он сегізінші тарауында неміс психологы, психотехниканың негізін салушы Гуго Мюнстербергтің (1863-1916) тәжірибелерінің нәтижелерін пайдаланады, телефоншы қыздар мен трамвай жүргізушілердің қабілеттерін анықтау үшін арнаулы аспаптарды және өзі ойлап тапқан күрделі құралдарды іске қосады, көптеген мысалдар келтіреді.

Қорыта келе, Ж. Аймауытұлы ізденіс-тәжірибелік жұмыс туралы нақыл сөзді пайдалана келе былай дейді: «Өмірде табылмайтын нәрсе жоқ. Іздесең табасың, тақылдатсаң (есікті) ашасың. Ендеше іздену қамына кірісу керек» [1, 291-294 бб.].

Демек, жиырмамыншы жылдардың өзінде-ақ Ж. Аймауытұлы белгілі бір мамандыққа психофизиологиялық қасиеттері бойынша сай келетін үміткерлерді іріктеп баулаудың қажеттілігін түсініп, күн тәртібіне қойған.

Көп ұзамай, Англия, Германия, Шотландия психологтары қуаттап әкеткен мұндай тәжірибелік әдіс іле-шала балалар мен жасөспірімдерді әртүрлі оқу орындарына іріктеп алу, әскери құрамаларды жасақтау, өнеркәсіп салаларын кадрлармен қамтамасыз ету істерінде таптырмас оңтайлы әрі тиімді құралға айналды.

Өкінішке орай, бір үлгідегі сұраққа жауап алу (тест) біздің елімізде БКП (б) Орталық Комитетінің 1936 жылғы 4 шілдедегі «Наркомпростар жүйесіндегі педологиялық бұрмалаулар туралы» деп аталатын қаулысы шыққанға дейін кең қолданылған. Амал не, бұл қаулы шыққан күннен бастап, ғылыми негізделген, АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде жиі қолданылып жүрген үлгілердің өзін психологиялық, социологиялық зерттеулерде пайдалануға кедергі қойылды. Тек кейінен нәтижелігі мен сенімділігі сан мәрте тексерілген тест (сауалнама) әдісі қайтадан қолданыла бастады. Осы жағдайдың өзі-ақ Ж. Аймауытұлының «Жан жүйесі және өнер таңдау» деп аталатын еңбегінде көрнекті шетел психологтары Джеймстің, Мюнстербергтің, Штерннің т.б. жасаған тәжірибелеріне сілтеме жасай отырып айтқан ойларының күні бүгінге дейін маңызын жоймағандығын байқатады.

Қорыта келгенде, Ж. Аймауытұлы кітаптарының ерекше назар аударатын ерекшелігі – бұлар төл тілімізде туындаған тұңғыш психология пәні оқулығы болумен қатар, бүкіл советтік түркітестес халықтар тілдерінде алғаш жарық көрген бірден-бір туынды екендігінде. Өйткені қырқыншы жалдарға дейін әзербайжан, өзбек, түрікпен, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт тілдерінде психология жөнінде ұлттық еңбектердің жарық көрмегенін ескерсек, осы басылымның бағасы онан сайын арта түсетіні сөзсіз. Әрине, осындай өресі биік, ғылыми түйіндері мол төл туындылардың сол кездегі отандық психология ғылымының талап-тілек деңгейінде жазылғаны

белгілі. Елімізде отызыншы жылдарға дейін психология Маркстік сара жолға түсе қоймағанын шет аймақтағы Қазақстан түгіл орталықтағы ғылым ордаларында да (Мәскеу, Петроград т.б) белгілі ғалым психологтар (К.Н. Корнилов, В.М. Бехтерев т.б) буржуазиялық идеалистік түсініктерден арыла алмағанын ескерсек, Ж.Аймауытұлы кітаптарының Маркстік-лениндік методология тұрғысынан там-тұмдап ақсап жатқанын айту оған үлкен қиянат, ғылыми ағаттық болар еді [8].

Қазақ жерінде этнопсихологиялық мәселе қолға алынбай тұрған ерте кездің өзінде де Жүсіпбек Аймауытұлы бұл туралы өз көзқарасын, ой тұжырымын айтып, сөз қозғаған. Профессор Қ.Б. Жарықпаевтің пікірінше, автор бұл мәселені сол кездің талабына сай, санамалап ерекше бөліп көрсеткен психологияның өзін терең түсініп алсын дегені ме, әйтеуір этнопсихологиялық мәселе деп бөліп-жарып айтпаған. Ғалымның келесі «Ж.Аймауытұлының психологиялық көзқарастарының толық қарастырылмағаны белгілі. Өйткені, бұл мұра бірзерттеудің шеңберіне сыймайды. Сондықтан да біз бұлардың ішінен кәзіргі кезде ерекше маңызды болып отырған мәселелерді, әсіресе тәлім-тәрбиелік (педагогикалық), психологияға қатысты жайттарды, нақтылап, талдау жасаумен ғана шектелдік» [2, 188 б.].

Айтылған тұжырыммен толық келісе келе, біздің зерттеуіміздің тақырыбына байланысты қосарымыз: Жүсіпбек Аймауытұлының психологиямен мен этнопсихологияға байланысты шығармалары – бүгінгі күні көкейкесті, ерекше өзекті, терең зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі.

«Бәріне – уақыт таразы» демей ме халық, міне, аз ғұмырында ғажайып біліктілікпен талданған Ж.Аймауытұлының мол мұрасы оқырмандар арасында кең жайылып, бүгінгі ұрпаққа психология ғылымдарының дамуына, этнопсихологиялық және этнопедагогикалық білімдердің тереңдеуіне өз үлесін қосуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. – Алматы, 1995. (аударған Ақажанова А.Т.) – 312.
2. Жарықбаев Қ.Б. Құғындалған қазақ психологиясы: Х. Досмұхамедұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы/Құбығұл Жарықбаев. – Алматы: Арыс, 2017. – 336 б.
3. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 1998. – 448 б.
4. Жарықбаев Қ. «Ж. Аймауытұлының психологиялық көзқарастары». – Алматы: Білім, 2000. – 76 б.
5. Ақажанова А.Т. Становление и развитие возрастной и педагогической психологии в Казахстане. Автореферат канд. дис. – М., 1989. – 19 с.
6. Мірәлиева А. Аймауытұлы бала психикасының кейбір ерекшеліктері туралы // Этнопедагогика және этнопсихология. – 3-ші жинақ. – Алматы, 1997.
7. Ақажанова А.Т. Ж. Аймауытов еңбектерінің педагогикалық-психологиялық кейбір мәселелері/ «Қазақстан мектебі». Оқу-методикалық педагогикалық журнал, 1993 ж. № 11-12. 44 – 46 бб.
8. Мұхаметжан Қаратаев, Манаш Қозыбаев. Қыбырғалы қаламгер // «Социалистік Қазақстан». Неге арналсаң соны істе. – № 6, 7 январь 1989 ж. – 3 б.

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ВО ВЗАИМООТНОШЕНИЯХ МЕЖДУ УПРАВЛЯЮЩИМ И ПОДЧИНЕННЫМИ

А.А. Давлетова, Ю. Цай

Академия Кайнар, г. Алматы, Республика Казахстан

Тема эмоционального интеллекта с конца XX века и до сих пор является актуальной. Особенно актуальна эта тема в рамках своих практических вопросах – как эмоциональный интеллект помогает избежать конфликтов в организации и как он влияет на эффективность роли руководителя во взаимоотношениях с подчиненными. Сегодня проводится множество исследовательских проектов в рамках коммерческих, производственных и торговых организациях для диагностики и развития социально-психологической среды не только в целом организации, но и отдельных ее компонентов. Все это делается с одной целью – повышение эффективности коммуникаций в организации и экономический рост благополучия компании как следствие.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, руководители – подчиненные, понимание и управление эмоциями, управление.

Сегодня в психологической науке Казахстана, и не только, все больший интерес представляют исследования, фокусом которых является эмоциональный интеллект. Именно эмоциональный интеллект представляет собой точку соединения или соприкосновения когнитивных и эмоциональных процессов личности [1].

В современной психологии наблюдается дифференциация общего интеллекта на множество отдельных видовых форм: практический интеллект (Р. Стернберг), социальный интеллект (Э. Торндайк), эмоциональный интеллект (Дж. Мэйер, П. Сэловей), натуралистический, духовный, экзистенциальный интеллект (Х. Гарднер), синтезированный интеллект (Ф. Дитман-Коли, П. Болте), адаптивный интеллект (С. Берт, Д. Уотсон), эффективный интеллект (Р. Пеллегрини, М. Политис), профессиональный интеллект (М. Смульсон) [1, 3].

Выделение указанных терминов способствовало расширению сферы изучения не только интеллектуального потенциала личности, но, вместе с тем, их теоретико-методологическая ограниченность осложняет возможность проведения прикладных исследований [1].

В литературе определяют, что основой эмоционального интеллекта выступает, ранее выделенный, социальный интеллект, который впервые предложили рассматривать Э. Торндайк, Дж. Гилфорд, Г. Айзенк, а также теоретические взгляды Х. Гарднер, который выделял внутриличностный и межличностный интеллект [1].

В психологической литературе, посвященной вопросам эмоционального интеллекта, выделяются несколько ведущих теорий [1, 2]: теория эмоционально-интеллектуальных способностей Дж. Майера, П. Сэловея, Д. Карузо; теория эмоциональной компетентности Д. Гоулмена; не когнитивная теория эмоционального интеллекта Р. Бар-Она; двухкомпонентная теория эмоционального интеллекта Д. Люсина.

Жалпы ұрпақ тәрбиесі мен білім саласын реформалау мың толғанып, жүз ойланатын мәселе. Бұл тұжырымдамадағы – 2015 жылға дейін – деп шамалаған уақыт мөлшері дұрыс сияқты. Себебі, тұрақтала бастаған экономикамыз да, енді-енді бауырын көтеріп келе жатқан ауыл тұрмысы да, уақытты осылай таразылағанды құптайды. Тек, ең әуелі неден бастауды дәл анықтаған жөн. Біздер, алдымен реформаның алғы шарттарын жасап, ұлттық мектептеріміздегі, әсіресе ауыл мектебіндегі бұрыннан қалыптасып қалған кемшіліктерді түзеуді ең басты мәселеге жатқызамыз. Сонда, ол қандай мәселе? Осы сауалға қысқа түрде тоқталып көрелік.

1) Империя тұсынан өгейлік көріп келген, қазақ мектептерінің материалдық базасы аса ауыр екені ешкімге де құпия емес. Сондықтан, жүргізіліп жатқан ауыл жылдарында, бұл ақаудың орнын тотырып, заман талабына сай етіп мектептердің санын да, сапасын да жетілдіруіміз керек;

2) қаладағы аралас мектептерді – қазақ тілінің қиянатшысы ретінде – тез арада ажыратпасақ, мемлекеттік тілдің жан төгісіз ауыр күйі жалғаса бермек. Ұрпағымызды қолдан мәңгірттендіру саясатын үзілді-кесілді тоқтату қажет;

3) әлі толық жазылып бітпеген қазақ тіліндегі оқу құралдарын халқ педагогикасымен негіздеп, жеткілікті түрде шығаруды тездету мен қоса, мазмұн сапасына ерекше талап қою міндеті тұр. Оқулық дайындауда, тағы да жалпақшешейлікке басып, Ресеймен бірігіп шығарамыз дейтін жолбикелерді, оқу-құрал саласынан мүлдем аластаған жөн;

4) қазақ мектептерінде «Халық педагогикасының негіздері» атты оқулықты келер жылдан бастап 7,8,9 кластарға пән ретінде енгізу қажет.

5) ауыл мектептерінде сабақ беретін мұғалімдердің білім сапасын көтеру мен жоғары білімді педагогтармен қамтамасыз етіп уақыт талабына сай жетілдіруді мемлекет өз міндетіне алғаны жөн;

б) облыстарда педагогикалық университеттерді қайтадан ашып, білім министрлігі кезінде өздері жауып тастаған бес түрлі мәселені қайыра қалпына келтіру қажет. Олар мыналар:

а) Мектеп күні – бұл қазір мүлдем жоқ.

ә) Тәрбие жұмысының әдістемесі – бұлда жоқ.

б) Педпрактика – бұрынғы 6-7 аптаның орнына, қазіргі 3 апта;

в) Педагогикадан мемлекеттік сынақ – қазір жоқ.

г) Мұғалімдік этика мен шеберліктің арнаулы курстары – жоқ.

Мінеки, осындай тәрбиенің талқаны шыққан жағдайда нағыз ұстаз дайындау мүмкін бе? Әрине – мүмкін емес! Ендеше, осы сорақылықтарды қалпына келтірмей, білім жүйесін реформалауға ауыз бармайды;

7) соншама бай ұлттық тарихымызды жүйелеп оқытпасақ, ұрпағымыздың рухани кемтарлығы жалғаса бермек. Құстың қос қанаты тәрізді Ұлттық тарих пен Халықтық педагогика ұлттық санамызды ашып, ұрпағымыздың азаматтық тұлғасын жетілдірмек.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ПЛАТФОРМАЛАРЫ

Ж. Асубай

2-курс магистранты

М.А. Еркінбекова

психология ғылымдарының кандидаты, доцент

Мінез-құлық - әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әрқилы жағдайда байқалып, адамның сол жағдайларға қатынасын білдіреді. Мінез ерекшеліктері – адамның даралық өзіндік психикалық қасиеттері. Ал, мінез-құлық тәуелділігі дегеніміз не? Оның механизмдері мен платформалары қандай? Міне, осы мәселелер туралы мақалада толық қарастырылады.

Түйін сөздер: *мінез-құлық, тәуелділік, тәуелділік механизмдері, тәуелділік платформалары, әлеуметтік тәуелділік, медициналық тәуелділік, психологиялық тәуелділік.*

Тұлғаның аддиктивті мінез-құлқының ауқымдылығы барлық психологиялық теорияларда аддиктивті мінез-құлықтың қалыптасуының себептерін түсіндірумен нақтыланады. Бірақта аддиктивті мінез-құлқының қалыптасу үрдісінің теоретикалық түсіндірілуі теорияда көрсетілгендей, тәжірибеде тәуелділікті жоюдың тәсілдері нәтижесіз болды.

Кез-келген адам тәуелділік нысанысыз өзін жақсы сезіне алмайды, себебі оны әрқашан қажет етіп тұрады.

Тәуелділік мінез-құлық мәселесі Қазақстанның өткір әрі күрделі әлеуметтік мәселелерінің біріне айналды. Тәуелділік мінез-құлық деген не? Тәуелділік мінез-құлық - өзінің психикалық жағдайын психобелсенді заттарды қолдана отырып өзгерту жолы арқылы шынайылықтан кетуге ұмтылу [1].

Қазіргі уақытта тәуелділік мінез-құлықтың қалыптасу механизмдері сұрағына қызығушылық тудырған дәрігерлердің, ғалымдардың және т.б. адамдардың көзқарастары бойынша 3 платформа бар: әлеуметтік, медициналық, психологиялық.

Әлеуметтік платформа тәуелділіктің қалыптасуына себеп болған дисгармониялық қоғамдық қарым-қатынастар: мемлекет және азамат, қоғам мүшелері, ата-аналарымен балалар екендігін дәлелдеумен негізделеді.

Медициналық платформа тәуелділіктің қалыптасуына нақты адамның бас миының іс-әрекеті жауапты деген дәлелге негізделеді, демек міндетті түрде осы мәселені шешу үшін медициналық күші бар әр түрлі әдістерді қолдану керек.

Психологиялық платформа тәуелділік мінез-құлқының пайда болу себепін адамның тұлғалық ерекшеліктерінен көреді. Ішкі факторлардың тәуелділік мінез-құлқының қалыптасуында

маңызды рөл атқаратынын мойындаған жөн, бірақ олар тәуелділіктің құрылуына себеп емес жағдай болып табылады [2, 3].

Көптеген зерттеулер негізінде біз тәуелді тұлғаның кейбір психологиялық ерекшеліктерін белгіледік.

Өзінің болашағын болжауға және адекватты жоспарлауға мүмкіндігінің жоқтығы. Тәуелді тұлғалар болашақ іс-әрекет үшін өзінің өткен шақтағы іс-әрекетін есепке алмайды. «Не қажет?» деген сұраққа үнемі «білмеймін» деген жауап аласың. Олардың жетістікке жету мақсаттары мен жолдары біртүрлі. Мақсатқа жету іс-әрекеттері айнымалы сипатта болуы мүмкін: олар басқаша сөйлеп, мүлдем басқа іс-әрекетті жасауы мүмкін.

Эгоцентризм. Эгоцентризм химиялық тәуелділігі бар адамдарды түгелдей жаулап алады. Тәуелді адам өзінің қызығушылықтары, сезімдері, тілектеріне негізделген. Оған басқа адамдардың қызығушылықтары, армандары, сезімдері бәрібір. Ол барлығы жанында таң қалып, үнемі айналып жүретін «жаңа жылдық» шырша сияқты.

Арманшылдық. Тәуелді адамдардың қиялдау мүмкіндіктері жоғары дамыған. Міне сондықтан химиялық тәуелді адам өтірікші бола тұра, шыншыл, адал адам рөліне жылдам әрі еңбексіз ене алады. Ол өз өтірігіне сенеді және оған ненің шындық, ненің өтірік екендігін ажырату қиынға түседі.

Шыдамсыздық және максимализм. Шыдамсыздық – төзімділіктің жоқтығы. Тәуелді адам жан-жақты күшін сала отырып, өзінің проблемаларын тез арада шешкісі келеді. Максимализм түсінігінде кез-келген пікірлерде, эмоцияларда, талаптарда шектен тыс шығу мағынасы жатыр. Тәуелді адам өмірді екі түсті деп қабылдайды – ақ және қара. Олар келісімдерге ынтасыз, бейімсіз.

Іс-әрекетін ойлауының икемсіздігі және баяу қозғалуы. Регидность түсінігі барлық психикалық іс-әрекеттерінің, мінез-құлық стилінің, іс-әрекетін ойлауының икемсіздігі және баяу қозғалуы. Химиялық тәуелділігі бар тұлғаларға кез-келген затқа немесе біреуге қарым-қатынасын өзгерту өте қиын.

Адамға бағытталған (центрированные) ғылыми пәндер оның негізін түсінуге, дамуы мен мінез-құлқын ашып көрсетуге тырысты.

Жеке тұлғаның мінез-құлықтық ерекшеліктерін зерттеу үрдісінде міндетті түрде атап өтетін жайт, ол қазіргі психология ғылымында ғылыми негізделген мектептер мен теориялардың белгілі саны құралғандығы. Әрбір теория өзінше жеке тұлғаның өмірлік іс-әрекеті үрдісінде мінез-құлқының себебін түсіндіреді, әр мектеп тұлғаның мотивациясы негізінде өзінің құрамын көре алады [4].

Психика – адамды сыртқы әлеммен өзара әрекеттестіретін, адамның ішкі субъективтік әлемі. Ол біріншіден психикалық құбылыстар (ойлау, сезім, бейне, адамның қажеттіліктері), екіншіден психика белгілері -психологиялық фактілер (мінез-құлық, психосоматикалық жағдайлар, іс-әрекет нәтижесі, материалдық жағдай және рухани мәдениеттілік) негізінде айқындалады [5].

Батыс психологтары, дамуды, адамның психикасының, дене бітімінің, мінез-құлқының құрылу уақытындағы ағзадағы биологиялық процестердің нәтижесінде және қоршаған ортаның әсерінен пайда болған өзгеріс деп қарастырады. Ал отандық психологтар, дамуды мінез-құлықтағы, психикадағы, ой-өрістегі және эмоциядағы сапалы өзгерістерді сипаттайтын үрдіс ретінде қарастырып, психикалық дамуды белгілі бір уақыт аралығындағы сандық, сапалық және құрылымдық түрленуімен айқындалатын психикалық процестердің заңды өзгерісі деп түсіндіреді [6]. Психиканың даму процестерін терең түсіну үшін, оның негізгі маңызды тұстарынан ашып қарастыру керек. Соның ішінде мінез-құлық психологиясын жан-жақты ашып көрсетуге бағытталған мінез-құлықтың теориялық негіздерін, түрлерін, жіктелуін талдап, қарастыруды мақсат етіп қойдық.

Адам психологиясына тиесілі мінез-құлықтың дамуының өзіндік заңдылықтары бар екендігін анықтап көрсетін ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазіргі психология ғылымында ғылыми негізделген теориялар мен мектептер қалыптасты деп айтуға болады.

Мінез-құлық—адамның тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Адамның тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Мінез-құлық тірі организмнің барлығына ортақ қасиет [7]. Оның басты белгісі – тіршілік иесінің қимыл-қозғалысының түрлі деңгейдегі көріністері. Адам бойындағы Мінез-құлықтың бастапқы көрінісі – қылық. Мұнда әр адамның өмірлік бет алысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты көрініс береді. Адам өзін-өзі бақылау жасау арқылы мінезіндегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет пен қылықтардан өзін

тыйып ұстауға мүмкіндік алады. Мінез-құлық адамның өзіне, айналасындағы басқа адамдарға қарым-қатынасынан, жүктелген істі қалай орындайтынынан көрінеді. Бұл оның бүкіл тыныс-тіршілігіне әсер етіп, сыртқы ортамен байланыс жасауын қамтамасыз етеді. Өз қажеттілігін қанағаттандыруда түзілген психикалық және физиологиялық үдерістер жиынтығын мінез-құлық деп атаймыз. Адамның мінез-құлығын және жануарлардың мінез-құлығын зерттейтін ғылымды этология дейді. Жалпы мінез-құлық психологиясының негізін қалаушылар деп, Зигмунд Фрейд (1856-1939) пен психологиялық бихевиоризм мектебінің негізін салушы Джон Уотсон (1873-1958) тәрізді белгілі психологтарды атай аламыз. З.Фрейд тек ауру адамдардың ғана емес, дені сау адамдардың көңіл-күйі мен мінез-құлықты түсіндіретін теорияны негіздеді. Бихевиоризм «behaviour» - ағылшын сөзінен аударғанда, мінез-құлық мағынасында қолданылады. Д.Уотсонның пайымдауынша, бихевиоризмнің түпкі мақсаты – адам мінез-құлықты түсіндіру. Ол үшін бихевиористер үш жағдай жеткілікті деп есептеген [8]:

- 1) мінез-құлықтың өзін суреттеу;
- 2) ағзаға әсер ететін ішкі, сыртқы дене стимулдары;
- 3) ішкі, сыртқы дене стимулдарына жауап беретін мінез-құлық реакциясын байланыстыратын заңдарды тану;

Қ. Сейталиев: «Бихевиористердің мақсаты – психологияны мінез-құлықты басқаруға қабілетті білім саласына айналдыру еді», - деп дәйектейді «Жалпы психология» атты еңбегінде [9].

Джон Уотсон дәстүрлі психологияның пәнін, жан құбылыстарын жаңа мінез-құлық психологиясымен өзгерту қажеттілігін ұсынған. Ғалым өз алдына бақылау және эксперимент арқылы мінез-құлық заңдылықтарын ашуды басты мақсат етіп қойды. «Адамның мінез-құлықты толығымен сыртқы ортамен басқарылады» - деген ой айтылды [10].

Адамның неден қашқақтайтынын, неге талпынатынын - сыртқы орта белгілейді. Адам мінез-құлығының құрылымы белгілі мөлшерде сыртқы орта құрылымының көшірмесі болып табылады. Мінез-құлықты адам санасынан бөліп қарастыруға болмайды. Мінез-құлық - адам баласы болмысты және өзін саналылықпен қалыптастыруға, өзгертуге, түрлендіруге қабілетті болатын басты ойдың негізінде пайда болатындығын С.Л.Рубинштейн өз уақытында атап көрсеткен. Психиканың дамуының дінгегі, әрекет формалары адамның танымының нақтылығынан көрінеді. Қандай болмасын адамның қоршаған ортада өзіндік орны бар, сонымен бірге ол сол қоршаған ортаға тәуелді. Әрбір психикалық функция және оның белгілері индивидті ортадан ерекшелетін, қоршаған ортамен байланыстыратын іштей бірлескен әрекеттер жиынтығы болып табылады. Егер әрекет нәтижесі адам үшін маңызды болса, ол адамның мінез-құлықты басқарады. Адам іс-әрекетінде және мінез-құлықта мотивтер, мақсаттар, субъективті - тұлғалық қарым - қатынастар, эмоциялық күйлер т.б. жүйе құраушы фактор ретінде көрініс табады [11].

Мінез-құлық бұл адамды қоршаған ортамен байланыстыратын ағзаның ұйымдасқан іс - әрекеті. Индивидтің дамуының әр сатысында негізінен өзінің психологиялық табиғатына қатысты мінез-құлықтың басты үш түрі бөлініп көрсетілген. Олар: инстинкті мінез-құлық; дағды; саналы мінез-құлық;

Соның ішінде инстинкті мінез-құлық іс-әрекеттерді іске асыру барысы негізгі механизмдер - рефлексстердің (шартсыз) көмегімен жүзеге асырылады. Инстинкті іс-әрекеттер автоматты түрде болады.

Жануарлардың инстинкті мінез-құлық формаларының көрінуі қоршаған ортаға бейімделу, филогенетикалық даму (тұқым қуалаушылық) факторларымен байланысты. Адам жануарлардан тек мінез-құлық реакцияларының күрделілігімен, оларға жауап беретін стимулдардың әртүрлілігімен ерекшеленеді.

Инстинкті мінез-құлық сипаттамасы:

- спецификалық мотивация жолдары;
- орындаудың спецификалық механизмдері;

Сонымен, инстинкті іс-әрекеттер биологиялық қажеттіліктерден, органикалық мотивациядан туындайтын, автоматты түрде реакциялардың көмегімен орындалатын күрделі әрекет.

Ғалымдар мінез-құлықтың осы үш түрінің өзіндік ерекшеленетіндіктерін және оларды бөліп, шекаралауға тырысса, кейінгі кезде олардың бірінің-бірімен тығыз байланысын қарастыру сұрақтары басты назарда.

Осы орайда адам өзін өзгерту арқылы өз өмірін, тағдырын жасайтындығы айқын. Яғни адамның теріс әрекеттеріне толығымен қоғам кінәлі деп айту қате пікір, бұл орайда адамның жеке өз тандауы маңызды роль атқарады деп айтуға толық негіз бар. Егер адамның мінез-құлығында

әлеуметтік ортаның әсерінен жағымсыз қылықтар пайда болатын болса, онда әлеуметтік ортаны өзгерте отырып, адамға әсер етуге болатындығын ескеруіміз қажет. Өмір сүруге қажет жағдайлардан өзге адамда бір нәрсеге деген қызығушылық пайда болады. Қажеттілік және қызығушылықтар дамиды, өзгереді, бейімделеді. Әртүрлі іс-әрекеттерді туындататын түрткілер жаңа мазмұнға ие болады.

Психологияда іс-әрекет бағыты негізгі концепция екендігі белгілі. Бұл бағыт шеңберінде тұлға теориялары ұсынылды, ондағы негізгі идея - сана және іс-әрекет бірлігі болды. Іс-әрекет бағытының барысынданциптері кеңес ғалымдары С.Л.Рубинштейн және А.Н.Леонтьев еңбектерінде қарастырылып, терең зерттелді.

С.Л.Рубинштейн іс-әрекет бағытының келесі идеяларын дамытты [12]:

1. Адамның кез-келген әрекеті мотивтерден туындайтындығы және оның белгілі бір мақсатқа бағытталатындығы;

2. Іс-әрекет пен сананың бірлікті құрайтындығы, іс-әрекетті саналау фактісінің өзі оның жүзеге асуын реттейтіндігі, сол себепті сыртқы тітіркендіргішке (рецепторларға) жауап реакцияларының қарапайым жиынтығының болуы;

3. Әрекеттің саналануы іс-әрекет барысында құрылатын, яғни пайда болатын қатынасқа тәуелді болуы;

4. Адам мінез-құлқы қарапайым реакциялардың жиынтығы еместігі, ол объектіге деген қатынастың өзгешелігімен ерекшеленетін саналы әрекеттер жүйесінен тұратындығы;

5. Әрекет бұл іс-әрекеттің саналы түрде болуы;

6. Іс-әрекеттің субъектінің қоршаған дүниемен өзара әрекеттестігі ретінде түсіндірілуі. Оның адамның қоршаған дүниеге қатынасы арқылы жүзеге асатын және адам психикасын басқалар үшін тануға мүмкіндік жасайтын процесс болып табылатындығы;

Мінез-құлықтың түрлеріне, формаларына қарай топтастыруға қатысты сұрақтар мінез-құлық психологиясында әлі де толықтыруды қажет етеді, себебі бұл мәселеге байланысты мәліметтер аз және көптеген концепцияларда мүлдем қарастырылмаған.

Дегенменен, бұл мәселе тек теориялық жағынан ғана емес, практикалық тұрғыдан өте маңызды. Оны жетілдіру мінез-құлық түрлерінің жалпы және спецификалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде мінез-құлықты қалыптастыру және оны басқару жолдарын анықтап, белгілеу үшін тиімді әдіс - тәсілдерді айқындайды.

Мінез-құлықтың екі негізгі белгісін бөліп көрсетуге болады. Олар мінез-құлықты бөліну түрлеріне қарай, біріншіден топтастыруға, екіншіден, ажырату және салыстырмалы түрде қарастыруға жағдай туғызады:

- мінез-құлық тақырыбы (мәселесі), оның ерекшеліктері;
- психологиялық реттеу (жөнге келтіру) деңгейі, тәсілдері, жолдары.

Д.Н.Узнадзе мінез-құлық сипаттамасының маңыздылығын терең түсіне отырып, оларды топтастыруға қатысты әртүрлі тәсілдердің негізін қалады [13].

Соның ішінде интенционалды критерийлер негізінде құрылған адам мінез-құлқының түрлерін (формаларын) топтастыру көпшілікке таныс. Бұл жағдайда мінез-құлық ерекшеліктеріне түрткі болатын (қозғаушы) күш –қажеттілік. Ол екі топқа бөлініп қарастырылды: функциялық, оны қанағаттандыру белсенділік арқылы жүзеге асады және субстанциялық ол шынайы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың көмегімен қанағаттандырылады.

Сондай-ақ мінез-құлықтың интрогенді және экстерогенді түрлері белгілі. Интрогенді – белсенділікке, ал экстерогенді түрі қарым-қатынасқа бағытталған. Бірінші түріне: эстетикалық рақаттану, көркемдік шығармашылық, ойын, спорт, ермек, көңіл көтеру жатады. Екінші түріне: тұтыну, қолдану, қызмет көрсету, күтім, білімге деген құмарлық, кәсіп, еңбек жатады. Екеуіне де бірдей қатысты ол – білім.

Адамның белсенділік деңгейлері:

1. индивидтік деңгей (импульсивті – тәжірибелік мінез-құлық);
2. субъектік деңгей (танымдық -тәжірибелік мінез-құлық);
3. тұлғалық деңгей (әлеуметтік мінез-құлық);

Мінез-құлық біртұтас жүйе ретінде бір - бірімен байланысты компоненттер жиынтығын құрайды. Адам мінез-құлқының басты реттеушісі сана екендігі белгілі. Шынайы мінез құлықты реттейтін, жүйелейтін, оның алғышарттарын анықтайтын фактор – жедел (белсенді) түрде бағыт сілтеу. Сонымен қатар мінез-құлықты ішкі құрылымына байланысты бөліп қарастыруға болады. Оған себеп болатын ішкі қажеттілік пен түрткі. Мотивация процесінде нақты бағытталған мінез-құлықтың психологиялық негіздері қалыптасады және түзетіледі. Мінез-құлықтың қандай түрі

немесе деңгейі болмасын, түрткі міндетті түрде болады, бірақ ол жеке адамға қатысты даралықпен ерекшеленеді. Ол іштей органикалық түрде мінез-құлықтың нақты бір түрімен байланысты. Осыған байланысты мінез-құлықтың политұтынушылық түрін, яғни бірқалыпты мінез-құлық және бір мезгілде бірнеше мінез-құлықтың іске асырылатын түрін ажыратуға болады. Бұлардың әрқайсысына өзіндік міндеттер, субъективтік құндылықтар (мотив), мақсатты түрде орындалатын тағайындау механизмі тән.

Кейбір рефлексстерді есепке алғанда, адам дүниеге мінез-құлықтың тума таптаурын тауқыметінсіз келеді. Оның оқуы әлі алда. Мінез-құлықтың жаңа формалары адамның тікелей жеке тәжірибесінің, сондай-ақ оның айналасындағылардың мінез-құлқын бақылаудың негізінде туындайды. Мінез-құлықты меңгеру процесінде биологиялық факторлардың маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Гендер мен гормондар өз есебінде мінез-құлыққа ықпал етуге қабілетті, дене дамуына да әсерін тигізеді. Негұрлым адамдардың бихевиориоралды процестер жайлы білімдері тереңдеген сайын, мінез-құлыққа қатысты-не ерекше жаттанды, немесе ерекше тума-дихотомиялық қатынас төмендей түсуде [14].

Әлі күнге дейін мінез-құлықтың тек тұқымқуалаушылықпен және сыртқы ортамен анықталатынын жариялайтын теорияның сенімді жақтары болып отырса да, қазіргі кезде жеке тәжірибе мен физиологиялық факторлардың да мінез-құлықтың қалыптасуына қомақты үлес қосатыны кеңінен мойындалуда. Алайда олар қалайда көзге түспейтін түрде өзара әрекеттеседі-сондықтан да оларды бөлу соншалықты оңай емес.

Жауап ретінде реакциялар толықтай үйрету тәжірибесінің негізінде қалыптасатындай көрінгенімен, физиологиялық факторлардың ықпалы қайткен күнде де байқалады. Осылайша, мінез-құлықтың нақты моделі көбінесе өмірлік тәжірибенің негізінде меңгерілген компоненттерден құралады, алайда онда табиғи мұраның бөлшегі ретінде рудиментті элементтер де кездеседі. Балалардың біраз уақыттан кейін сөздер мен сөйлемдердің көптеген нұсқаларын құрауға үйренетін қарапайым дыбыстардың біршама шектеулі жиынтығын айта алу іскерлігімен дүниеге келетінін мысал ретінде нұсқауға болады. Бастапқы фонетикалық элементтер кешірек меңгерілетін күрделі вербальды конструкциялармен салыстырғанда ешқандай жаңалығы жоқ болып көрінеді-дегенмен де олардың рөлі маңызды. Алайда мінез-құлықтың кейбір тума элементтерден тұруына байланысты оны инстингтілігі деп есептеу анық жаңылысу болар еді. Инстингтілігі деп аталатын мінез-құлықтың көптеген түрлері, тіпті төменгі түрлерін де, үйрету тәжірибесінің қомақты үлесін қамтиды.

Мінез-құлық қайсы бір біркелкі үлгі ретінде пайда болмайды, ол іс-әрекеттің өзінің сан алуан шығу тегі бойынша әр қилы түрлерінің жиынтығы-көптеген құрамда интеграциялар арқылы қалыптасады. Сол себептен мінез-құлықты зерттеудің ең өнімді түрі: иеленілген немесе тума факторлардың әрқайсысының салыстырмалы мәнін анықтау үшін оны сондай категорияларға бөлу емес, сол бихевиоралды процестердің детерминанттарын талдау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шмелев А.Г. Психодиагностика и новые информационные технологии.// Компьютер и познание.М.:Наука,1990
2. Шпаков А.С. Иллюзия рая. Семейный словарь-справочник (наркотики, психоделики, яды, аллергены). – СПб.: «Гатъяна», «Зенит», 1999. С. 199.
3. Яковлев А.Г. Виртуальная реальность новая информационная технология человеко-машинного взаимодействия. М. 1999. 173 с.
4. Янг К.С. Диагноз: интернет – зависимость // Мир Internet, №2, 2000.
5. Тертель А.Л. Психология. Курс лекций. Учебное пособие. -М., «Проспект», 2009.
6. Определение компьютерной зависимости Электронный ресурс. / Электронный словарь Википедия // Режим доступа: <http://www.Wikipedia.ru> -18.11.2008.
7. Сейталиев Қ. «Жалпы психология». –А., «Білім» 2007.
8. Короленко, Ц.П. Аддиктивное поведение. Общая характеристика и закономерности развития Текст. / Ц.П.Короленко // Обозрение психиатрии и медицинской психологии. — 1991. № 1.-8 — 15 с Плюс Д.В. Девиантное поведение молодежных групп в современной России, дисс. ... канд. соц. наук., С. 57, 40
9. Галина Калинина. Возраст принятия решений, Сайт Факультета Психолого-Педагогического Менеджмента ВШК, 26 января 2005, http://centercep.ru/content/view/45/mir_podroстка.htm.
- 10.Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. –М., «Педагогика» 1989.

11. Узнадзе Д.Н. Психологические исследования -М., 1966.
12. Эльконин Д.Б. К проблеме периодизации психологического развития в детском возрасте // вопросы психологии. 1971-№4 – с. 39-51
13. Адамзат ақыл ойының қазынасы. Психология, 6 том.444 б.
14. Веселова Н.В. Особенности психологических конфликтов и копинг-поведения у лиц, обращающихся за психологической консультативной помощью, и больных неврозами: Автореф. дисс. .канд. психол. наук / Н.В .Веселова. СПб. 1994. - 24с.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Б.М. Кауазбекова

Академия Кайнар, г. Алматы, Республика Казахстан

Қазіргі таңда отандық білім беру жүйесін белсенді түрде инновациялық технологиялардың енуімен сипатталады. Сондықтан мектеп қабырғасындағы психологиялық қызметі бұл өзгерістердің енуі барысында шет қалмауы тиіс. Білім беру мекемесінде инновациялық қызмет аймағында психологиялық қызметтің міндеті тек оқушы зерттеу, түзету ғана емес, оқушыны тәрбиелейтін педагогқа психологиялық тұрғыда көмек көрсету болып табылады. Бұл жерде мектеп психологінің атқаратын жұмысына баса назар аударылғаны жөн.

***Түйін сөздер:** инновация, технология, психологиялық қызмет, зерттеу-анықтау, тұлға, критерийлер, динамика, диагностикалық зерттеу объекті.*

Инновациялық білім беру технологияларын дұрыс таңдап алып, тиімді пайдалануы оқытудың сапасын арттыруға септігін тигізетінін көптеген зерттеу нәтижелері дәлелдеп отырғаны анық. Педагогикалық-психологиялық ой-пікірдің даму қарқынына орай адамзатқа қажетті білім деңгейінің бүгінде де артқаны анық. Тұлғалық сапаларының қалыптасуы шығармашылық деңгейінің артуы барысында, ең маңыздысы оқушылардың өздігінен дамуын, қамтамасыз ету қажет.

Инновациялық білім беру технологияларын сұрыптап, таңдап алу және оның мәнін түсінбеу оқу процесін жетілдіруге кедергілер жасайды. Инновациялық білім беру технологияларын дұрыс таңдап алу, ең алдымен қажетті өлшемдері айқындауды талап етеді

Психологиялық қызмет жұмысының тиімділігі – оқушының психикалық және психологиялық тұрғыда толыққанды жеке адам болып қалыптасуына, олардың қабілеттік деңгейлерін, бейімділігін, шығармашылығын, таным үрдістерінің даму деңгейін, жас ерекшеліктеріне байланысты даму кезеңдеріндегі кездесетін қиындықтардың алдын алуға мүмкіндік беріп, қоршаған ортадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға бағыттап, баланың мүмкіндіктеріне жол аша алады және мұғалім қолына жеке тұлғаның мүмкіндігі туралы құнды деректер береді. Яғни, психолог маман ретінде білім мекемесіндегі ендігі енгізілген жаңалықтардың тиімділігі мен өзектілігінің деңгейін сараптап, зерттеу жобасына қатысып, өзгерістерді іске асыру үшін қолайлы, әрі қауіпсіз жағдай жасайды.

Психолог – жеке бастың үлгісі. Өз бойына тән қасиеттердің ішінен, оның өз еркіне ие болып, ұстамды келуі ерекше орын алады. Зерттеу барысында психологтың адамгершілік қасиеті мен біліктілігі арқылы мұғалім мен оқушының жүрегіне жол тауып, сеніміне кіру аса маңызды. Осы тұста психологтың қарым-қатынас жасау әрекетіндегі тағы бір жағдай – шығармашылық тұрғыда өзінің психологиялық күйін меңгере білуі, әр алуан психологиялық кедергілерді жеңуі, өзінің шығармашылық сезімін шабыттандыру, әрқашан шат көңілді, әрі оптимист бола білуі шарт. Бір сөзбен айтқанда, психолог өзінің қызметін бүге-шүгесіне дейін жетік білуімен бірге, жанашыл болуы қажет. Себебі, бұл тәжірибелік зерттеу жан-жақтылықты талап етеді. Өзінің рухани әлемін күнделікті толықтырып отырмаған психолог шәкірттерінің алдында қыпқытағаны жараспас. Психологиялық тұрғыдан ұстаздардың жұмысқа деген көз қарасын, ерік-жігерін, ынтасын, оқушымен қарым-қатынасын бақылап, зерттеу психолог маманына жүктеледі.

Білім беру мекемесінде инновациялық қызметті жүргізудегі психологтың рөлі:
1. Мамандардың инновациялық жұмысты жүргізу мүмкіндігіне психологиялық тұрғыда сараптама жасау. (психологиялық талдау жасау әрекеттерін критерийлерін дайындау, кәсіби құзырлығын бағалау инновациялық қызметке дайындығы, қалыптасу мүмкіндігі)

2. Білім беру үрдісіндегі субъектілердің (педагогтар, балалар) ерекшеліктерін ескере отырып, инновациялық қызметтің мазмұнының орындылығына психологиялық баға беру.

3. Бастапқы кезеңде инновациялық қызметке қатысушылардың қызығушылығын анықтау.

4. Педагог мамандардың кәсібін жетілдіру бағдарламасын жоспарлауға қатысу.

5. Нәтижелерді психологиялық көзқарас тұрғысынан болжау.

Психолог психологиялық қызметті қамтамасыз ету үшін инновациялық бағдарламаларды іске асыруды психологиялық қызметтің сүйемелдеуі барысында:

1. психологиялық білім алу және адекватті әдіс тәсілдерін меңгереді,

2. педагогтің психологиялық қабілеттерін қалыптастырады,

3. кәсіби педагогикалық рефлексиялық көзқарасын қалыптастырады

4. Балаға көмек көрсету (баланың даму динамикасының мониторингі жүргізеді)

5. Жетістіктер мен кемшіліктерінің себептеріне психологиялық талдау жасайды.

6. Талдаудың негізінде инновациялық қызметті түзету бойынша ұсыныстар енгізеді

7. Психологиялық зерттеу (тұлғаның дамуына дұрыс баға беру, эмоциялық күйінің қанағаттануы, ұжымдағы психологиялық ахуалы, педагогтардың өз қызметіне рефлексиялық талдау жасайды)

8. Психолог білім мекемесіндегі зерттеу жобасына қатысып, ағарту іс-шараларын өткізіп, өзгерістерді іске асыру үшін қолайлы, әрі қауіпсіз жағдай жасау мақсатында ұсыныстар айтады.

Дәстүрлі бағыттар аясында мектеп психологының педагогикалық ұжыммен ынтымақтастығын іске асыру жұмыстары:

1. Мектеп психологының өзекті тақырыптарға байланысты педагогикалық кеңестер және әдістемелік бірлестік отырыстарында өзекті тақырыптарды талдау.

2. Педагогтармен психологиялық тренингтер және бейнетренингтер өткізу.

3. Педагогтардың психологиялық мәдениетін дамытуға педагогикалық технологияның әсерін мұғалім мен бірге отырып, талдау және сабақты видеотаспаға түсіру.

4. Оқушылардың даму динамикасын және оқыту тәрбиелеудегі тиімді әдістерді талқылау мақсатында психологиялық педагогикалық консилиумдер өткізу.

5. Мұғалімдерге оқушылармен тұлғалық ерекшеліктеріне және жеке қабілеттеріне байланысты жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін іздеуге бағытталған жеке кеңестер өткізу.

6. Педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігіне психологиялық талдау жасау мақсатында сабақтарға қатысу.

7. Педагогтармен психотерапиялық жұмыстар өткізу

8. Оқушы мен мұғалімнің мектептегі шығармашылық дамуына, яғни психологиялық қарым-қатынастарының дұрыс өрбуіне, қызығушылықтары мен қабілеттерінің дұрыс бағытта қалыптасуына әсер ету.

Мектеп психологының инновациялық технологияны енгізу барысында зерттеу-анықтау жұмыстарына қатысуындағы міндеті:

1. Әлеуметтік-психологиялық тәуекелді басқару (инновациялық кедергілерді жеңу, педагогикалық ұжымның инновациялық мүмкіндігін дамыту, білім беру мекемелерінің басшыларына басқару жайында кеңес беру)

2. Инновациялық жобаның, бағдарламаның, технологиялардың дидактикалық құралдардың, психологиялық қауіпсіздігі мен орындылығының психологиялық сараптамасын талдау.

3. Тәжірибелік зерттеу барысында психологиялық тұрғыдан ұстаздардың жұмысқа деген көз қарасын, ерік-жігерін, ынтасын, оқушымен қарым-қатынасын зерттеу.

4. Мұғалімдердің кәсіби ізденіске ынтасын немесе кәсіби шеберлігінің дамуында кездесетін психологиялық кедергілерін анықтау.

5. Педагогтық психологиялық қабілеттері мен эмоциялық тұрақтылығы яғни, психикалық жүйке жүйесінің тұрақтылығын зерттеу.

6. Мұғалімдермен бірлесе отырып, әрбір оқушының жас ерекшеліктеріне байланысты жүйелі түрде дұрыс дамуына жұмыс жоспарын құруға көмектеседі және сыныптың психологиялық ахуалын анықтап, оқушылардың жаңа сабақ беру үрдісіне көзқарасын, қызығушылығын анықтайды.

7. Оқушының интеллектуалдық өзіндік және эмоционалды ерікті өзгешеліктерімен диагностикалық коррекциялық жұмыстарды жүргізеді.

8. Танымдық процестерін дамыта отырып, оқудағы және тәрбиедегі кездесетін психологиялық қиыншылықтар жөнінде ата-аналарға, мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне кеңес

береді.

9. Оқушылардың жетістіктер мен кемшіліктерінің себептеріне байланысты психологиялық талдау жасап, ұсыныстар енгізеді.

10. Тәжірибеге байланысты ата-аналармен пікір алмасып, оқушылар бойындағы өзгерістерге назар аударту.

Мектептің оқу үрдісі психологиялық қызмет арқылы талдау жасау барысында инновациялық іс-әрекет әрекеттердің күрделі жүйесі болып табылады. Әрекет саналы, мақсатқа бағытталған, үнемі нақты міндетті шешумен байланысты болатын, нәтижелі түрде аяқталған фактіні түсінеміз. Ол инновациялық іс-әрекеттің құрылымдық бірлігі болып табылады. Өйткені, оның мынадай маңызды қасиеттеріне ие: мақсаты, оның танылуы мен нәтижелі аяқталуы.

Аристотель кезінде былай деп жазды: «Әрқашан күрделіні оның құрамдас бөлімдеріне, бүтінді ұсақ бөлшектеріне ажырату керек». Осы идеяны пайдалана отырып, Л.С.Выготский «бірлік бүтінге қатысты қасиеттерді сақтауы тиіс» деп көрсетеді. Сол себептен, іс-әрекет біртұтас бүтін инновациялық іс-әрекеттен ерекшеленіп тұрады: жеке іс-әрекеттен бүкіл бір бүтін іс-әрекет көрініс таба алмайды. Оның сапасы жеке әрекеттердің сапасы мен олардың арасындағы өзара тығыз байланысқа тәуелді болады.

Инновациялық іс-әрекет дегеніміз - жаңалық жасау, меңгеру, пайдалану мен тарату.

Инновациялық іс-әрекеттің мәнін зерттеу үшін А.Н.Леонтьевтің, С.Л.Рубинштейннің адамның, қоғамның және бүкіл адамзат мәдениетінің өзін-өзі дамыту көзі ретінде іс-әрекет туралы анықтамалары ерекше маңызды. Адам іс-әрекетін репродуктивтік және өнімді деп бөлу арнайы мағынаға ие. Бастапқысы белгілі нәтижені белгілі құралдармен алуға бағытталған, әзірленіп қойылған схемаларды - іс-әрекеттерді қайталауға негізделген. Жаңа мақсат пен соған сәйкес құралдарды жасаумен байланысты немесе жаңа құралдар көмегімен белгілі мақсатқа қол жеткізуді қарастырады және шығармашылық оның қажетті компоненті болып табылады.

Жалпы теориялық деңгейде іс-әрекеттің репродуктивтік түрлерінің компоненттерін өзгертетін мета іс-әрекет ретіндегі инновациялық іс-әрекет ұғымы негізгі ұғым болып саналады. Басқаша айтсақ, осы іс-әрекет бастапқы кезеңде қалыптасып, осы кезеңде репродуктивтік іс-әрекет сипатына ие болған басқа іс-әрекет түрлерін де өзіне объект етіп алады. Оның құралдары мен тәсілдері адамдардың нақты бір қауымы үшін ескі болып қалады да, инновациялық іс-әрекет, бірінші кезекте, олардың өзгерісіне бағытталады, мұндай өзгерістерге сәйкес келмейді. Бірақ олар оның ерекше мазмұнын құрайды. Сөйтіп, білім беру жүйесіндегі біздің қарастырып жатқан іс-әрекеттің басты функциясы тәсілдердің, механизмдердің және олардың іс-әрекетінің өзгерісі, жетілуі, дамуы болып табылады.

Кез келген іс-әрекет оны қайта жасау механизмі арқылы тұрақты, қатысымдық біртұтас бүтінге ие болады: пайда болған соң, қайта жасала бастайды. Яғни, бұрыннан бар және өзі жасалған жаңа репродуктивтілеу механизмдері жұмыс істей бастайды. Инновациялық іс-әрекет қажеттіліктің жоғалуына байланысты ертерек тоқтамаса, онда ол ескіре түседі. Мектеп практикасына жасаған талдауымыз көрсеткеніндей, инновациялық іс-әрекетті ұйымдастырудың саналы формасы ретіндегі жаңа енгізілімдердің жеткілікті дәрежеде көп болуы ескіру сатысына ғана емес, сондай-ақ содан да ілгергі меңгеру және пайдалану сатыларына қол жеткізбейді. Мұның өзі мектепте инновациялық іс-әрекеттегі іске асырудағы ішкі қайшылық болып табылады. Сондықтан инновациялық іс-әрекетті іске асыру механизмдерінің өзіне жаңа енгізілімдер қажет болып отыр.

Жалпы алғанда, инновациялық іс-әрекет ішкі өзара бір-бірімен байланысты іс-әрекеттерден жинақталады. Олардың логикалық бірізділігі оның құрылымын келесі компоненттер: мотивациялық, креативтілік, технологиялық, рефлексиялық. Инновациялық іс-әрекет құрылымында келесі әрекеттерді бөліп көрсеттік:

а) ұстаздың өзіндік кәсіби іс-әрекетін өзгерту керектігі мен пайда болу қажеттілігін пайымдауға әкелетін әрекет: үрдіс пен іс-әрекет нәтижелеріне өз бетінше талдау жасау, олардың арасындағы келіспеушілікті және қоғам, мектеп, отбасы, оқушы қажеттіліктерін айқындау, мәселе туындату, тиісті жаңалықты іздеу, дайындау, әзірлеу.

б) жаңалықты түбегейлі түрде жобалаумен байланысты әрекеттер шешілуіне инновациялар бағытталған мәселені туындату, оның негізін құрайтын сапалы жаңа нәтижені бағалау көрсеткішін дайындау, қажет болған жағдайда сараптау бағдарламасын әзірлеу, болуы мүмкін кемшіліктерді болдырмау, алдын ала болжау және оларды болдырмау жолдарын анықтау, жаңалықты меңгеру кезінде пайда болатын кейбір мүмкін болған мәселелерді

бағдарлау.

в) толықтай меңгерумен тікелей байланысты болған әрекеттер, ол:(жеке түрде, жергілікті тұрғыда) инновацияны меңгеру, педагогикалық үрдістің басқа қатысушыларымен бірге инновацияларды сынақтан өткізу, тәжірибелік- эксперименттік жұмыстың өзгерістерін қадағалау (мониторинг жүргізу).

г)тәжірибені қорытындылаумен байланысты әрекеттер жаңа сапалық нәтижені қамтамасыз еткен немесе етпеген себеп факторларына талдау жасау және айқындау.д) инновацияларды тарату мен пайдалануға байланысты әрекеттерді педагогикалық тәжірибеде жеке түрде іске асыру: өз жеке мәселелері мен мүмкіндіктерін түсіну, осы мәселелердің шешілу тәсілдерін негіздеу, өз мүмкіндігіне қарай инновацияларды тандап алу, инновацияларды іске асыруға қажетті жағдайларды анықтау, нақты педагогикалық жағдайға арналған инновацияларды жобалау, мәселелерді, мақсаттарды анықтау, инновация негізін құраған ғылыми идеяны белгілеу, өз тәжірибесіне қатысты түрде оның мазмұнын нақтылау, нәтиженің бағалану көрсеткіштерін анықтау, өз тәжірибесінде іске асыру, инновацияларды пайдалану бойынша өз қызметі нәтижелерін экспериментте алынған нәтижелермен салыстыру, рефлексия, жаңа технологияны біртұтас білім беру үрдісіне енгізу ұсыныстар беру.Келтірілген әрекеттер түрлері олардың барлық мүмкін болған типтерін, пайда болу формаларын жоққа шығармайды.

Қазіргі психологияда айқындалған психиканың басты функциясы - адам қызметінің нақты үрдістерін тікелей басқару функциясы кез келген іс-әрекеттің, оның ішінде инновациялық іс-әрекеттің құрылымын түзе алады. Субъект тарапынан инновациялық іс-әрекетті тікелей басқару механизмін айқындау, қарастырылушы іс-әрекеттің мынадай компоненттерін бөліп көрсетеді: құндылық-мотивациялық (оған құндылықтар, қызығушылықтар, мотивтер, яғни мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке енгізілуін қамтамасыз ететін, осы белсенділікті қолдайтын нәрсенің барлығы енеді), мазмұндық-операциялық (инновациялық іс-әрекеттің тәсілдері мен білімдер жүйесі), инновациялық-рефлексиялық (үрдіс пен іс-әрекет нәтижесін қайта ой екшеуінен өткізу). Соңғысының болуы мен олардың барлығының бір-бірімен өзара байланысы инновациялық іс-әрекеттің өз бетінше басқарылуына қамтамасыз етеді. Іс-әрекет үрдісін білу педагогтың инновацияны іске асыру дайындығын бағалауға немесе қаншалықты қалыптасқандығын бағалауға негіз бола алады.

Философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бұл ұғымдар өзара тығыз байланыста қаралады. Ақпараттар ағыны есебінен болған жаңарту қабілеті осы жүйенің негізгі белгісі болып көрінеді. Ал мұндағы пайда болған қарама-қайшылық жүйенің тұрақсыздығы болып табылады. Белсенділік дегеніміз - оның ортаға деген қатынасы. Ол өзімен өзара әрекет ету бағдарламасын береді, инновациялық -өз бетінше өзгере алу қабілеті, рефлексиялық - қайта ой екшеуінен өткізу қабілеті, автономдылық - өз жеке тәжірибесі негізінде жүйенің дамуы, әлеуметтік-инженерлік - дамушы жүйенің қоршаған ортаны жаңалыққа үйлестіру, бейімдеу қабілеті.

Тәжірибенің көрсетуінше, мұғалімдердің өзін-өзі ұйымдастыруы өздігінен басқарылатын үрдіс болып табылады психологтың суреттелген үрдістерді сәтті іске асыруы оларды жүзеге асыруға деген талпынысына байланысты болады да, соңғысы үшін сырттан басқарылатын әсер ету қажет болады.

Қорыта келгенде, теория мен тәжірибеде оқытушының оқыту іс-әрекетінен оқушының танымдық іс-әрекетіне назар аударылады. Оқушылардың оқу жұмысын белсендіру, олардың оқып үйренуге деген талпынысы, өзін-өзі кәсіби белсенділік қағидасын іске асыру талаптары туындайды. Білім беру жүйесінің барлық буындарындағы белсенді оқыту тәжірибесі көрсеткеніндей, оның формалары, әдістері мен құралдары көмегімен дәстүрлі оқыту жүйесінде қол жеткізілуі қиын болған бірқатар міндеттерді нәтижелі түрде шешуге болады. Мәселен, тек танымдық қана емес, сондай-ақ кәсіби мотивтер мен мүдделерді қалыптастыру, маманды жүйелі ойлауға тәрбиелеу: оған табиғат пен қоғамды ғана емес, сондай-ақ өзін, дүниедегі өз орнын тұтас ретте түсіну енеді, кәсіби іс-әрекет пен оның ірі үзінділері туралы тұтас түсінік беру, ұжымдық ойлау мен тәжірибеге үйрету, өзара әрекет ету мен қарым-қатынас жасаудың, жеке және біріге отырып шешім қабылдаудың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, жұмысқа әлеуметтік құндылықтар мен кәсіби ұжым, қоғам қондырғыларына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, модельдеу әдістерін меңгеру.

Контекстік оқытуды ұйымдастырудың төмендегідей қағидалары болады: мамандардың кәсіби іс-әрекетінің тұтас мазмұны мен шарттарын - оқу іс-әрекеті формасында бірізділік

ретпен модельдеу, теория мен практиканың байланысы, біріккен іс-әрекет, тұлғаның белсенділігі, мәселе екендігі біздің зерттеуімізде инновациялық білім беру технологияларын іске асыру бойынша мұғалімнің тұтас кәсіби іс-әрекетін құруға мүмкіндік беріп, осы технологиялар контексінде іс-әрекеттің тиісті түрін модельдеуге болады.

Ұғымдар негізінде мектепте инновациялық білім беру технологияларын іске асыру мәселесін қарастыруға мақсатты, жүйелі, тұлғалық, бағдарланған, қызметтік, синергетикалық, контекстік қатынастар әдіснамалық қағидалар, сондай-ақ психологтың іс-әрекетінің құрылымын анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Егемен Қазақстан. - 2005, 19 ақпан. - №32-33. - Б.1-3.
2. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтер идеялары мен тәжірибелері. - Алматы: Абай атындағы Қаз.МПУ, 1991. - 32 б.
3. Исаева З.А. Формирование исследовательской культуры выпускника университета как педагогическая проблема // Формирование личности учителя Межвузовский сборник научных трудов. - М.: Прометей, 1994, с.85-
4. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімдерді даярлаудың теориялық негіздері: пед.ғыл.докт. ...авторед. - Алматы, 1996.
5. Кариева Қ.Ө. Оқу үрдісін жобалауда педагогикалық технологияны іске асырудың дидактикалық шарттары. Пед.ғыл.канд....авторед.: 23.05.03. - Астана: ЕАГИ, 2003. - 28 б
2. Давыденко Т.М. Рефлексивное управление школой. М.: Белгород. -1983. - 251 с.
6. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998. - 317 с.
7. Пономарев Я.А. Психология творчества и педагогика. - М.: Педагогика, 1976. - 280 с.
8. Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя. - Л.: ЛГУ. 1967. -182с.
9. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед.ғыл.канд....авторед.: 02.07.04. - Алматы: Абай атындағы ҚҰПУ, 2004. - 30 б.
10. Қабдықайырулы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. - Алматы: РБК, 1999. -149 б.
11. Саипов А., Инновационные технологии учения. Спецкурс. Институт «Тараз». гТараз, 2001, 11 с.

ПРОЦЕСС АДАПТАЦИИ, ЕГО СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ

Ж. Бектасова

магистрант Академии Кайнар, г.Алматы

Проблема адаптации первокурсников в системе среднего профессионального образования является одной из ключевых в современных исследованиях. В настоящее время накоплено большое количество данных, свидетельствующих о деструктивном воздействии особых факторов на деятельность и функциональное состояние первокурсников, вследствие возникающего в этих условиях несоответствия между их возможностями и объективными требованиями новых видов деятельности.

Ключевые слова: адаптация, проблемы адаптации, студенты, первокурсники, профессиональное образование.

Образовательная сфера системы среднего профессионального образования имеет свою специфику. С одной стороны, продолжается стадия обучения, но происходит соединение обучения с трудовой деятельностью; студент получает знания по различным вопросам, касающимся будущей профессиональной сферы, привлекается к профессиональной практической деятельности в периоды производственных практик, формирует ответственность за профессиональную

деятельность. Вхождение молодых людей в систему профессионального обучения, приобретение ими нового социального статуса студента требуют от них выработки новых способов поведения, позволяющих им в наибольшей степени соответствовать своему новому статусу. Такой процесс приспособления может проходить достаточно длительное время, что может вызвать у человека перенапряжение, как на психологическом, так и на физиологическом уровнях, вследствие чего у студента снижается активность, и он не может не только выработать новые способы поведения, но и выполнить привычные для него виды деятельности. Проблема адаптации студентов к учебному процессу в целом разрабатывается в различных ее аспектах: социологическом, психологическом, физиологическом, педагогическом. Несмотря на важность каждого из этих аспектов, основным является педагогический, объединяющий в себе данные, полученные специалистами других направлений.

Термин “адаптация” впервые был введен физиологом Г. Аубертом (XVII) [1] и получил широкое распространение как в естественных, технических, так и общественных науках. Он происходит от позднелатинского “*adaptatio*” - прилаживание, приспособление. В науке данный термин трактуется неоднозначно, в зависимости от акцента на определенную сторону процесса.

Согласно определению из Большой Советской энциклопедии: «Адаптация-совокупность физиологических реакций, лежащих в основе приспособления организма к изменению определенных условий и направленная на сохранение относительного постоянства его гомеостаза (внутренней среды)» [2, 624с.]. Под адаптацией понимают все виды врожденной и приспособительной деятельности человека к общеприродным, производственным, социальным условиям.

Мы разделяем точку зрения Л.С. Выготского, Н.Н. Леонтьева, П.А. Гальперина, и др., что необходим комплексный подход к рассмотрению вопросов адаптации, реализация которого предполагает интеграцию подходов и наук.

В отечественной литературе адаптация чаще всего рассматривается как часть социализации. Понятие социализации также имеет комплексный характер. Она рассматривается в философии, психологии, социологии, других видах научных знаний. В философии эту тему разрабатывали М.С. Каган; В.С. Кон. В социологии и социальной психологии Э. Дюркгейм, М. Вебер, Т. Парсонс, П.Сорокин. В психологии Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Б.Г. Ананьев. В педагогике В.А. Сухомлинский, А.В. Мудрик.

И.С. Кон считает социализацию совокупностью социальных и психологических процессов, посредством которых индивид усваивает сумму знаний, норм, ценностей, позволяющих ему функционировать в качестве полноценного члена общества [3, 24с.]. Сущность процесса заключается в том, что человек постепенно усваивает социальный опыт и использует его для адаптации к социуму. Такое усвоение происходит стихийно и целенаправленно. Целенаправленность определяется условиями семьи, школы, учебных заведений; стихийность - многообразными аспектами жизни, свидетелем которых становится человек. Социализация - и процесс и результат взаимодействия личности и общества, вхождения, «внедрения» индивида в общественные структуры посредством выработки социально необходимых качеств. Социализация- процесс усвоения человеком опыта той общественной жизни и тех отношений, в которые он попал при рождении, в которых растет и становится личностью. Исследователи социальных явлений (И.С. Кон, И.А. Милославова, А.В. Петровский) отмечают, что проблема социальной адаптации приобретает исключительную актуальность в переломные периоды жизнедеятельности человека. Вхождение в студенческую жизнь является одним из таких переломных моментов.

С нашей точки зрения, представляется оправданной позиция П.С. Кузнецова, который под социальной адаптацией понимает целостный, непрерывный, динамичный, относительно устойчивый социальный процесс установления соответствия между совокупным уровнем активности на данный момент (перспективу) конкретной личности и наличным (перспективным) уровнем удовлетворения потребностей, определяющих ее непрерывное развитие [4, с. 22-25].

